

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы

А. Оразбаева
А. Ерполат

ЛАТЫН ӘЛПБИІ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2019

КБЖ 811.512.122
О 65

Автор: Оразбаева Айтбибі Сұлтанқызы, филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, Ерполат Ақмарал Ерғалиқызы, 6М020500-Филология мамандығының магистранты

Пікір жазғандар:

Қайыпбаева Айжамал - филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Досова Алма Төлегенқызы - филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Қадыралинова Марияш Тілеуқабылқызы - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қостанай әлеуметтік білім колледжінің директоры

Оразбаева Айтбибі Сұлтанқызы

Ерполат Ақмарал Ерғалиқызы

О 65 Латын әліпбиі: тарихы және келешегі: Оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2019 - 64 б.

ISBN 978-601-7985-81-3

Оқу-әдістемелік құрал 5В020500 (6М020500)-Филология мамандығында оқитын студенттер мен магистранттарға арналған. Оқу-әдістемелік құралында латын әліпбиі туралы тарихи және ғылыми мәліметтер, тілдік талданымдар мен тұжырымдамалар қамтылған.

КБЖ 811.512.122
О 65

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Оқу-әдістемелік кеңесінің .29..04.2019ж. отырысында қаралды және ұсынылды, хаттама №.3.

© А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті, 2019
© А.Оразбаева, А.Ерполат, 2019

Мазмұны

Кіріспе.....	5
1-Тақырып. Латын әліпбиінің қалыптасуы мен даму тарихы.....	6
2-Тақырып. Латын әліпбиінің шығу тегі және әлем тілдерінің әліпбиіне айналуы.....	8
3-Тақырып. Жаңа әліпбиді қандай да бір тілге ыңғайластырудың негізгі принциптері.....	14
4-Тақырып. Базалық латын әліпбиін молайту және түрлендіру жолында қолданылған негізгі әдістер мен принциптер.....	15
5-Тақырып. Түркі-мұсылман халықтарының латын графикасына көшу туралы реформасы.....	17
6-Тақырып. Түрік, өзбек және әзірбайжан тілдерінің латын әліпбиіне көшудегі реформаларының негізгі принциптері.....	23
7-Тақырып. 1929-1940 жылдар аралығындағы қазақ-латын әліпбиі тарихы....	25
8-Тақырып. 1929-1940 жылдардағы қазақ тілінің латын әліпбиіндегі жай-күйі.....	33
9-Тақырып. 1929-1940 жылдардағы қазақ-латын әліпбиіне тілдік-орфограммалық талдау	41
10-Тақырып. Қазақ тіліндегі и және у қосарлы дыбыстарының проблемасы....	48
11-Тақырып. Қазақ тілінің дыбысталу табиғаты және оған латын қаріптерін ыңғайластыру мәселелері.....	50
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	63

Кіріспе

Ұсынылып отырған «Латын әліпбиі: тарихы және келешегі» атты оқу-әдістемелік құрал «Латын графикасы» курсының оқу бағдарламасына сай жасалды.

Латын графикасына көшу туралы ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деген болатын [1]. Осындан-ақ латын графикасын зерттеу мен зерделеу, оның тарихы мен болашағына бағдар жасау бүгінгі күнде қазақ тілі үшін өзекті мәселе екендігі белгілі.

Оқу-әдістемелік құралдың мақсаты – латын графикасының тарихын зерделеп, оның болашағына бағдар жасау арқылы студенттерді құнды мағлұматтармен таныстырып, таудау жасауға, өзіндік тұжырымдар жасауға үйрету, қажетті білік-дағдылармен қаруландыру, білім алушылардың теориялық білімдерін кеңейту.

Латын әліпбиінің жалпы тарихын зерделеу оның шығу тегін айқын білуге ұмтылуда әрбір әріптің даму жолына талдау жасау арқылы олардың қазақ тілі дыбыстары үшін орынды қолдану жолдарын айқындауға көмектеседі. Латын графикасын қабылдауда туындайтын негізгі транслитерация, емле, тасымал, әріп және дыбыс концепциясы, диакритика, орфография және орфоэпия сынды мәселелердің басын ашып, олардың шешу жолдарына жасалған талдау жұмыстары жаңа әліпбидің жүйеленуіне үлес қоса алады.

Оқу-әдістемелік құралда латын әріптерін зерттеуде және олардың тарихи модификациялануын қарастыруда Д.Д. Дирингердің «Алфавит» [2], В. А. Истриннің «Развитие письма» [3] сынды еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар негізге алынды. Латын әріптерімен жазылған көне мұралар, қолжазбалар латын эпиграфикасы мен латын палеографиясы ғылымының туындауына алғышарт болды. Осыған қатысты Е. В. Федорованың «Введение в латинскую эпиграфику» [4], А.Д. Люблинскаяның «Латинская палеография» [5] сынды еңбектері негізінде латын графикасының шығу тегі мен эволюция барысы қарастырылды.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал білім алушыларға теориялық білім бере отырып, олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында жазылған.

1-Тақырып. Латын әліпбиінің қалыптасуы мен даму тарихы.

Латын әліпбиі грек әліпбиінің батыс үлгісінен шығып, б.з. дейін VII ғасырда пайда болған, кейін барлық дүние жүзіне тараған әріптік жазу. Алғашында латын әліпбиі 21 бас әріпттен A, B, C, D, E, F, Z, H, I, L, M, N, O, P, R, S, T, V, X тұрды. Кейін б.з. дейін I ғасырда грек тілінен енген сөздерді жазу үшін оған Y және Z әріптерін қосты, нәтижесінде классикалық латын әліпбиінде 23 әріп болды. Бұл әліпбиде б.з. IX ғасыр ішінде кіші әріптер, ал XI асырда герман тілдерінде диграф VV пайдалана бастады. Кейін XVI ғасырда I (I/J U/V) әріптерінің буынды және буынды емес баламаларын ажырату үшін әліпбиге екі жаңа әріп J және U қосылды. Шамамен сол уақытта, солтүстік Еуропада диграф VV жеке әріп болып қалыптасып, W әрпіне айналды [6, 75 б.].

Алайда, латын әліпбиінің қалыптасу мерзіміне байланысты ғалымда әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Бір деректерде латын әліпбиі б.з.д. IV - III ғғ. қалыптасты делінеді. [7, 19 б.]. Басқа деректерде латын жазуы шамамен б.з.д. VIII ғасырда батыс грек және этрустік жазудың негізінде қалыптаса бастады делінеді[3, 244 б.]. Алфавит тарихын терең зерттеген Д.Д.Дирингер латын әліпбиі б.з.д. VII ғ. пайда болуы мүмкін деп есептейді [2, 610 б.].

Адамзат өркениеті үшін соншалық маңызды болған латын әліпбиінің тарихы алғашқы бес немесе алты ғасыр аралығындағы өмірі аса көңіл аударарлық болған жоқ. Ең көне латын жазбалары б.з.д. VII ғ. соңы мен VI ғ. басына жатады [3, 244 б.]. Латын жазуының ең көне сақталған ескерткіші ретінде Пренестиндік алтын фибуладағы жазбаны есептеу қажет. Ескерткіш б.з.д. VII ғ. бастау алуы мүмкін, кейбір ғалымдар оны VI ғасырға, тіпті V ғасырға жатқызуды жөн көреді. Бұл жазбадағы жазудың бағыты оңнан солға қарай жылжиды, оқылуы күмән тудырмайды: *manios, med: fhefhaked: numasiosi* (яғни *Manius me fecit Numerio* «Маний мені Нумерия үшін істеді»). Бұл жазудың ерекше қызықты ерекшелігі латын тілі үшін дағдылы, алайда гректе кездеспейтін *f* дыбысын бейнелеу үшін *ƒ* (*w* дигамма) және *h* таңбалар қосындысын пайдалану болып табылады; бұл *f* дыбысын бейнелеуде этрустіктер қолданған үш тәсілдің бірі еді. Бұл жазуда *d* және *o* әріптерінің болуы латын әліпбиінің бұл әріптер қолданған этрустік алфавиттің өте ертедегі түрінен бастау алатындығын куәландырады. Пренестиндік фибуладағы жазудан біршама кенжелеу Рим форумынан табылған б.з.д. VI ғ. немесе VII ғ. аяғына жататын әйгілі жазу болып табылады. Ол тастың төрт қырына тік бустрофедонмен жазылған. Жазудың бағыты және тастың нашар сақталуы көптеген сөздердің оқылуын қиындатады. А қырында (1-сурет) оң жақтағы бірінші жолдың төменгі жағынан бастап оқуға болады: (1) *quoioho...* (2) *[s]akros es-(3)ed sor [d]...* «Дуэнос Жазбасы» (2,1-сурет) ретінде белгілі басқа жазба Римде Квиринал жанынан табылған құмырада жазылған. Шамасы ол да б.з.д. VI ғ. жатады, бірақ кейбір ғалымдар оны б.з.д. IV ғ. жатқызады. Жазудың бағыты бұрынғыша оңнан солға қарай [2, 608 б.].

Осы үш жазу ең алғашқылары болып табылады. Олардың қатарында бірнеше сабиндік жазулар, Тиволидан табылған құмырадағы жазу,

Фучино көлінен табылған қола тақтайшадағы жазу және Юнонға немесе Юнон Луцинға арналған бірнеше жазулар б.з.д. V ғ. соңына немесе б.з.д. IV ғ. жатады. Сондай-ақ б.з.д. III ғ. және б.з.д. II ғ. жататын бірнеше жазулардың бар екендігі белгілі; б.з.д. 259 жылға жататын консул Л.Корнелий Сципионның құлпытасындағы атақты жазу көрсетілген. Б.з.д. I ғ. және одан кешіректеу уақытқа жататын латын жазуларының көптігі, әрі әлем бойынша кең тарап кеткендігі соншалық, олардың барлығын айтып шығу мүмкін емес. Б.з.д. I ғасырдағы жазбалардан Август (б.з.д. 63 ж. – б.з. 14 ж.) құрастырған «*Monumentum Ancyranum*» деген атпен белгілі үлкен жазуды ескере кету керек [2, 608 б.].

Латын жазуын гректен тарады деп есептеушілер грек жазуының латын жазуына айналуы кезеңін хронологиялық нақты анықтауға мүмкін еместігін алға тартып, көптеген әріптер шамамен б.з.б. III ғ. басында өзінің ерекше гректік формасын жоғалтқандығын ескереді [4, 59 б.].

Алайда, ғылымда латын әліпбиі грек алфавитінің Италиядағы грек колонистері қолданған Кума Кампандиктер пайдаланған түрінен, шамасы грек алфавитінің Халкидтік нұсқасынан тараған деген пікір кең тараған. Бұл теория латын алфавитінің *g* және *p* әріптерін есепке алмағанда халкидтікке дәл сәйкес келетіндігін дәлелдегісі келеді. Дегенмен, соңғы кездері жалпы бұл теорияның дұрыс еместігі және де этрустік алфавиттің грек және латын алфавиттерін байланыстырушы буын болғандығы дәлелденді [2, 610 б.].

Пренестиндік фибулада *f* дыбысы *wh* қосындысымен берілгендігін айтқан едік. Кейінірек, мысалы «Дуэнос жазбасында» дәл сол этрустіктің әсерімен *h* түсіп қалған. Осылайша, гректің *φ-сы* (дигаммасы), яғни *w* латынның *f* дыбысын көрсететін болды, әйтсе де латында сонымен қатар *w* дыбысы бар еді, және де егер римдіктер алфавитті тікелей гректерден қабылдаған болса, олар бұл дыбысты жеткізу үшін гректің дигаммасын қолданулары керек еді; дәл сол кезде *w* дыбысы үшін де, *u* дыбысы үшін де латын әліпбиінде гректің *υ* (ипсилон) әрпі қолданылған еді [2, 611 б.].

Грек алфавитіндегі үшінші әріп – *гамма* этрустік алфавитте *ɔ* (немесе *ç*) пішініне және *k* дыбыстық мәніне ие болды; ол осы дыбыстық мәнін латын әліпбиінде де сақтады, онда ол *k* және *g* дыбыстарын жеткізуде қолданылды (этрустіктер *k* және *g* дыбыстарын ажыратпаған); нәтижесінде *ç* әрпі *ç* (*Galius* орнына) және *çN* (*Gnaeus* орнына) жалқы есімдерінің жиі қысқаруларында *g* дыбыстық мәнін сақтап қалды. Дәл сол уақытта грек алфавитінде *k* дыбысы үшін екі басқа таңба болды – *K* және *Q*, сондықтан біз шығыс этрустік алфавитінде *ç* (*K* мәніндегі) таңбасын тек *e* және *i* алдынан, *K*-ны *a* алдынан, *Q*-ды тек *u* алдынан табамыз. Латын алфавиті осы үш әріпті сол өздерінің фонетикалық мәндерімен қабылдайды да, бірақ уақыт өте келе *K* әрпін жоғалтады, дегенмен бұл әріп жиі қолданылатын сөздерде немесе ресми термидерде (мысалы, *Kalenda*, *Kaeso*) қолданыла береді. Сондай-ақ *C* әрпін *g* дыбысы үшін де, *k* дыбысы үшін де қолданды. Алайда *Q* әрпі *u*-дың алдынан келгенде *k* дыбысының мәнін сақтады. Кейінірек, б.з.д. III ғ. ұяң *g* дыбысына *C*

әрпінің төменгі ұшына сызықша қою арқылы ерекше белгі берілді, нәтижесінде C G-ға айналып кетеді [2, 610 б.].

Көне латын алфавитінде грек алфавитінде бар, сондай-ақ оның халкидтік нұсқасында болған, алайда этрустікте жоқ $X(ks)$ тіркесімі үшін арнайы белгінің болмауы латын алфавиті өз бастауларын этрустіктен алатындығының артықша дәлелі болып табылады [2, 610 б.].

Латын жазуының дамуындағы күрт өзгеруі кітап басу өнертабысынан кейін басталады. Кітап басуда басында қолжазба үлгісі қолданылды. Жаңа перспективалар шамамен 1500 ж. фрактурлық теруді енгізуден бастап ашылады, онда алғаш рет бас және кіші әріптер ерекшеленеді [11, 139 б.].

Заманауи батыс еуропалық халықтар тілдеріндегі әртүрлі дыбыстық құрамына қарамастан латын-рим алфавитін өзгеріссіз бірдей дерлік алфавитті қолданады [3, 250 б.].

Айрықша әріптер (жаңа кескіндер, диакритикалық белгілері бар әріптер мен диграммалар) әдетте латын әліпбиінің негізгі құрамы ретінде орналасады. Мәселен, неміс тіліндегі ä, ö, ü және француз тіліндегі à, á, â, ç, ë, é, è, î, î, ô, ü, ù, û диакритикалық белгілері бар әріптер ерекше әріп ретінде қабылданбайды; ағылшын, итальян, неміс, француз және швед тілдеріндегі ch диграммасы ерекше әріп ретінде емес, h әрпінің c әрпінен кейінгі қарапайым қолданылуы болып есептеледі. Алайда өзге тілдерде біршама ерекшеліктер бар: *Албан әліпбиінде* ç, dh, gj, lj, nj, rr, sh, th, xh, zh – ерекше әріп ретінде енгізілген. *Венгер әліпбиінде* cs, cz, gy, ly, ny, ö, sz, ty, ü, zs – ерекше әріп ретінде енгізілген. *Дат әліпбиінде*: лигатура æ және ø ең соңына қойылған. *Испан әліпбиінде* ch, ll, ñ, *каталан әліпбиінде* ll ерекше әріп ретінде қолданылады [9, 24 б.].

Сонымен латын әліпбиінде әріптер саны 26 болды: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Zz, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mn, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz. Бұл 26-әріпті латын әліпбиі Стандарттау бойынша Халықаралық ұйымда – International Organization for Standardization (ISO) «базалық латын әліпбиі» болып тіркелді. Ол қазіргі ағылшын әліпбиіне толық сәйкес және көптеген роман, герман және басқа тілдер жазуларының негізі болды [6, 75 б.].

Латын әліпбиінің негізгі тәртібі мынадай: a, b, c, d, e, f, g, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, w, x, y, z [9, 14 б.].

2-Тақырып. Латын әліпбиінің шығу тегі және әлем тілдерінің әліпбиіне айналуы.

Классикалық және латын әліпбиі және латын орфографиясы б.з.д I ғ. жуық қалыптасты [3, 244 б.]. Ағылшын және көптеген заманауи алфавиттертерге мұра боп қалған латын әріптері атауларының көпшілік бөлігі де этрустіктерден енген, тек аздаған бөлігін ғана римдіктер ойлап тапқан. Гректерден енген әріптердің семиттік атаулары мүлдем басқаша болған. Әріп атауларының этрустіктен тарағандығы бәрінен бұрын *se*, *ka* және *qi* атаулары айғақтайды. Осы жөнінде мына факті де айғақ бола алады: этрустікте сонанттар, немесе буын жасаушы созылыңқылар (*l,r*) және мұрын жолдылар

болған, сондықтан *l, m, n, r* әріптерінің заманауи атаулары тұйық буын ретінде вокалдандырылған, ал қалған дауыссыздардың атаулары ашық буын болып табылады (*be, de* және т.б.) [2, 610 б.].

Алғашқыда этрустік алфавит 26 әріптен тұрған; римдіктер олардың тек 21-ін қабылдаған. Олар гректің үш аспиратынан латын тілінде бұл әріптерге сәйкес келетін дыбыс болмағандықтан *meta, phi* және *chi*-дан бас тартқан, бірақ бұл таңбаларды сандарды беру үшін қолданған [2, 611 б.].

S дыбысын беретін үш этрустік әріптен римдіктер гректің сигмасын қалдырады. Латын әліпбиінде этрустік тілде кездеспейтін *d* және *o* әріптерінің болуы латын алфавитінің этрустіктердің бұл әріптерден бас тартуына дейін пайда болуымен түсіндіріледі. C, K, Q және F әріптерінің қолданысы түсінікті. Этрустік алфавиттегідей қырылдақ дыбысты білдіретін белгі кейінірек H формасын иеленді: I белгісі дауысты да, дауыссыз да I қызметін атқарды. X белгісі кейініректе ks дыбыс тіркесімін беру үшін енгізіліп, латын алфавитінің соңына орналастырылды. Осылайша, латын алфавиті мынадай түрге енді: A, B, C (k дыбыстық мәнінде), D, E, F, Z (гр. дзета), H, I, K, L, M, N, O, P, Q, R (R-дің алғашқы формасы осындай болатын) S, T, V, X. Басқаша айтқанда, бұл грек-семит-этрустік алфавит еді; кейбір әріптердің формасы кішігірім өзгеріске ұшырады; грек-семиттік Δ D-ға айналып кетті; Σ S-қа айналды; R P белгісінің эртыщенбер астына таяқша қосу арқылы өзгертілген нұсқасын білдірді; қалған әріптер сол қалпынша өзгеріссіз қалды. Кейінірек, жетінші әріп, яғни гректік дзета (z) латын тілі оны қажетсінбегендіктен алынып тасталды, оның орнын жаңа G әрпі басты [2, 612бет].

Цицерон заманындағы (б.з.д. I ғ.) Грекияның жаулап алынуынан кейін, латын тіліне грекше сөздер көптеп ене бастады; сол кездегі грек алфавитінен Y және Z белгілері тиісінше y және z дыбыстары үшін тек грек сөздерінің транслитерациясы үшін қабылданды; бұл әріптер әліпбидің соңына орналастырылды. Осылайша, латын әліпбиі 23 белгіге ие болып, әріптердің өздері неғұрлым дұрыс, сымбатты, пішіндері сәйкес әрі нақышты бола бастады [2, 612бет].

Римдік кезеңдерде жаңа әріптер енгізуге ұмтылыстар болғанымен, мәселен Август дәуірінде Веррий Флакк енгізген M әрпінің нұсқасы, әсіресе, император Клавдий (б.з.д. ж. – б.з. ж.) енгізген жазу кезінде u-дан ажырата білу мақсатында w/v дыбыстары үшін дигамма инверсум; ps тіркесі айналдырылған c(œ) түріндегі антисигма; u және i арасындағы аралық дыбыс үшін H белгісінің жартысы (H), жалпы алғанда әріптен тұратын жоғарыда көрсетілген алфавит өзгеріссіз дәл сол әріптер тізбегімен римдік кезеңдегі тек монументалды жазуда ғана емес, сондай-ақ ортағасырлық жазуда да (бас әріп қызметінде), сосын осы күнге дейін кітап басуда да қолданылды. Ортағасырлық жазғыз тұрақты енгізулері – U, W және J әріптері; нақтырақ айтсақ, бұл енгізулер емес, сол кезде бар әріптердің нұсқалары еді; U белгісі (дауысты u үшін, оны дауыссыз v-дан ажырату мақсатында) және дауыссыз w белгісі v-ның кішігірім өзгерісінен жасалса, j(дауыссыз i) – I белгісінің кішігірім өзгерісінің нәтижесі. Ерте ортағасырда осы әріптердің екеуі (u және j, алайда XI ғ. пайда болған w емес)

дауысты да, дауыссыз да дыбыстар үшін дифференциалданбай қолданылды [2, 614 б.].

Латын алфавитінің әрі қарайғы тарихының неғұрлым дәйекті фактілері мынадай: 1) латын әліпбиінің әртүрлі тілдерге сәйкестендірілуі және 2) кейбір әріптердің «курсивтік» жүгіртпе үлгіде сыртқы өзгеріске ұшырауы.

Латын шапшаң жазуының түрлері заманауи жазудың бас әріптердің ежелгі семит-грек-этрус-латындық әріптермен байланысы бұл істің маманы емес адамға да түсінікті. Минускулдардың, яғни «кіші әріптердің» ежелгі латын әріптерімен байланысы соншалық айқын көрінбегенімен, шын мәнісінде маюскулдар мен минускулдар бір ғана ежелгі латын алфавитінен тараған. Минускулдардың біршама өзгеше формасы алғашқы әріптердің бөліктерінің алынып тасталуы (мысалы, Н-дан h, В-дан b), әріптердің бір бөлігінің ұзартылуы (мәселен, Q-дан q, D-дан d т.б.) арқылы түр өзгеруінің нәтижесінде пайда болды [2, 615 б.].

Ерте кездерде минускулдар болмаған. Жазудың монументалды да, шапшаң да түрі қазіргі таңда «бас әріпті» деп аталатын жазу түрін пайдаланды. Монументалды жазудың (мемориалды жазбаларда, құлпытастарда және т.б.) ең басты артықшылығы бұрын да, қазір де шамаластықтан тұратын сұлулығы мен ұзақтығында, ал жазудың шапшаң немесе тез түрлерінің негізгі артықшылықтары – шапшаңдығы мен ыңғайлылығында. Монументалды жазудың негізгі құралы - жонғыш және негізгі материалы – тас болды және солай болып қала береді. Шапшаң жазу үшін қазіргі таңда әдетте қолданылатын құрал – қалам, қарапайым жазу материалы – қағаз [2, 615 б.].

Рим заманында жазудың әртүрлі құралдары пайдаланылған: стиль деп аталатын тырнауға арналған қарапайым таяқша балауыз тақтайшаларда күнделікті өмірде жазу үшін пайдаланылған; қабырғаға салынатын сурет үшін қазіргі кездегідей қылқалам пайдаланылған; қамыстан жасалған сондай-ақ қауырсын қолданылған. Шамасы, б.з. VI ғ. жазу қауырсынын құстың қауырсынынан жасай бастаған. Бұл ортағасырлық жазудың қарапайым құралын тек жақында ғана заманауи металл қауырсынмен алмастырған едік, әйтсе де, металл қауырсын рим заманында-ақ қолданылған еді). Ағылшынның pen сөзі, орыстың «перосы» сияқты алғашында «құстың қауырсыны» (лат. penna) дегенді білдірді [2, 615бет] Ол алғашқы жазу қауырсынына қатысты айтылса керек, алайда ол әрі қарай да жазу құралын білдіруді жалғастыра берген; осылайша, «құстың қауырсынын» білдіретін латын сөзі бүгінде металдық ұшы бар жазу құралын білдіреді. Шапшаң жазу үшін айтарлықтай маңызды жазу материалы папирус, пергамен және балауызбен қапталған тақтайшалар болып табылады. Латын монументалды жазуының өзінің маюскулдары мен минускулдарымен заманауи жазуға айналуы толығымен жазу құралының техникалық қасиеттерімен және жазу материалының (бірінші кезекте папирус пен пергаменнің) техникалық қасиеттерімен байланысты. Қиғаш сызықтарды жазуда неғұрлым ыңғайлы қауырсын қырлы формалардың жойылуына септігін тигізді; бұған писчий материалдар да (парипус, әсіресе пергамен) тиімді

ықпалын тигізді. Кейбір детальдар балауыздың қасиетіне байланысты (Эллис Миннз бойынша *d, g, f* және *b* әріптерінің формасы осындай) [2, 616 б.].

Қазіргі заманның негізгі жазу материалы қағазды пайдалану Еуропада б.з. XI ғ. дейін белгілі болмады, әйтсе де қағаз шамамен б.з. II ғ. ойлап табылған еді; сол ғасырда-ақ қытайлықтар оның жасалуын жоғары кемелденуге дейін жеткізген еді. Кейбір ғалымдар қағазды б.з.д. 123 ж. ойлап табылды десе, басқалары б.з. 105 ж. ойлап табылғанын үлкен сенімділікпен айтады. Кәрістер мен жапондықтар қытайлықтардан қағаз жасауды б.з. VII ғ. үйренеді, арабтар – VIII ғ. IX ғ. жататын таза шүберектен (зығыр кенеп матадан) жасалған көртеген араб қолжазбалар жасалған. Еуропада бірінші рет қағазды XII ғ. Испания мен Италияда жасап шығара бастады. Еуропа аймағынан табылған қағазға жазылған ең көне қолжазба Сицилияның нормандық королі Рожердің бірінші әйелі графиня Аделаиданың грамотасы болып табылады. Грекше және арабша жазылған бұл құжат Палермо (Сицилия) қаласының мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұр. Қағаз жасау өнері Францияға 1248 жылы, Германияға XIV ғ. басында, Швейцарияға – 1380 жылы, Англияға 1450 жылы, Нидерландыға да шамамен сол уақытта, Америкаға – тек 1960 ж. келеді, әйтсе де Мексика мен Орталық Американың жергілікті тұрғындары Колумбтың Американы ашуынан бұрын-ақ қағаздың түрін жасап шығаратын болған [2, 616 б.].

Латын әліпбиінің көптеген италийстік әліпбилерін жеңіп шығуы және оларды бірте-бірте ығыстыруы барлық жарты арал үстінен Римнің саяси гегемониясымен негізделді. Б.з.б. III ғ. дейін жазудың дамуы әлсіз болды, тек б.з.б. I ғ. римдік әліпбидің ұзақ мерзімді қалыптасу кезеңі аяқталды. Оның 23 белгіден тұратын тұрақты құрамы және негізгі формасы қалыптасты. Қазіргі латын әліпбиінен ерекшелігі жартылай дауысты *j* және дауыссыз *v* үшін ерекше белгілердің жоқтығымен анықталады. Римде және ортағасырларда *i* тең өлшемде *i* және *j*, *u* - *u* және *v* білдірді; *j* және *v* үшін ерекше белгілер тек XVI ғ. пайда болды [5, 48 б.].

Осылайша, XIV ғ. қағаз Еуропада негізгі жазу материалына айналып, келесі ғасырда біртіндеп пергаменді ысырып тастады [2, 616 б.].

Жазуда дыбыстың неғұрлым дәл берілуіне ұмтылу фонетикалық транскрипцияда мәтінді қабылдауға кедергі болатын әріптер мен диакритикалық таңбалардың санының өсіп кетуіне алып келеді, дегенмен бұл ең минималды дыбыстық айырмашылықты бере алады [8, 364 б.].

Біз *par excellence*, яғни монументалды жазудағы латын алфавитінің дамуын қарастырған едік, оның атауы негізінен монументалды жазбалар үшін қолданылуымен байланысты; алайда ол келте жазу деп те, сондай-ақ, шаршы жазу деп те аталды, өйткені бұл жазу әріптерінің сызықтары тігінен жазылып, бір-бірімен тік бұрышта қиысатын болған; одан бөлек бұл жазу іргелі деп те аталған [2, 616 б.]. Рим дәуірінде осы іргелі жазудың үш нұсқасы болған: 1) келте іргелі жазу, 2) көркем кітаби іргелі жазу, жазудың сызықтары келте жазуға қарағанда иілгіш, әрі жинақы болған және 3) рустикалық іргелі жазу – келте жазу сияқты аяқталып бітпеген, кітаби секілді онша жинақы емес, алайда біршама ыңғайлы, әрі оңай. Рустикалық іргелі жазудың бірнеше түрлері болған:

римдік рустикалық іргелі жазу, әшекейлі рустикалық іргелі жазу, кітаби рустикалық іргелі жазу [2, 617 б.].

Осы әртүрлі үлгілер қауырсынмен жазу үшін бейімделген еді, алайда күнделікті өмірде үлкен шапшаңдыққа жету мақсатында әріп кескіндерінің үздіксіз өзгеруінің нәтижесінде шапшаң жазу түрі, яғни "жүгірте" жазу түрі дамыды. Бұл жерде анықтыққа қарағанда, шапшаңдыққа артықшылық берілді. Курсивті жазудың бірнеше түрлері болды, олардың қатарында біршама маңыздысы б.з. I ғ., II ғ. жататын Помпейдегі курсив пен Үлкен Альбурндағы курсив жазулары жатады. Бар болғаны бірнеше балауыз тақтайшалары негізінен Дакиядағы Помпей мен Үлкен Альбурнда (Vögös Patak) сақталған. Жалпы алғанда римдік курсив жазуын келесі түрлерге ажыратуға болады: 1) маюскулды курсив жазу, 2) минускулды курсив жазу және 3) жартылай курсив минускулды жазу [2, 617 б.].

Жазудың монументалды және шапшаң жазу түрлерінің арасында өзінің бойында екі топтың да кейбір ерекшеліктерін қамтитын бірқатар нұсқалар болған: 1) кейбір іргелі әріптерді курсивті және жартылай курсивтімен қатар қолданған келте әрі кітаби жартылай курсивті жазу түрі 2) б.з. III ғ. унциалды, нақтырақ айтқанда, іргелі, курсив және унциалды әріптердің араласуынан тұратын жартылай унциалды жазу, 3) көне жартылай унциалды жазу, шамашы, көркем унциалды жазуға айналған; дегенмен, соңғы жазудың шығу тарихы белгісіз [2, 618 б.].

Сондай-ақ "унциал" терминінің де мәні түсініксіз. Кейбір ғалымдар әулие Иеронимнің беделіне сүйене отырып бұл терминді лат. *litterae unciales* " биіктігі унциалмен тең әріптер" дегеннен шығарады. Унциалды жазу ресми римдік құжаттарда, соның ішінде, Африкада б.з. III ғ. бастап пайда бола бастады. Ол 500 жыл бойы (б.з. IV ғ. - VIII ғ.) қарапайым кітаби жазу болды. Жалпы ол аралас жазу болып қала берді, әріптердің көпшілігі іргелі, кейбір әріптері (h, l, q) - минускулды, ал төрт әрпі (a, d, e, m) қарапайым дөңгелекше пішінді болды. Әрине, бұл жазу каллиграфия үшін ең ыңғайлысы болды. Көне жартылай унциалды жазудан дамыған, V ғ. - IX ғ. аралығында қолданылған жартылай унциалды кітаби жазу жазудың аралас түрі болды: унциалдыға қарағанда неғұрлым ыңғайлы, курсивті минускулды жазуға қарағанда анағұрлым көркем [2, 618 б.].

Латын жазуындағы үлкен өзгерістер кітап бастыруды ойлап тапқаннан кейін басталады. Кітап бастыруда алғашында қолжазба үлгілер қолданылады [8, 362 б.].

Рим империясының саяси өктемдігін еуропалық мемлекеттер жойған кезде осы мемлекеттер арасындағы мәдени байланыс бұзылады, латын шапшаң жазуының немесе "тез" жазуда дамуында айқын өзгеріс болды. Латын курсивтік минускулының әртүрлі "ұлттық" үлгілері немесе, нақтырақ айтқанда "ұлттық" стильдері пайда болды. Еуропалық континент пен Британдық аралдарда бес "ұлттық" үлгі дамыды: итальяндық немесе лангобардтық, меровингтік вестюттік (Испанияда), неміс және аралдық. Осы үлгілердің әрқайсысы бірнеше түрлердің пайда болуына түрткі болды [2, 618 б.].

Италияда классикалық білім берудің қайта өзгеруі кезінде гуманистік антиква деп аталатын көне латын үлгісі қайта орнықты.

XVI ғасырда антиква Италияда орнығып, Францияға, Ұлыбританияға еніп, фрактураны біртіндеп ығыстырып шығарды. Германияда фрактура XVIII ғ. дейін өз позициясын ұстап, біртіндеп қана антикваға ауысады. Бәсекелестік осы күндерге дейін созылды, алайда Германияда да бұл сұрақ антикваның пайдасына шешілді [8, 362 б.].

Итальяндық жартылай курсивті минускул. Римдік шапшаң жазудан дамыған Италияндық жартылай курсивті минускул бүкіл Италияда VII ғ. мен IX ғ. арасында, Тосканда оның қолданысы XII ғ. дейін созылды. Ол жазудың көптеген нұсқалары үшін бастама қызметін атқарды [2, 627 б.].

Еуропаның әртүрлі халықтарының «ұлттық» жазуы латын алфавитінің германдық, романдық, славяндық және финн-угорлық тілдерге бейімделуі нәтижесінде пайда болды; заманауи грек алфавиті – латын әліпбиінің ықпалына ұшыраған көне грек алфавитінің дамуының нәтижесі [2, 628 б.].

Әліпби тарихында латын тілі мен латын жазуын ертеде римдік легионерлер мен императорлық шенеуніктер зор империяның барлық бөліктеріне, бірінші орында, эллинизмденбеген облыстарға әкелген еді. Кейбір мемлекеттерде (Галлия, Испания, Румыния) латын алфавиті жергілікті халықтың тілдерін ысырып шығарып, заманауи роман тілдерінің ата тегіне айналды. Олардың қатарында итальян, испан, португал, француз және румын тілдері айтарлықтай маңызды – бұл тілдердің барлығы латын әліпбиін қабылдады.

Бұдан кейінгі кезеңдерде шіркеуліктер мен миссионерлер латын тілі мен латын жазуын одан да алыс жерлерге таратты. Ол кезде Католиктік Рим Батыс әлімінің мәдени шамшырағы, Батыс, Орталық және Солтүстік Еуропаның барлық аймақтарына ғылым мен діннің тараған орталығы болды. Рим папасының шабармандары, легаттар немесе миссионерлер өз заманының білімін арқалап бүкіл Еуропаны аралаған. Аббаттықтар үлкен семинарий немесе колледжге ұқсас білім беруді жалғастырған ошақтар ретінде болды. Бұған үлкен көлемде монастырлық жүйе әсер етті. Міселен, саксон немесе норман шаруалары өз аттарын да жаза алмаған бұл кездерде монастырлар жалғыз сауаттылықты таратушы ошаққа айналды. Тәрбие кейбір кездерде тек монастырлық болды. Ең болмағанда оларды монастырларда оқыған оқытушылар басқарды. Британдық аралдарда ең алғашқы жазғыштар не Ирландиядан, не құрлықтан (көбінесе итальяндықтар) келген монахтар не шетел монастырының жетекшілігімен білім алған адамдар болды. Сонымен қатар, соборлық мектептер де білім берудің маңызды орталықтары болды. Осылайша, Рим шіркеуінің тілі – латын тілі (әрине, латын әліпбиімен бірге) – ғасырлар бойы еуропалық мәдени әлемнің халықаралық тілі болып қала берді. Қазіргі таңда латын тілі әлі күнге дейін ғылыми шығармаларда, сондай-ақ римдік католиктік шіркеуінің теологиялық трактаттарында кең қолданылады, алайда соңғы үш-төрт ғасырдың табиғи дамуы нәтижесінде ол өзінің үстемдігінен айырылды. Латын алфавитінің ұшыраған қолайлы жағдайлары

жағдайлары Еуропа халықтарының басым көпшілігінің оны қабылдауында алып келді. Латын әліпбиі түр-түрлі тілдік топтардағы тілдерге ыңғайластырылды. [2, 629 б.].

Латын әліпбиі грек әліпбиінен 20 белгіні өзіне қабылдады: A, B, C, D, E, F, H, I, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, V, X, (Квинтилиан дәірінде X әрпі «ultima postrarum» болды) кейіннен өзіне қосымша 3 белгіні қосты: G, Z, Y [10, 53 б.].

3-Тақырып. Жаңа әліпбиді қандай да бір тілге ыңғайластырудың негізгі принциптері.

Қандай да бір жазудың жаңа тілге ыңғайластырылуы оңай шаруа емес, әсіресе жаңа тілде алфавит алынған тілде жоқ дыбыстар болған жағдайда. Осы жаңа дыбыстарды біршама қиындықтар пайда болды. Бұл қиындықтардың әрқилы шешу жолдары қолданылды.

1) Жаңа дыбыстар кірме алфавитте қолданыс таппаған таңбалармен берілді; мысалы, латынның қажетсіз деп танылған C әрпі (өйткені k дыбысы үшін барлық жағдайда k әрпі қолданылды) кейбір славян алфавиттері үшін (поляк, чех, хорват және т.б.) ц дыбысын жеткізу үшін қолданылды, Германия мен орталық Еуропа болса, егер ел **e** және **i**-дің алдында келсе, лат. **c**-мен беріледі.

2) Кейде жаңа тілдегі бір дыбысты жеткізу үшін екі не одан да көп әріптердің тіркесі қолданылды. Өртүрлі тілдердегі щ және ч дыбыстарын беру жоладыры осы тұрғыдағы қызықты мысал бола алады. Орыстың кириллицасында щ тіркесі үшін арнайы таңба бар, чех славян тілі бұл дыбыс үшін **sc** тіркесін қолданады; поляк (бұл да славян тілі) бұл дыбысты төрт дауыссызбен береді **szcz**; ал неміс тілі болса, бұл дыбысты транслитерациялауда 7 дауыссызды қолдануға мәжбүр – **schtsch**.

3) Жаңа тіл әріптердің көбейіп кетуінен қашу мақсатында екі не одан да көп дыбыстық мәнге ие әріптерді қолданғанды жөн көреді; мәселен, ағылшынның **c** әрпі екі түрлі дыбысты жеткізу үшін қолданылады (**k** дыбысы үшін **car**, **colour**, **cursive** және **s** дыбысы үшін **cell**, **cereal**, **cider**); одан бөлек, бұл әріп **ch** тіркесінің құрамында қолданылып, **ck** (**kk**).

4) Кейбір тілдер алфавиттің әріптерімен жеткізе алмайтын дыбыстарды таңбалауда басқа жазулардан алынған таңбаларды пайдаланады. Мәселен, латын әліпбиін қабылдаған англосаксондық тіл тобы оған үш жаңа әріпті қосады, олардың қатарында руникалық жазудан енген (**θ** дыбысы үшін).

5) Кейбір жағдайларда әріптер ойлап табылды; мәселен, семит алфавитінің грек тіліне ыңғайластырылуы барысында пайда болған көне грек алфавитінің қосымша әріптрі пайда болды.

6) Неғұрлым кейінірек кезде кірме алфавиттегі әріптермен беріле алмайтын дыбыстарды жеткізудің ең қарапайым тәсілі диакритикалық нүктелер немесе өзге таңбаларды әріптердің үстіне немесе астыңғы бөлігіне, оң не сол жағына немесе ішіне енгізу болды; бұл топқа неміс тіліндегі дауысты дыбыстар **ü** (**ue**) **ä** (**ae**) **ö** (**oe**), француз тіліндегі **ç** сидиль, испан тіліндегі **ñ** итальян

тіліндегі акценттер (à, ì, ò, è), сондай-ақ, латын – славян жазуындағы (поляк, чех, хорват жән т.б.) көптеген таңбалар: č, ć, ś, ž, ź, ą, ę және т.б. 1928 ж. қарашасында Түркияда Ұлы ұлттық Жиында қабылданған заңға сәйкес 1930 ж. жалпы Түркия бойынша көпшіліктің қолданысына енгізілген латын – түрік әліпбиі 29 әріптен тұрады. Олардың екі дауыстысы (ö және ü) және үш дауыссызы (ç, ğ және ş) диакритикалық таңбалармен қамтылған, ал бір жағдайда ғана кері тәсіл қолданылған: жаңа дыбыс *i* әрпінің нүктесінің алынып тасталуы арқылы жасалған.

7) Бірқатар жағдайларда жаңа әріптер созылмалы дауыстыларды жеткізу үшін ойлап табылды (мәселен, кейбір африкалық тілдердегі); кейде дауысты дыбыстан кейін қоснүкте қою арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, бұл мақсатта тік және көлденең бағытта төңкерілген әріптер де пайдаланылады. Бұған байланысты К.Р.Лепсиустың «Standart Alphabet» (1855) кітабын айта кетуге болады [2, 630 б.].

Дыбыстық құрамның графикалық бейнеленуі тұрғысынан қарағанда итальян, испан және португал тілдері салыстырмалы оңай. Неміс дұрыс жазу емлесі немесе банту тілінің емлесі де аса қиындық тудырмайды. Осы және өзге де елдерде нағыз тілдік нормаға сай болуы тиіс, яғни «сөз қалай айтылса, солай жазылуы тиіс» дегенді алға тартады. [2, 631 б.].

Қазір базалық латын әліпбиі «де-факто» «халықаралық қатынастың әліпбиі болды», себебі кез келген елдің азаматтары онымен мектеп қабырғасында математика, химия және шет тілі сабақтарында танысады.

Бірнеше рет барлық тілдің жазуларын базалық латын әліпбиіне көшіру идеясы ұсынылды. Бірақ кейбір тілде дыбыстар саны базалық латын әліпбиіндегіден көп және олардың фонетикалық жүйелеріне сәйкес кейбір латын әріптерінің мәндері өзгеру қажет. Сондықтан осындай тілдер үшін базалық латын әліпбиін бейімдеу керек [6, 75 б.].

Батыс Еуропа халықтарының заманауи ұлттық жазу жүйесі латын жазуы негізінде өз дамуын тек VIII -XIII ғғ. алады. М. Коэнның айтуына сүйенсек, латын жазуымен жазылған неміс, көне ағылшын және ирланд тілдеріндегі көне жазбалар VIII ғ., француз тіліндегі - IX ғ., испан, португал, провансаль және норвег тілдеріндегі жазбалар - XII ғ., итальян, швед, венгер және чех тілдеріндегі - XIII ғ., поляк - XV, литва және латыш тілдеріндегі жазбалар XVI ғ. Жатады [3, 244 б.].

Латын алфавитін молайту негізінен үш бағытта жүргізіледі: монотипті (әріптердің айрықша жазылуы), диакритикалық (әріптерге диакритикалық белгілерді енгізу) және комбинаторлық (шартты әріп тіркестерін үйлестіру) [9, 14 б.].

4-Тақырып. Базалық латын әліпбиін молайту және түрлендіру жолында қолданылған негізгі әдістер мен принциптер.

Латын әліпбиінің негізгі қоры – 26 әріп барлық тілдердің барлық дыбыстарын беруге аздық етеді. Сондықтан латын әріптерімен жазатын әрбір

дерлік тіл латын әліпбиінің негізгі қорын молайтуға мүмкіндік беретін қосымша құралдармен қолданатыны ғажап емес.

Кейбір тілдің фонетикалық жүйелеріне базалық латын әліпбиін бейімдеу үдерісінде таңбалануына бұл әліпбиде сәйкес әріптер жоқ дыбыстарды таңбалау мәселесі туды. Оны шешу үшін базалық әліпбиді бейімдейін келесі әдістерді қолдануға болады:

1. Бір дыбысты таңбалау үшін әріптер тізбесін (диграф, триграф, тетраграф) пайдалану: мысалы, (ш) - [ʃ] және (ч) - [tʃ] дыбыстарын таңбалау үшін ағылшын тілінде диграфтар *sh* және *ch*, ал неміс тілінде триграф *sch* және тетраграф *tsch* сәйкес пайдаланылады.

2. Оң диакритиканы қолдану: мысалы, көптеген тілдерде әліпбиде бар әріптерге түкте, тырнақша және басқа диакритикалық таңбаларды қосу арқылы алынған мына типті *á, ã, ĝ* әріптерді пайдаланған;

3. Теріс диакритиканы қолдану: мысалы түрік тілінде базалық латын *i* әрпінен нүктені алып тастағаннан пайда болған *ı* әрпімен таңбаланады;

4. Әліпбиде бар әріпті жетілдіру арқылы жаңа әріп ендіру: мысалы, ағылшын тілінде (си) - [si:] және (эс) - [es] дыбыстарын таңбалайтын әліпбиде бар *s* және *s* әріптерін жетілдіру арқылы түрік тілінде (че) - [tʃ] және (ше) - [ʃ] дыбыстарын таңбалайтын *ç* және *ş* әріптерін алуға болады;

5. Басқа әліпбилерден алынған жаңа әріптер ендіру; мысалы, кейбір тілдің әліпбилерінде *ŋ* және *ɐ* әріптері грек әліпбиінен, ал *þ* әрпі руникалық әліпбиден алынған;

6. Екі әріпті тұтастыру арқылы алынған *лигатураны* пайдалану; мысалы жоғарыда көрсетілген *W* әрпі екі *V* әрпін тұтастыру арқылы ағылшын, неміс, поляк тілдерінде, ал *æ* әрпі *a* мен *e* әрпін тұтастыру арқылы норвег, исланд тілдерінде пайдаланылады.

7. Бір дыбысты таңбалау үшін бірнеше әріптерді және диакритикалық таңбаны пайдалану: мысалы, бретон тілінде (х) - [x] дыбысы *c* мен *h* диграфы және ‘ – апострофтан тұратын *c’h* тізбесімен таңбаланады.

8. Жеке әріптердің базалық әліпбидегі мәндерін өзгерту: мысалы, *x* әрпі ағылшын тілінде (экс) - [eks] дыбысын белгілесе, ал португал тілінде (шиш) - [ʃi] дыбысын белгілейді [6, 76 б.].

Латыншадан өзге жобалары бар барлық тілдер үшін латиницада жазу жүйелері (романизациялар) бар. Егер шетелдік дұрыс оқылуын білмесе де, оған қытай иероглифтеріне қарағанда, таныс латын әріптерімен іс жасау әлденеше оңай. Біраз елдерде қосымша латиницадағы жазба стандартталған және мектепте оқытылады (Жапония, Қытай).

Латын жазуының дамуындағы күрт өзгеруі кітап басу өнертабысынан кейін басталады. Кітап басуда басында қолжазба үлгісі қолданылды. Жаңа перспективалар шамамен 1500 ж. фрактурлық теруді енгізуден бастап ашылады, онда алғаш рет бас және кіші әріптер ерекшеленеді [11, 139 б.].

Заманауи батыс еуропалық халықтар тілдеріндегі әртүрлі дыбыстық құрамына қарамастан латын-рим алфавитін өзгеріссіз бірдей дерлік алфавитті қолданады [3, 250 б.].

Айрықша әріптер (жаңа кескіндер, диакритикалық белгілері бар әріптер мен диграммалар) әдетте латын әліпбиінің негізгі құрамы ретінде орналасады. Мәселен, неміс тіліндегі ä, ö, ü және француз тіліндегі à, á, â, ç, ë, é, è, î, î, ô, ü, ù, û диакритикалық белгілері бар әріптер ерекше әріп ретінде қабылданбайды; ағылшын, итальян, неміс, француз және швед тілдеріндегі ch диграммасы ерекше әріп терінде емес, h әрпінің c әрпінен кейінгі қарапайым қолданылуы болып есептеледі. Алайда өзге тілдерде біршама ерекшеліктер бар: *Албан әліпбиінде* ç, dh, gj, lj, nj, rr, sh, th, xh, zh – ерекше әріп ретінде енгізілген. *Венгер әліпбиінде* cs, cz, gy, ly, ny, ö, sz, ty, ü, zs – ерекше әріп ретінде енгізілген. *Дат әліпбиінде*: лигатура æ және ø ең соңына қойылған. *Испан әліпбиінде* ch, ll, ñ, *каталан әліпбиінде* ll ерекше әріп ретінде қолданылады [9, 24 б.].

Сонымен латын әліпбиінде әріптер саны 26 болды: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Zz, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mn, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz. Бұл 26-әріпті латын әліпбиі Стандарттау бойынша Халықаралық ұйымда – International Organization for Standardization (ISO) «*базалық латын әліпбиі*» болып тіркелді. Ол қазіргі ағылшын әліпбиіне толық сәйкес және көптеген роман, герман және басқа тілдер жазуларының негізі болды [6, 75 б.].

Латын әліпбиінің негізгі тәртібі мынадай: a, b, c, d, e, f, g, h, I, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, w, x, y, z [9, 14 б.].

5-Тақырып. Түркі-мұсылман халықтарының латын графикасына көшу туралы реформасы.

Еліміздегі бұл проблеманың тарихын айтудан бұрын қысқаша жалпылама түрде жазу жүйесін таңдау проблемасы не екендігін қарастыралық. Кем дегенде оның үш аспектісі бөлінуі мүмкін: лингвистикалық, психологиялық және саяси-мәдени; оларға төртінші экономикалықты қосуға болады.

Мәселенің лингвистикалық аспектісі қандай да бір графиканың белгілі бір тіл үшін оңтайлылығы, ыңғайлы не ыңғайсыз болуынан тұрады. Шын мәнісінде бұл аспектіге тым көп көңіл бөлудің қажеті шамалы. Ол екі жағдайда ғана маңызды рөл атқарады: Н.Я.Маррдың аналитикалық алфавиті сияқты жазу жүйесі тым сәтсіз болған кезде немесе бір алфавиттің бір тілге ыңғайлы, басқа тілге ыңғайсыз болмай жағдайда. Соңғысына қысқа дауыстылардың белгіленуінсіз дәстүрлі араб жазуы жатады. Араб тілі үшін бұл жазудың ерекшеліктері өз негізін табады, алайда, мәселен, түркі тілдері үшін дауыстыларды белгілемей айтарлықтай қиындық тудырады.

Бұл жағдай КСРО мұсылман халықтары үшін үлкен мәнге ие болды, бірақ оны шешуде араб жазуын 20-жж. жасалған реформалаудың өзі жеткілікті еді. 20-жж. қандай да бір тіл үшін кирил, латын не араб жазуларының артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастар болған еді; 30-жж. соңында КСРО халықтары тілдерін латын әліпбиінен кирилге ауыстыру кезінде кирилде 33, ал латында тек 26 әріп екендігін көрсетуді ұнатушы еді. Е.Д.Поливанов кирил әліпбиі латын әліпбиінен артық та, кем де емес деп дұрыс көрсеткен еді; әріптердің санына қатысты сұрақ бір мәнді жауап бере алмайды, өйткені латынға негізделген көптеген жазуларда диакритикалық таңбалы

әріптер бар, мәселен, немістің ÿ не француздың è-сі секілді; мұндай әріптердің саны шектелмеген (десе де, диакритикалық таңбалы әріптер кирилде де бар: й, ё). Шын мәнісінде лингвистикалық аргументтер қайдай да бір алфавиттің пайдасы үшін қосымша болып, тіл білімі аясынан тыс шынайы мүдделерді жасыру үшін пайдаланылды (әрқашан да саналы түрде емес әрине). Көптеген түркі халықтарының өмірінде дәстүрлі мұсылман мәдениеті, Құран жазылған түркілер үшін ыңғайсыз араб жазуы үстемдік еткен уақытта ол қасиетті болып қала берді. Тек мәдени бағыт өзгере бастағанда ғана өзгеден бөлек жазудың қолайлылығы туралы да ойлана алды [13, 62 б.].

Көп жағдайда бағыну мәні экономикалық аспектіні де қамтиды. Н.Ф. Яковлев және тіл білімінің өзге де қайраткерлері ұсынылып отырған әліпбилердің қайсысы тиімдірек екендігі және типографиялық шығындарды үнемдейтігіне байланысты есептеулермен кейде шығып тұрған еді; латынды жақтаушылардың аргументтерінің бірі – шығындарды үнемдеуге жетелейтін латын әліпбиінде кирил әліпбиіне қарағанда, әріптердің саны азырақ болғанында-мыс. Алайда бұл аргументтер де жазу жүйесін таңдаудағы айтарлықтай маңызды негіздемелерді жасырды. Латын мен кирил әліпбиінің әріп санындағы өзгешелікті әр түрлі кезеңдерде латынның пайдасына аргумент ретінде, кирилдің пайдасы үшін аргумент ретінде пайдалана алды [13, 62 б.]. Алайда экономикалық аспект мына бір жағдайда маңызды рөл атқара алады: кез келген жазуды ауыстыру қаражатты талап етеді. Сондықтан бұл аспект кертартпа мәнге ие бола алады. 20-30-жж. КСРО-да саяси және идеологиялық мүдделерді орындау үшін қаражатты аямаған, дегенмен кейде экономикалық фактор қандай да бір әліпбиді енгізу мерзіміне өз әсерін тигізе алды. Алайда заманауи Монғолияда мамандардың айтуы бойынша, дәл осы экономикалық аспекті бірінші кезекте кирил қарпінен көне монғол жазуына көшуге кері әсерін тигізуде. Жұртшылықтың пікірі көшу туралы ойды қолдағанымен, бұл тым қымбатқа түсетін шаруа болғандықтан әлі толыққанды жүзеге аспай отыр.

Жалпы мәселенің психологиялық аспектісі лингвистикалық және экономикалыққа қарағанда маңыздырақ. Ол ірбір сауатты адамның қалыптасқан дағдылары мен таптаурындарының жиынтығынан тұрады. Теориялық тұрғыдан жазу жүйесінің неғұрлым оңай да, оңтайлы болғаны тиімді. Алайда бұл мүмкіндікті реформа қарсаңында оқу мен жазуды әлі меңгермеген адам ғана пайдалана алады. Бұл, ең алдымен, не келер ұрпақ, не кішкентай балалар. Тіпті сауатсыздар саны көп қоғамдарда да жазу жүйесі мәселесін олар шешпейді. Жазу мәселесіне қатысты сұрақтарды шешуге сауатын ашып, орфографияны меңгерген адамдар ғана араласа алады, олар болса тұрақты жазу мен орфографияның сақталуын, әсіресе графиканың өзгеріссіз қалуына күштар. Бұл салада айтарлықтай өзгерістер болса, көпшілік үшін қайта оқуға күш пен уақыт кетпруге тура келеді. Жаңа алфавиттің бүкілкеңестік орталық комитетінің 1937 ж. ақпанындағы соңғы пленумында: «әліпби ауыстыру кезінде халықтың орасан бөлігі белгілі бір уақытқа сауатсыз болып қалатынын есте сақтау керек», – деп бекер айтпаса керек [13, 63 б.].

Психологиялық аспекті экономикалық аспекті сияқты әдетте кертартпа болып келеді. Нығайған жазу дәстүрі қалыптасқан тілдер үшін графикадағы, тіпті орфографиядағы түпкілікті өзгерістер тек революция және тұрмыстың барлық саласындағы өзгерістер кезеңінде мүмкін бола алады.

Маңызды әлеуметтік өзгерістер және/немесе мәдени бағдардың өзгеруінсіз тыныш тарихи кезеңдерде мәселенің психологиялық аспектісі неғұрлым маңызды. Дегенмен, әлеуметтік қайта құру, мемлекеттердің құрылуы немесе ыдырауы кезеңдері бұл аспект екінші орынға қалады немесе мүлдем мәні жоғалтады. Сонымен қатар, психологиялық аспект жазу дәстүрі күшейген сайын маңыздырақ болады. 20-30-шы жылдары біздің елімізде ол орыс тілі үшін маңызды болды: бұл тілдің латинизациясы жоба кезеңінен әрі өткен жоқ. Дегенмен Орта Азияда барлық бұрынғы өмір салтының өзгерістерінің қызған кезінде бұл аспекттің маңызды мәні болған жоқ. Жазбаша тілдің даму деңгейі де маңызды. Графикалық немесе орфографияның түбегейлі реформасын сауаттылар саны аз жерде өткізу оңай. Айтплық, жазу жүйесін Армения мен Балтық жағасы жерінде 1940 ж. кейінгі қарағанда Дағыстан мен Қалмық жерінде өзгерту оңай болды.

КСРО 20-30-шы ж.ж. жағдайында басты рөл саяси - мәдени аспект маңызды болды. Көптеген ұлттар үшін жаңа қоғамдық құрылысқа өту бір мезгілде, еуропаландырумен байланысты, мәдени бағдарлауын да өзгертуді білдірді.

КСРО 20-шы жылдары көптеген халықтардың тілдері үшін төрт логикалық мүмкіндіктер болды: 1) революцияға дейінгі 16 кем емес тілде қолданылған дәстүрлі араб жазуы; 2) жоғарыда айтылған қазақ тілі үшін байтұрсыновтың түрі секілді реформаланған араб жазуы; 3) латиница; 4) кириллица. Мұсылман емес ұлттар үшін кейбір жағдайларда дәстүрлі жазу түрі болды: ескі маңғолдық бурят және қалмық тілдері үшін, еврей жазуы идиш, таттық және бұхар-еврейлік үшін (соңғы жазу дәстүрлі немесе реформаланған нұсқада қолдануға мүмкін еді). Грузиндер мен армяндар өздерінің дәстүрлі әліпбиімен қолданды, грузин жазуы абхаз және осетин тілдері үшін қолдануға болатын еді. Қалған барлық тілдер үшін кириллица немесе латиница арасында таңдау болды [13, 65 б.].

КСРО-да алғаш рет латын әліпбиі 1923 ж. Әзірбайжанда енгізілген еді [14, 23 б.]. Тілші ғалымдардың пікірі бойынша, алфавит бірыңғай болуы әрі тілдің құрылымын табиғилығына, бірінші кезекте артық белгілерден арылатын оның фонемалық құрамына сай келуі тиіс; әртүрлі типтегі дыбыстарды беруде ұқсас және іспеттес белгілерді қолдануға болмайды [15, 10 б.].

Кеңес Одағы құрылған уақытта оның құрамына кірген 130 халықтың ішінде тек 20-сы ғана біршама жүйелендірілген жазуға ие болды. Жазудың өзіндік графикасын дамыған әдеби тілдері бар орыстар, украиндықтар, дәрежеде орыс әліпбиін христиан дінін ұстанған 7 халықтың өкілдері (мордва, осетиндер, чуваштар, удмурттар, марийліктер, якуттар) қолданса, Балтық бойының халықтары (литвалықтар, эстондар, латвиялықтар) латын графикасын қолданды. Қалған халықтар көне ұйғыр, моңғол, көне еврей, араб

графикаларының негізінде құрылған күрделі және жетілдірілмеген жазуларды пайдаланды. Алайда, алғашқы екеуін тек бірнеше «кіші халықтар» ғана қолданған болса, араб графикасында – 16 түркі-мұсылман халықтары, олардың ішінде қазақтар, өзбектер, татарлар, әзербайжандар, тәжіктер сынды көпсанды халықтар жазды. Сонымен қатар, басқа да халықтар араб графикасын өз тілдеріне сай бейімдеумен айналысып, жазу үлгісін қалыптастыруға ұмтылды [16, 40 б.].

Араб әліпбиінің орнына латын әліпбиін енгізу мәселесін ХІХ ғасырдың 60-65 жылдары алғаш рет әзербайжан ғалымы, драматург Мырза-Фатали (кей зерттеулерде Мырзахмет Әли) Ахундов мәселе ретінде көтерген болатын. Алайда патша үкіметі бұл мәселенің қалың бұқара арасында кең таралуына жол бермеді. Ол өз жобасын Түркия мен Иранның үкімет басшыларына ұсынғанғанымен, бұл елдің билеушілері де жазуда қиыншылықтар келтіретінін айтып, Ахундовтың жобасын қолдамайды [17, 9 б.].

ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзірбайжан және Орталық Азияда араб жазуының ол елдердің тілінің табиғатына сәйкес келмейтіні туралы сөз бола бастады. Түркі халықтары жазуын реформалау мәселесін алғаш тағы әзірбайжан ғалымдары сөз етті. Жәдидшілдік, мұсылманшылдық өрлеген кезде Түркияда латын әліппесінің қозғалысы күшейе түсті. 1908 жылы Түрік парламентінде жаңа әліпби мәселесі көтеріліп, комиссия құрылды. Алайда комиссияда ауызбілік болмағандықтан, бір жылдан кейін тарап кетті [17, 9 б.].

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Әзірбайжанда әліпби өзгерту мәселесі қайта көтеріле бастады. 1919 жылы Бакуде Халық ағарту комиссиаты жанынан әліпбиді өзгерту мәселесі бойынша комиссия құрылып, бір жыл ішінде латын әліпбиін үйрету мәселесін қойды [17, 9 б.].

ХХ ғасырдың 20-жылдары кеңес үкіметі әліпбиді алмастыру мәселесін көтерді. Араб әрпінен латын әрпіне көшу шараларын іске асыруда үкімет тарапынан арнайы дайындық жұмыстары жүргізілді. Якут республикасы 1921 жылы латын әліпбиіне көшті. 1919 жылға дейін арнайы жазуы болмаған Якутияның «Батлинговский» атанған орыс әрпіне негізделген жазуы бар еді. 1919 жылы якут студенті мерзімді басылым бетіне латын жазуы негізінде якут әліпбиінің жобасын жариялап, халық талқысына ұсынды. Ол кең қолдау тауып, барлық мектептер мен жоғарғы оқу орындары осы әліпби негізінде оқыта бастады. 1921 жылы Якут автономиялық республикасы жарияланғаннан кейін Новгородов үлгісіндегі латын әліпбиі мемлекеттік әліпби ретінде қабылданды [17, 9 б.].

1922 жылы 30 қаңтарда Бакуде Нариман Нариманұлының ұйымдастыруымен араб жазуын латынға алмастыру мәселесін көтерген түрік оқығандарының жиналысы өтті. 1922 жылы орыс графикасына көшіруге қарсы болған бұқара халықтың наразылығын ескеріп, комитет төрағасы Н.Нариманов (С.Агамоллоглы) араб жазуын латынға ауыстыру туралы ұсыныс жасады. Ұзақ талқылаулардан кейін бұл ұсыныс қабыл алынып, Н.Нариманұлының төрағалығымен жаңа әліпбиге көшуге байланысты арнайы комитет құрылды.

Комитет «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап шығарып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. 1924 жылы Әзірбайжан үкіметі латын әліппесі негізінде құрылған жаңа әліпби шығару туралы декрет қабылданды [17, 9 б.].

Башқұрттар 1924 жылы жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтеріп, Ташкентте өткен II пленумнан кейін Башқұрт үкіметі жаңа әліпби жобасын жасап, оны 1928 жылдың 7 мамырында бекітті. Жаңа латын әліпбиіне армяндар 1924-1925 жылдан бастап көше бастады, 1926-1927 жылдары бұл елде 30 шақты жаңа әліпби ұялары мен үйірмелері болып, оған 1460 адам мүше болса, 1928 жылы мүшелерінің саны 2800-ге дейін жетті [17, 9 б.].

Абхаз республикасы 1925 жылы профессор Н.Я.Маррдың әліпбиін қабылдады. Түркімен КСР-да 1927 жылдың 7 сәуірінен бастап жаңа әліпби комитеті құрылып, 1928 жылы 3 қаңтарда Ташкентте өткен II пленумда Түркімен Республикасы Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен латын әліпбиі мемлекеттік алфавит ретінде жарияланды [17, 10 б.].

Түрімендер жаңа әліпбиге көшудің нақты мерзімін 1929 жылдың 5 қарашасына дейін аяқтауды белгіледі. 1926-1927 жылдары Өзбекстанда латын әліпбиіне көшуге арналған 19 дайындық курс ашылды [17, 10 б.].

1923 жылдан бастап Қазақстанда да латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесі көтеріле бастады. 1923-1927 жылдар аралығында жаңа әліпбиді қолданушылар мен бұрынғы әліпбиді жақтаушылар арасында да тартыс, талас басталды. 1925 жылдан бастап жаппай латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрылды. 1925 жылы Н.Төреқұловтың «Жаңа әліпби туралы» атты кітабы басылып шықты. Қазақстанда латын әрпіне көшу мәселесін Нәзір Төреқұлов пен Мұхтар Мурзин көтерді. Олардың бұл бастамалары 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының жиналысында үлкен айтыс-тартысқа түсті. Н.Төреқұловтың «Жаңа әліпби неге керек?» деген кітабы Мәсеуде жарық көрді.

1924 жылы Қазақ білімпаздарының съезінде Халел Домұхамедұлы латын әрпін алуға қарсы болғанмен, латын әріптерінің жобасын жасауға қатысады. «Ақ жол» газетіне жариялаған «Қазақ тіліне латын әрпін алу мәселесі» деген мақаласында: «Өзіміздің осы күнгі әрпімізді бірден тастай салып, латын әрпін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та латын әріптерін біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек», – дейді. Ғалым латынның 14 әрпі (а, б, д, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, з) қазақ әрпіне сәйкес келетінің, сондықтан оны өзгеріссіз қабылдауды ұсынды. Ал ң, ө, ш, қ, ч сияқты әріптердің латын тілінде жоқтығынан айта келіп, оған лайықты шет тілдерде (неміс, ағылшын, поляк) қолданылып жүрген әріптерді жазуға болатының көрсетеді. Мәселен, «ш» әрпін ағылшындарша «sh» деп жазуды ұсынады. Ол әріптерді латынша таңбалағанда, еуропалықтардан алысқа кетпей, солардың қолданып жүрген таңбаларын қолдану қажеттігін де баса айтады [17, 10 б.].

1925 жылы Орта Азияның халық ағарту саласының қызметкерлері әзірбайжандықтарға латын әліпбиіне көшу тәжірибесімен бөлісуді өтінген арнайы хат жолдады. Осы жылы Солтүстік Кавказ тау халықтарының ағарту

саласына арналған 2-конференциясында ингуш, кабардин, карашай, әдігей, шешен халықтарының жазуын латынға көшіру туралы шешім қабылданды. [17, 11 б.].

1926 жылы ақпан-наурыз айларында Баку қаласында өткен I түрікшілер съезінде жаңа латын әліпбиін қабылдау мәселесі дауысқа салынып, 7 дауысқа қарсы 101 дауыспен латын әліппесін жақтаушылар басым түсіп, латын әліпбиі негізінде құрылып, жаңа түрік әліпбиін алу туралы қарар қабылданды. Съезде Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Әзиз Байсейітов, Нәзір Төрекұлов және т.б. қатысты. Съезге қатысушылардың бір тобы араб әрпінің түркі халқы үшін маңызды екенін айтса, екінші топ латынға көшу қажеттігін сөз етті.

Түрікшілер съезінен кейін түрік республикаларында жаңа әліпбиі ұйымдары құрыла бастады. Ұйымдардың басты мақсаты – халық арасына латын әліпбиінің қолайлылығын түсіндіру болды. Әзірбайжан, Закавказ Республикалары, Түркістан, Қырғызстан, Солтүстік Кавказ елдері латын негізді жаңа әліпби алу туралы декрет қабылдады. [17, 10 б.].

Түркілік бағыт. Ең алдымен графикасы реформалау жөнінде пікір айтқан әзірбайжан жазушысы Мырза-Фет-Али Ахундовтың сол кезеңде мақалалары жарияланып, әліпби жобаларын жасаған болатын, сонымен қатар әліпби майданында ерекше еңбек еткен парсы әдебиеттанушысы Мырза Мелькем-Ханомның, парсы ханзадасы Мырза-Риза-Ханның, «Shardi Rus» (Русский Восток) газетінің редакторы Мемед-Ага-Шах-Тахтиннің, түрік оқымысты Гази-Мұхтар-Пашаның есімдерін ерекше атауға болады.

Жазу проблемасына байланысты туындаған түрлі қарама-қайшылықты көзқарастарды, түркі тілдес халықтар жазу жүйесіндегі кемшіліктерді байқаған орыс миссионерлері осы сәтті өз мүдделеріне пайдалану мақсатында жобаларын дайындап, тәжірибеге енгізуге тырысып бақты.

Миссионерлер қазақ тілінің тілдік болмысын құрту үшін саяси астармен «араб жазуы қолайсыз», «қазақ және басқа түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін беруге икемсіз» деген ұранмен орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасап, оқулықтар шығара байтайды. Олар орыс жазуына көшіруді орысша оқыған қазақ жастары арқылы жүргізеді. Түркі тілдес халықтардың кітаптары араб әрпімен жазылса, бұл кезешекте орыс жазуының үстемдік алуына кедергі жасайды деген миссионердік оймен алғаш қазақ әліпбиін орыс графикасына негіздеп, жоба да ұсынады. Мысалы, Н.И. Ильминскийдің қазақ тілінің дауысты дыбыстарына 8 әріп (а (ä), é (e); ы, і, о, ö; у, ү), ал дауыссыз дыбыстарына 19 әріп (п, б, м, w, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, j, к, í, нь) арнаған жобасы, 1897 жылы В.В. Катаринскийдің 21 әріптен тұратын әліпби жобасы және А.Е. Алекторовтың 38 әріптен тұратын әліпби жобасы жарияланған болатын. Дегенмен, мұндай жоба-ұсыныстарға бірқатар қазақ оқығандары қарсылығын байқатқан.

Түркі халықтарына ортақ жазу үлгісін жасау проблемасы сонау 20-30 жылдары көтерілген. 1926-1928 жж. 20 шақты халықтың жазуы латын графикасы негізіндегі жазу бойынша бірыңғайластырылды. Әліпбиді бір ізге

түсіру мақсатында латын графикасынан өзгеріссіз 25 таңба алынады (a, b, c, d, e, f, g, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, x, y, z), Ал әр халықтың төл дыбыстарын толық бейнелеу үшін тағы да мынадай таңбалар енгізіледі[18,10].

6-Тақырып. Түрік, өзбек және әзірбайжан тілдерінің латын әліпбиіне көшудегі реформаларының негізгі принциптері.

Түркі жазбаларының мейлінше ерте мысалдардың бірі орхон-енисей жазулары деп аталатын көне түркі руникалық жазба екендігі белгілі [10, 10 б.]. Осы уақытта түркі тілдері бірнеше жазу жүйелерін қолданады: араб, грек, кирил, латын және басқа.

Түркияда көптеген жылдар бойы, XX ғасырға дейін, түріктің төл сөздерін жазуға келінкіремейтін араб әліпбиінің түрік үлгісін пайдаланды. Араб тілінде көп дауыссыздар бар, ал түрік тілі дауыстыларға бай: сол кездегі әліпби түрік тілінің дыбыстық құрылымын толық бере алмады, сондықтан реформа қажет болды.

Латын графикасына негізделген заманауи түрік әліпбиі 1928 жылы Ататүрк бастаған түрік тілін реформалау аясында қабылданды. Түркия түрік мемлекетінің ұлттық идеясының идеологиясын негіздеу мақсатында арабицадан латиницаға көшті. Түрік әліпбиінің таңбалары Еуропа тілдерінің әртүрлі әліпбилерінен алынған.

Латын графикасы негізіндегі заманауи түрік әліпбиі түрік тілінің фонетикасына бейімделген және 29 әріптен тұрады (Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Ff, Gg, Ğğ, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Yy, Zz). Олардың ішінде базалық латын әліпбиінен тыс алты әріп бар, ал базалық әліпбидің 3 әрпі Qq, Xx, Ww пайдаланылмайды.

Түрікмен орфографиясын қарапайымдау мақсатында жазбаны латиницаға көшіру шешіліп, 1990 жылдары түрікмен әліпбиі латын графикасы негізінде 3 рет қабылданды:

- 1992 жылғы үлгісінде 26 әріп Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Qq, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz болды, олардың ішінде 3 әріп Qq, Vv, Xx кирил графикасындағы әліпбидің Өө, Үү, Ыы әріптерін дәстүрсіз ауыстыру, ал 5 диграф Ea ea, Jh jh, Ng ng, Sh sh, Ts ts түрікмен тілінің айрықша дыбыстарын таңбалау үшін ұсынылды.

- 1993 жылғы үлгісінде 30 әріп Aa, Bb, Çç, Dd, Ee, Ää, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, ££, Kk, Ll, Mm, Nn, Ññ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, \$¢, Tt, Uu, Üü, Ww, Yy, ¥ü, Zz, олардың ішінде 3 валюта таңбасы ££, \$¢, ¥ü және 5 диакритикалық әріп Çç, Ää, Ññ, Öö, Üü түрікмен тілінің айрықша дыбыстарын таңбалау үшін ұсынылды [6, 78 б.];

- 1995 жылғы үлгісінде 30 әріп Aa, Bb, Çç, Dd, Ee, Ää, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Žž, Kk, Ll, Mm, Nn, Ññ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Ww, Yy, Ýý, Zz болды, оның ішінде базалық латын әліпбиіне кірмейтін 8 әріп түрікмен тілінің айрықша дыбыстарын таңбалау үшін ұсынылды, ал базалық латын әліпбиінің 4 әрпі Cc, Qq, Vv, Xx пайдаланылмады [6, 79 б.].

Сонғы үлгі 2000 жылдан бастап Түрікменияның барлық ресми салада қолданылатын жалғыз қолжетімді әліпбиге айналды.

Түрікмен жазбасын латын графикасына көшіру елдің нақты мүмкіншіліктері ескерілмей жүзеге асырылды, реформадан кейінгі 6 жыл бойы латиницада басылған оқулықтар болмады. Бұл білім беру сапасына теріс әсерін тигізді.

Латын графикасына негізделген өзбек әліпбиі 1990 жылдары 2 рет қабылданды:

- 1993 жылғы үлгіде 31 әріп Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Xx, Yy, Zz, Çç, Ğğ, Ĵĵ, Ññ, Öö, Şş болды, оның ішінде 6 әріп Çç, Ğğ, Ĵĵ, Ññ, Öö, Şş базалық латын әліпбиіне кірмейді және олар өзбек тілінің айрықша дыбыстарын таңбалауға ұсынылды;

- 1995 жылғы үлгіде базалық латын әліпбиіне кіретін 24 әріп Aa, Bb, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Xx, Yy, Zz және 1 таңба ' - аксантик болды. Мұнда базалық латын әліпбиінің 2 әрпі Cc және Ww пайдаланылмай қалды, ал бұрынғы үлгідегі Çç, Ññ, Şş Ğğ, Öö диакритикалық әріптер Ch ch, Ng ng, Sh sh, G' g', O' o' диграфтарға, ал айрықша әріп Ĵĵ базалық латын әліпбиінің Jj әрпіне сәйкес ауыстырылады [6, 79 б.].

Өзбек тіліндегі диграфтар Ch ch, Ng ng, Sh sh, G' g', O' o' әліпби әріптері деп есептеуге болмайтындығын және олар тілдің орфографиялық емшелері екендігін ескеру керек [6, 79 б.].

Әзірбайжан жазбасын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру 1991 жылы басталып 2001 жылы аяқталды Жаңа әліпбиде 32 әріп Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Ğğ, Hh, Xx, İi, Ii, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Yy, Zz болды, олардың ішінде 8 әріп базалық латын әліпбиі және базалық латын әліпбиінің 2 әрпі қолданылмайды [6, 80 б.].

Әзірбайжан тілінің кириллицадағы әліпбиі құрамынан латиницаға өтерден әлде қайда бұрын орыс тілінен енген сөздерді жазу үшін қолданылған Цц әрпін 1947 жылы, ал Ээ, Юю және Яя әріптерін 1958 жылы шығарып тасталынды. Латын графикасы негізіндегі әзірбайжан әліпбиінің алғашқы жобасы Əə әрпінің орнына Ää әрпі пайдаланған [6, 80 б.].

Жоғарыда айтылған түркі тілдерінің әліпбилерінде, өзбек әліпбиінен басқа, әріптердің кейбіреулері базалық латын әліпбиіне енбейтіндігін және олардағы әріптердің өзара орналасуы базалық латын әліпбиіндегіден бөлек болғандықтан компьютерлер мен программалық қамту буындарының әрбір ауысуында әжептәуір қаражатты қажет ететін деректерді сұрыптау мен іздеу программаларын қайта жасап отыру керек, себебі базалық латын әліпбиі үшін олар автоматты түрде орнатылады.

Өзбек әліпбиінде диграфтардың екінші сыңары ретінде ' – аксантик (апостроф) таңбасы пайдаланылады. Ол программалау тілдерінде арнаулы символ ретінде мәтіндегі фрагменттерді ерекшелену үшін қолданылады. O' o' және G' g' әріптерімен сәйкес таңбаланған (ө) - [o] дыбысы танылмайды, айқындалмайды, бұл керек емес жағдай [6, 80 б.].

7-Тақырып. 1929-1940 жылдар аралығындағы қазақ-латын әліпбиі тарихы.

1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі қазақ тілінің айтылымы бойынша жазылды. Аталған кезеңде ауызша каналдың функциясының басымырақ болуы негізгі фактілер болып, сөздердің дыбыстық жағынан өзгерген түрлеріне басымдық берілді. Кірме сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеліп, сөз жасау формаларына икемделді. тілдік базадағы материалдардан байқағанымыз, 1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағындырылды. Яғни 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздер дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, сындырылып («қазақшалап») жазу үрдісіне бағынған. Жалпы алғанда аталған кезеңде «кірме» дыбыстар ұлттық орфографиялық жүйеге сәйкестендірілді. 1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздерде дыбыстық алмасулар арқылы, комбинаторлық, позициялық фонетикалық процестер арқылы жасалған эпентеза, протеза сияқты тілдік құбылыстар молынан байқалады.

XVIII ғасырдың басында кирил әліпбиінің негізінде Петр патша арнайы жасаған және орыс тілін жазуда беру үшін өте тиімді икемделген орыс әліпбиі өзге жүйедегі қазақ тілінің (кеңірек айтқанда – түркі тілдерінің) дыбыстық жүйесін беруде үлкен қиындықтар туындатып отыр. Шешілуі қиын болып отырған кедергілер аз емес деуге болады – орфографияның күрделенгендігіне сөз жоқ, ал күрделі орфография орфоэпияға, айтылымға кері әсерін тигізеді. Ә.Жүнісбек қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ дейді. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады деген еді [18, 19 б.]. Қазіргі кездегі қазақ тілі қолданылып отырған ортадағы өзгеріске ұшыраған тілдік ахуалды ескерген жөн. Егер 40-50 жыл бұрын қазақтар өздерінің ана тілдерін жетік біле отырып, орыс тілін меңгерсе, кейінгі онжылдықта қазақтардың басым бөлігі балаларын орыс мектептерінде оқытқан жағдайдарда, енді орыс тілі арқылы ана тіліне қайту үрдісі бел алып отыр. Әрине, осындай жағдайдағы әліпбилердің ұқсастығынан қазақ тілінің нағыз табиғи айтылым нормаларын жетік меңгере қою аса қиын шаруа. Сондықтан да әліпбиді жетілдіру мәселесі, ең алдымен тілдің қазіргі кездегі жағдайына қамқорлық таныта отырып, тілді дамыту перспективасын және оны сақтау шараларын қамтиды. Сөзімізді түйендей келе мынадай қорытынды шығаруға болады: туыстығы әр басқа екі семиотикалық жүйеге қызмет ететін таңбаларды (орыс және қазақ тілі) біріктіруге болмайды.

Араб әрпін қолданып жүрген кезімізде сөздің басында дауысты дыбыс тұра қойса, жазғанда оның алдыңғы жағына бір «әліп» әкеліп сүйеп, мұны «сүйеу таяқ» деп атаушы едік. Бұл шынында да сүйеу таяқ қана еді. Өйткені дауысты дыбыстың алдынан қойылған «мәтсіз әліп», басқа әріптердей, белгілі бір дыбыстың таңбасы болмайтын-ды. Ол тек – ескі әдеттің нендей оңбағандығынан да безіп кетуге батылы бармайтын, шығандап шауып соны

жол сала алмайтын, дағды құлы мешеудің көкірегіне демеу, жанына сүйеу болу үшін ғана керек еді. Сонда да сол түкке керегі жоқ сүйеу таяқ араб әліппесін жамап кигенімізден кейін де он бір жыл өмір сүріп, 1924 жылы ғана қазақ жазуының еңсесінен шақ түсті. Орыс әліппесі мен емлесінің денесіне неше жылдай сүлік болып қадалып келген ъ-пен «ять»-тердің 1905 жыл революциясында қызу көтеріліп барып, реакция дәуірінде бойын жасырып келіп, 1917 жылда қайтпайқа кетуі кездейсоқтық, немесе, жай тұспа-тұс келгенлік емес қой [19, 245 б.].

Араб әліппесінің біздің тілімізге үйлесімсіздігін жұрт ерте-ақ сезе бастаған болатын. Қазақ тілінде жазылған қағаздардың қандай ерте кезден қалғандарын алып қарасаңыз да, жазуды дағды қылған адамның ісі болса, онда араб әріптерін қазақ дыбысына шақтау, белгілі бір әріп, белгілі бір таңбаны белгілі орындарда белгілі бір түрде қолданған емле элементтерін көрсетеміз. Мәселен, с дыбысының жуан естілетін жеріне сат, жіңішке естілетін жеріне сын жазатын, т дыбысының жуан естілетін жеріне тай, жіңішкесіне ти жазатын. Жуан з-ның орнына бірде зат, бірде зай жазып, жіңішке з-ның орнына зій жазатын. Тағы-тағы осындай әркім өзінше өз бетімен болса да, көпшілігінде белгілі бір қалыпқа айналған «емле іздеушілік» өте ерте кезден-ақ басталған сияқты. Дауысты дыбысты таңбалаудан осындай стихия түрінде іздену болғандығы сезіледі.

Байтұрсынұлы жамап шығарған әліппе мен емле қазақ дыбыстарын жіктеу, таңбалау жөнінде дәлірек, түгелірек болған болса, онда оның өз бетімен тауып шығарған нәрсесі болмайтын-ды [19, 246 б.]. Ильминский, Мелиоранский, Радлов сияқты оқымыстылар, Ронгинский, Алекторов сияқты миссионерлер орыс әрпімен таңбалап қазақ әліппесін шығарғанда, осы Байтұрсынұлы «тапты» деп жүрген дыбыстардың бәрі де ашылған болатын-ды. Ахметтен көп бұрын қазақ тілі мен оқу құралдарын шығарғанда, а мен ә, о мен ө-лер барын, немесе с, т-лардың жуан-жіңішкесіне әріп алудың керексіздігін Ыбырай Алтынсариндер Ахметтен үйренбеген-ді [19, 247 б.]. Егер осы күншығыстылар мен миссионерлер шығарған әліппе болмаған болса, Байтұрсынұлы әліппесі де болмайтын еді.

Байтұрсынұлының араб әрпіне кіргізген өзгерісі – бірқатар әріптердің үстіне үтір, мэт қою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшілікке алу (бұл екі), қосар әріп енгізу (мұнымен үш). Міне, осы үшеуінің ішінен шынымен Байтұрсынұлы шығарды деуге жарарлығы – қосар әріптер. Өйткені үтір қобды алдымен Түркияда Шамсиддин Сами шығарған, онан кейін Татарстанда Қажом Насири, бұның артынан Нади Махсудов осы күнгі біздің у, ү әріптерінің орнына жұмсаған. Н. Махсудов өзінің жазған кітаптарында да, «Юлдыз» дейтін газетінде де «үтірлі уауды» үзбей отырған. Мэт пен әмзе таңбаларын да жуан а мен жіңішке ә орнына алу солардан қалған-ды. Сүйеу таяқ болса, бұл бұрыннан болатын. Бұрын болғанда, бұл – Қожа Ахмет Йассауи да, шағатай жазушыларында да болып отырған. Дауысты дыбыс алдынан сүйеу а қою әдеті арабша жазуға ескі ұйғыр әліппесінен (осы күнгі монғол әліппесі сол ұйғыр әліппесінің негізінде) қалды деуге толық қақымыз бар; өйткені ескі ұйғыр

жазуында сөз басындағы дауысты дыбыс алдына а қою бар-ды. Әйтпесе араб жазуының өз әдетінде бұл жоқ. Бірақ, ескі ұйғыр жазуы кезінде бұл сүйеу таяқ емес, бар дыбыстың таңбасы болса керек.

Сонымен Байтұрсынұлының сыбағасына еркін тиетіні – жалғыз-ақ қосар әріптер [19, 248 б.].

Әрбір жеке дыбыстың қай жерде қандай болып ұшырайтынын анықтау үшін бүгінде ғылым түрлі аппараттар қолданып, эксперимент жолымен мәселенің түйінін шешіп отырады. Бірақ біздің қазақ тілі дыбыстары мұндай эксперименталь зерттеу көрген емесу мына дыбыстары қосар дыбыс деп жүргендер де ғылым қорытындысына сүйеніп айтып жүрген жоқ, әркім өз көңіл орайымен соғып жүр. Сондықтан, бұл турады қазақ тілін зерттеген оқымыстылардың пікірін шолып қаралық.

Латындандыру барысына ұлт республикалары Орталық Атқару Комитеті, өлкелік, аудандық атқару комитеттері жанындағы бөлімдер белсене араласты. 1927 түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліпбидің Бүкілодақтық Орталық комитеті құрылды. Осы кезден бастап латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу жұмыстары жаңа қарқын алды. Комитеттің осы жылғы маусым айында болған 1-пленумында республикаларда жасалған жаңа әліпби жобалары қарастырылып, түркі елдеріне бірыңғай әліпби жасалды. 1927 жылдың басында Қазақстанда жаңа әліпби Орталық комитеті құрылып, оған Нығмет Нұрмақов төраға болып сайланды. «Жаңа әліпбишілер қоғамы» (қысқаша «ЖӘҚ») Жарғысын қабылдап, қазақ халқына латын әліпбиінің маңызын түсіндіріп, көшуге үгіттеу мақсатын көздеді.

1928 жылдың басынан мектептерге жаңа әліпби енгізіле бастады. Халық ағарту комиссариаты коллегиясының 1928 жылдың 3 қаңтарындағы шешіміне орай барлық техникумдар мен оқу-ағарту институттарында ана тілін оқыту жұмыстары қолға алынып, барлық жазба жұмыстар жаңа әліпби негізінде жүргізілді. Қазақстанның ірі қалаларында губерниялық жаңа әліпби комитеттері, қоғам, ұйымдар, үйірмелер құрыла бастады. 1928 жылдың ортасында Қазақстанда 58 әліпби қоғамы құрылды. Олардың 48 қоғамының 3546 мүшесі болды [17, 12 б.].

1929 жылдың 24 қаңтарында ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаров пен осы комитеттің хатшысы А.Асылбековтің қол қоюымен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 6-шақырылымының IV сессиясының шығарған шешіміне сәйкес жаңа латын әліпбиі бекітілді. III пленумнан кейін қазақ латыншыларының конференциясы өткізілді. Онда 1929 жылдың аяғына дейін Қазақстанның 75 000 адамына жаңа әліпбимен хат танытып, 600 000 – 700 000 дана жаңа (латын) әліпбиін ел арасына тарату қажеттігі баса айтылды. 1929 жылдың 26 ақпанында жаңа қазақ әліпбиін енгізудегі Қазақ АКСР IV сессиясының шешімдерін уақытында орындау мәселесі қаралып, 1929 ж. 1 сәуірінен бастап бүкіл мекемелерге жаңа әліпбиді енгізу, осы мекемелердің қызметкерлеріне 1 маусымына дейін жаңа әліпбиді үйренуді міндеттеу және жаңа әліпбиді үйренуде оқу кітаптарын, қосымша

құралдар шығару, жаңа әліпбиді үйрететін орындар ашу туралы қаулы қабылданды [17, 13 б.].

1929 жылдың 2-4 маусымында Халық ағарту комиссариаты мен Орталық жаңа әліпби комитетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми-орфографиялық конференциясы өткізілді. Осы конференциядан кейін 1929 жылы 25 шілдеде ҚАКСР ОАК-нің VII шақырылымында 1924 жылғы ескі әліпбидің орнына жаңа қазақ орфографиясын бекіту, жаңа қазақ орфографиясын «Еңбекші қазақ» газетіне жариялағанға дейін КАКСР-нің мемлекеттік және қоғамдық ұйым мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында енгізу, сонымен қатар барлық кітаптар мен мерзімді басылымдарды, бағалы арнайы қағаздарды, мөрлерді, таңбаларды және т.б. жаңа әліпбиге көшіру, жаңа латын орфографиясын кең түрде насихаттау үшін кітапшалар, тізбелер мен орфографиялық сөздіктер шығару, Халық Ағарту комиссариатына тез арада жаңа әліпби бойынша шетел сөздері – терминдер туралы сөздіктер шығару жөніндегі қаулы қабылданды. Сөйліп, бұл қаулыдан кейін Қазақстанның 1929 жылы маңдайшалар, мөрлер, таңба және басқа да мекемелік атрибуттар толықтай жаңа әліпбиге көшірілді [17, 15 б.].

Жаңа түркі жазуының негізін ұзақ талқылау мен өңдеуден кейін 1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «Жаңа қазақ алфавитін енгізу туралы қаулы» қабылдады. 1929 жылдың 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариаты қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін 1930 жылдың 14 тамызына, яғни Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтауды белгіледі. Осы қаулы бойынша латын әліпбиінің енгізілу барысын тексеруге арналған комиссия құрылды [17, 16 б.].

Халық комиссарлар кеңесінің 1930 жылғы 23 қаңтардағы қаулысын сәйкес осы жылдың 15 ақпанынан бастап барлық басылымдар толықтай латын әліпбиіне көшірілді. Бір мезгілде эксперимент ретінде «Жаңа мектеп», «Жаршы» және «Қызыл әскер» сияқты мерзімді басылымдар 1927 жылдан жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады. 1930 жылдың ақпан айынан «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» және басқа да мерзімді басылымдар түгелдей латын әліпбиіне көшірілді [17, 16 б.].

Қазақстандағы жаңа әліпби қозғалысының барысы жөнінде Санжар Асфендияров баяндама жасады. Ол жаңа әліпби комитеті барлық басылымдар мен іс қағаздарын жаңа әліпбиге көшіруді Қазақстанның 16 жылдығына орай 1930 жылдың 4 қазанына толық аяқтауды міндеттеп отырғанын баса көрсетті [17, 16 б.].

Баспасөз беттеріндегі айтыстардың қорытындысы 1927 жылы әуелі Ташкентте, кейін Қызылордада өткен конференцияларда талқыланады. Латын әрпін жақтаушылардың бірі – Ә.Байділдаұлы жаңа әліппеге көшу себебіміз – бұрынғы араб графикасының кемшілігі көп болғандықтан деп, бірнеше белгісін көрсетеді:

1. Бір дыбысқа бірнеше таңба (сөз басы, ортасы, соңы) қолданылған;

2. Араб әріптерінің көбі бір түсті, астына не үстіне қойылған нүктелерсіз айыру қиын;

3. Сөздерді жазғанда оңнан солға қарай жазылады, ал цифрларды жазғанда, солдан оңға қарай қайта ораламыз;

4. Алгебра, геометрия, физика сияқты ілім кітаптары барлық жұрттарда латын әрпімен жазылады, араб әрпі оған үйлеспейді;

5. Әріптері біркелкі емес, бірі – үлкен, бірі – кішкене;

6. Араб әрпін музыкада (нота жазуда) қолдану қиын;

7. Араб әрпімен жазуда көп қаражатты керек етеді, баспа ісіне қолайсыз. [17, 18 б.].

Малдыбайұлы Біләл «Жаңа әліпби туралы» деген мақаласында Ақымбетұлы Илияс, Жаңақымет сияқты араб әрпін жақтаған азаматтарға жауап ретінде латын графикасының өзгешеліктерін көрсетеді. Атап айтқанда:

1) Әліпби өзгерту мәселесін еңбекші таптың мәдениеті өз өміріне үйлестіруімен сабақтастырылады;

2) Әліпби өзгертумен ғана мәдениетке жете алмаймыз деген арабшылардың сөзіне қадым, жәдиттен бастап әліпби таңбалары өзгеріп келе жатқанын қарсы қояды.

Молдабайұлы Біләл араб жазуында нүктелердің болуын кемшілік ретінде көрсете келіп, жаңа графикаға үйретуге мынадай жол ұсынады: «Латын әліпбиімен ірі жазуға дағдыландырып, артынан ұсақ жазуа көшсек, екі жазудың түрі бірдей болып кетеді» [17, 15 б.]. Яғни сауаттанушылар алдымен латын әріптерін өте ірі етіп жазып, біраз үйренген соң ұсақ етіп жазуға дағдыландыру керектігін айтады.

Латын графикасын жақтаушылар бұл іске көбінесе саяси астар бермек боланы байқалады, араб әрпін жақтаушыларды біресе «ескішіл» деп кіналаса, енді бірге олардың әрбір істерін «бұқбантайлық» деп атайды. Мұндай сарынды О.Жандосұлы мақаласынан да байқаймыз: «...Ырасында жаңа әлібби – октәбір әліббиі. Бұл даусыз Ағаманыұлы Жолдасты» (одақтық жаңа әліпбиі комитетінің төрағасы) пленумда: «Жаңа әліпби мұрмыстың барлық тауарларына жан береді. Тариқ көзімен қарағанда, арабшылар ағылшын жиангерлері жағында болды» деген сөзі ып-ырас» (О.Жандосұлы «Жұмысшы-шаруа әліпбиі» («Еңбекші қазақ» 1929 жыл, 20 қаңтар).

А.Байтұрсынұлы бастаған араб графикасын қолданушылар әліпби таңдаулы ғылыми тұрғыдан негіздеуге тырысады. А.Байтұрсынұлы «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолаңды болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ» – дей келіп, әліппенің қайсысы дұрыс болатынын тексеруді мынадай негіздерге сүйенеді:

1) Тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?

2) Қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?

3) Қайсысымен жазу, жазылғанды оқу жеңіл?

4) Қайсысы баспаға қолайлы?

5) Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6) Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

1927-1928 жж. «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Лениншіл жас», «Тілші» газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикасымен басылған тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: a, b, c, d, t, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z және (Тілші, 17.09.1927). Мұндағы ғ – q, ы, і – ь фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.1928) ғ – q, ы, і – ь ғ – q, ы, і – ь етіп берді. Z – табасы сызықсыз жазылып, дәйекшемен ауыстырылды [1, 20].

1927 жылы 24 сәуірде Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н.Төреқұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен, латын жазуына көшу басы ашық міселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпби жобасын жасайды. Ол Е.Д.Поливанов еңбегінде «Аслат'а» деп аталған. Н. Төреқұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: a <a>, e <e>, l <ы>, <i>, o <o>, <ө>, u <ұ>, <ү>, p <п>, в<б>, m <м>, f <ф>, w <у>, t <т>, q <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, c <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, y <й>, k <к>, g <г>, q <қ>, x <х>, h <h>, ъ <ң>, ə <ə>, ' Әліпбиде <ф>, <х>, <h>, <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ə> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926 ж. құрылтай қаулысына сәйкес емес ə, p, ъ таңбаларын жасайтын [17, 18 б.].

Н.Төреқұловтан кейін Х.Досмұхамедұлы латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып, латын әліпбиінің жобасын құрады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. Х.Досмұхамедұлы әліпбиінде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостоф (') пен дәйекше ауыстырылады: a, b, d, e, g, l, k, l, m, n, o, ө, p, r, s, sh (ц), t, u, y, z, к', h, ch (ш), tsh (ч), f, k, g', n'. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ц>, <щ> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <қ>, <ғ>, <ң> фонемалары к', g', n' арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екіше мәрте көрсететін кезі бар: *k'or* – *көр*, сондай-ақ басқа функцияда да (n'<ң>) жұмсалады. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл І түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді [17, 18 б.].

1929 жылы 24 қаңтарда қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын «Жаңа алфавит туралы Қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен халық Комиссарлар кеңесінің қаулысы шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады.

Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты және 20 дауыссыз фонема әріп белгіленеді, барлығы – 29 таңба, 9 дауыстысы мен 20 дауыссыз фонемаға әріп арналды [17, 22 б.]. <Қ>, <ғ>, <к>, <г> <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының жеке таңбасы болды. ь <ы> таңбасы орыс алфавитінен алынды, q <ғ>, џ <ж>, ъ <ң> таңбалары диакритикасы болды және одағайларда ғана қолданылатын, араб-

парсы тілдерінен енген сөздердегі *h* дыбысына жеке әріп (*h*) белгіленді. Алфавитте бұдан басқа кірме сөздерде кездесетін әріптер берілген жоқ. Соған байланысты кірме сөздерді, терминдерді таңбалауда қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері ескеріліп, шеттен енген сөздер емле ережелері бойынша қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарына бағындырылды.

Одақтық жаңа әліпби комитетінің III пленумында қатысқандар жаңа әліпбиді «Жұмысшы қара шаруа әліпбиі» деп айту керек деп ұсыныс айтты. Латын әліпбиін енгізу шаралары іске асты. Мысалы, Ораз Жандосұлы «Жұмысшы қара шаруа әліпбиі» деген мақаласында мынандай міндеттерді көрсетеді:

1) Жаңа әліпбиге көшуді шындап қолдап, оны іске асыруды үкімет жолы мен міндет қылу сияқты тиісті үкімет шараларын тез қолдану керек;

2) Араб әліпбиіне жұмсалатын бар қаражат бұлағын жаңа әліпбиді өркендетуге жұмсау керек;

3) Жаңа әліпби мен көп етіп әліпби кітаптарын жаңа әрі арзан, әрі елге ұғымды кітаптар бастырып тарату керек;

4) Алдымен қала-қалада аңа әліпби сауатсыздығын және ісін қолға алу керек;

5) Мәдениет майданында қатар түзеп, қаладан ауылға аттаныс жасау сүйтіп жаңа әліпбиді миллиондаған қара шаруа бұқарасы арасында тарату керек.

Одақтық жаңа әліпби кіндік комитеті құрылды. Кіндік комитетінің әр түрік республикасынан өкілдері болды. Кіндік комитетінің төрағасы Самат Ағаманұлы болды.

1929 жылдың жаңа оқу жылынан бастап, Қазақстанның барлық оқу орындарында оқуды жаңа әліпбимен жүргізуге шешім қабылданды. 1929 жылдың 20 ақпанынан бастап «Еңбекші қазақ» газетінде «Үроки казахского языка для европейцев» деген атпен жаңа әліпби сабағы (80 сабақ) жүйелі түрде басылып тұрған. Сонымен қатар газет бетінде наурыз айынан бастап кей мақалалар латын графикасында беріле бастаған. Мысалы, Т.Шобанұлының «Шет сөздер імләсі жайында» т.б. мақалалар латын графикасымен жарық көрген [17, 23 б.].

Жаңа әліпбиге көшуге байланысты емле мәселесінде бірқатар таластар, қайшылықтар болды. 1929 жылғы 18 ақпанда «Еңбекше қазақ» газетінің бетінде Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланды. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан оқу комиссариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, жан-жақты емлеге енген өзгерістерге оқушылардың пікірін сұрайды. Ондай өзгерістер:

1) Ұзын «ұу», «сұу», «асыулар» бір түрде (уу) жазылып, (жіңішке естілгенде де) бір түрде уу жазылсын;

2) Бірнеше түбірден құралған бір мәнілі сөз (*бас алқа, от арба, жел бау, көзі қорақты, жол соқты, аты сұрау, қан сқрау, күн елту, әр кім, бір жола, еш деңе*) тұтас жазылсын;

3) «Кежеғұл», «Аягөз», «кетпен», «жоңқа», «Бұрамбай» сияқты бір мәнілі сөздердің ішіндегі дүдәмал дыбыс естілуінше жазылсын;

4) Бір мәнілі сөз деп қандай сөздерді айтуға болады? Кей бір дыбыстары жоғалып, екі түбірден кірігіп қысқарған сөзді айтамыз ба? Сөйлем ішіндегі мәнісіне (сұрауына) қарап, бір мәнілі деп табу керек пе? Болмаса, басқа өлшеуіш бар ма?

5) Тұтас сөздің ішіндегі «з», «ж», «ш», «с» дыбыстары естілуінше емес, түбірінше жазылсын (*тас – тасша, таз – тазша, тәж – тәжша, ас – асша*);

6) Түбірдің дыбысына жалғау, жұрнақтың дауыссыз дыбысы ықпал етпесін (*түн – түнгі* боп жазылсын, естілуінше *түңгі* боп жазылмасын);

7) Л, р, у, и деп басталатын сөздерде (*рақмет, уақыт, қап*) ы, у дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе жазылмасын;

8) Есімшені «түн» жұрнағы (баратүн, келетүн) естілуінше «тін» болып жазылсын. «үшін», «үркер» сияқты сөздерде ү, ө, і, е жазылсын;

9) Демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*гой, гана, мен*) дыбыстары естілуінше түбір сөздер сызықша мен айырылып жазылсын (*берді-гой, рас-қой, шақ-қана, жүрсек-те, алды-ма, келіп-бе, адам-мен, еп-пен*);

10) Сын есімді күшейтетін үстеу буындар (*қап-қара, оп-оңай*) естілуінше қосылып жазылсын;

11) *Ау, ай* одағайлар сөзге тіркелгенде (*япырмау, жанымай*) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде бөлек жазылсын (*Ай, Асан*) [, 24];

12) *Еке* (*аға, еке*) жұрнағы өзге жұрнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаетеке*);

13) Кейбір көмекші етістіктер (*бар, жүр, еді, ген еді*) етістікпен бірге не сызықша мен айырылып жазылсын;

Осыған байланысты «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде ұсыныстар жасаған, айтысқан т.б. көптеген мақалалар жарық көрді. Мысалы: Байтұрсынұлы А. «Емле туралы» (1929, 27 наурыз); «Қазақстан мен Қазағыстан туралы», Дулатұлы М. «Емле өзгерту жайында», «Емле жайындағы пікірлер», (Ақдәулетұлы Әбділда, Мұқанұлы Сәбит, Есенғали Манабайұлдарының пікірлері) (1929, 28 наурыз); Қайменұлы І. «Емлені түзету туралы» (1929, 10,19 наурыз); Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы» (1929, 9 наурыз); «Әдеби тіл мен емле» (1929, 12 мамыр); Аймауытұлы Ж. «Емле, әріп жайында», «Емлені өзгертуге жоба», «Тағы да емле туралы», Аманжолов С. «Жаңа емленің кейбір дыбыстарын өзгерту, емле мен терминдерді дұрыстау туралы», Омаров Е. «Айнымалы дыбыстардың жазылу мәселелері», Үәлитов Ш. «Емлені өзгерту жайында», Шаймерденов Е. «Ү» мен «И», Байтоғайұлы Б. «Қос сөздер туралы», Омаров Е. «Емле мәселесі», Шонанов Т. «Шет сөздердің імләсі жайында» т.б. атауға болады.

Бас әріп мәселесі латын әліпбиіне көшкеннен кейін талқыға түсті. Әсіресе бас әріпті алу-алмау мәселесі туралы газет бетінде біраз таластар болған. Бұл

мәселеге әсіресе оқытушылар белсенді үн қосқаны байқалады. Ондай мақалалардың қатарына: «Бас әріпті былай алайық» (1929, 26 қараша); «Бас әріп туралы айтыс» (1929, 2 желтоқсан); «Бас әріп керек» (1930, 4 ақпан); «Бас әріп керек не, жоқ па?» т.б. жатқызуға болады. Бұл мәселе латын графикасына көшуге байланысты туындағаны белгілі.

Бүкілодақтық Орталық жаңа түркі әліпбиі комитетінің I пленумында бас әріпті жою не сақтау туралы мәселе қойылып, онда бас әріпті алмау туралы шешім қабылданады. Көп ұзамай бас әріпті кіргізу мерзімі жайында 1930 жылы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысы бойынша алынады (Еңбекші қазақ, 1930. 20 қазан. №232) [17, 25 б.]. 1930 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Бас әріпті алу туралы» қаулысы шығады. Онда 1931-32 оқу жылына арналған оқу құралдары бас әріппен басылсын, барлық мерзімді әдебиет 1931 жылдың бірінші қаңтарына шейін барлық оқушыларын бас әріптің түрі мен ережесімен таныстырып болсын да, сол күннен бастап бас әріпке көшсін, 1931 жылдың қаңтарынан бастап оқу құралдары бас әріппен басталсын т.б. қаулыларды қабылдайды.

1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі қазақ тілінің айтылымы бойынша жазылды. Аталған кезеңде ауызша каналдың функциясының басымырақ болуы негізгі фактілер болып, сөздердің дыбыстық жағынан өзгерген түрлеріне басымдық берілді. Кірме сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеліп, сөз жасау формаларына икемделді. тілдік базадағы материалдардан байқағанымыз, 1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағындырылды. Яғни 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздер дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, сындырылып («қазақшалап») жазу үрдісіне бағынған. Жалпы алғанда аталған кезеңде «кірме» дыбыстар ұлттық орфографиялық жүйеге сәйкестендірілді. 1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздерде дыбыстық алмасулар арқылы, комбинаторлық, позициялық фонетикалық процестер арқылы жасалған эпентеза, протеза сияқты тілдік құбылыстар молынан байқалады.

8-Тақырып. 1929-1940 жылдардағы қазақ тілінің латын әліпбиіндегі жай-күйі.

XVIII ғасырдың басында кирил әліпбиінің негізінде Петр патша арнайы жасаған және орыс тілін жазуда беру үшін өте тиімді икемделген орыс әліпбиі өзге жүйедегі қазақ тілінің (кеңірек айтқанда – түркі тілдерінің) дыбыстық жүйесін беруде үлкен қиындықтар туындатып отыр. Шешілуі қиын болып отырған кедергілер аз емес деуге болады – орфографияның күрделенгендігіне сөз жоқ, ал күрделі орфография орфоэпияға, айтылымға кері әсерін тигізеді. Ә.Жүнісбек қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ дейді. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады деген еді [18, 19 б.]. Қазіргі кездегі қазақ тілі қолданылып отырған ортадағы өзгеріске ұшыраған тілдік ахуалды ескерген

жөн. Егер 40-50 жыл бұрын қазақтар өздерінің ана тілдерін жетік біле отырып, орыс тілін меңгерсе, кейінгі онжылдықта қазақтардың басым бөлігі балаларын орыс мектептерінде оқытқан жағдайдарда, енді орыс тілі арқылы ана тіліне қайту үрдісі бел алып отыр. Әрине, осындай жағдайдағы әліпбилердің ұқсастығынан қазақ тілінің нағыз табиғи айтылым нормаларын жетік меңгере қою аса қиын шаруа. Сондықтан да әліпбиді жетілдіру мәселесі, ең алдымен тілдің қазіргі кездегі жағдайына қамқорлық таныта отырып, тілді дамыту перспективасын және оны сақтау шараларын қамтиды. Сөзімізді түйендей келе мынадай қорытынды шығаруға болады: туыстығы әр басқа екі семиотикалық жүйеге қызмет ететін таңбаларды (орыс және қазақ тілі) біріктіруге болмайды.

Араб әрпін қолданып жүрген кезімізде сөздің басында дауысты дыбыс тұра қойса, жазғанда оның алдыңғы жағына бір «әліп» әкеліп сүйеп, мұны «сүйеу таяқ» деп атаушы едік. Бұл шынында да сүйеу таяқ қана еді. Өйткені дауысты дыбыстың алдынан қойылған «мәтсіз әліп», басқа әріптердей, белгілі бір дыбыстың таңбасы болмайтын-ды. Ол тек – ескі әдеттің нендей оңбағандығынан да безіп кетуге батылы бармайтын, шығандап шауып соны жол сала алмайтын, дағды құлы мешеудің көкірегіне демеу, жанына сүйеу болу үшін ғана керек еді. Сонда да сол түкке керекті жоқ сүйеу таяқ араб әліппесін жамап кигенімізден кейін де он бір жыл өмір сүріп, 1924 жылы ғана қазақ жазуының еңсесінен шақ түсті. Орыс әліппесі мен емлесінің денесіне неше жылдай сүлік болып қадалып келген ъ-пен «ять»-тердің 1905 жыл революциясында қызу көтеріліп барып, реакция дәуірінде бойын жасырып келіп, 1917 жылда қайтпайқа кетуі кездейсоқтық, немесе, жай тұспа-тұс келгенлік емес қой [19, 245 б.].

Араб әліппесінің біздің тілімізге үйлесімсіздігін жұрт ерте-ақ сезе бастаған болатын. Қазақ тілінде жазылған қағаздардың қандай ерте кезден қалғандарын алып қарасаңыз да, жазуды дағды қылған адамның ісі болса, онда араб әріптерін қазақ дыбысына шақтау, белгілі бір әріп, белгілі бір таңбаны белгілі орындарда белгілі бір түрде қолданған емле элементтерін көрсетеміз. Мәселен, с дыбысының жуан естілетін жеріне сат, жіңішке естілетін жеріне сын жазатын, т дыбысының жуан естілетін жеріне тай, жіңішкесіне ти жазатын. Жуан з-ның орнына бірде зат, бірде зай жазып, жіңішке з-ның орнына зій жазатын. Тағы-тағы осындай әркім өзінше өз бетімен болса да, көпшілігінде белгілі бір қалыпқа айналған «емле іздеушілік» өте ерте кезден-ақ басталған сияқты. Дауысты дыбысты таңбалаудан осындай стихия түрінде іздену болғандығы сезіледі.

Байтұрсынұлы жамап шығарған әліппе мен емле қазақ дыбыстарын жіктеу, таңбалау жөнінде дәлірек, түгелірек болған болса, онда оның өз бетімен тауып шығарған нәрсесі болмайтын-ды [19, 246 б.]. Ильминский, Мелиоранский, Радлов сияқты оқымыстылар, Ронгинский, Алекторов сияқты миссионерлер орыс әрпімен таңбалап қазақ әліппесін шығарғанда, осы Байтұрсынұлы «таптыә деп жүрген дыбыстардың бәрі де ашылған болатын-ды. Ахметтен көп бұрын қазақ тілі мен оқу құралдарын шығарғанда, а мен ә, о мен ө-лер барын, немесе с, т-лардың жуан-жіңішкесіне әріп алудың керексіздігін

Ыбырай Алтынсариндер Ахметтен үйренбеген-ді [19, 247 б.]. Егер осы күншығыстылар мен миссионерлер шығарған әліппе болмаған болса, Байтұрсынұлы әліппесі де болмайтын еді.

Байтұрсынұлының араб әрпіне кіргізген өзгерісі – бірқатар әріптердің үстіне үтір, мәт қою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшілікке алу (бұл екі), қосар әріп енгізу (мұнымен үш). Міне, осы үшеуінің ішінен шынымен Байтұрсынұлы шығарды деуге жарарлығы – қосар әріптер. Өйткені үтір қобды алдымен Түркияда Шамсиддин Сами шығарған, онан кейін Татарстанда Қажым Насыри, бұның артынан Нади Махсудов осы күнгі біздің у, ү әріптерінің орнына жұмсаған. Н. Махсудов өзінің жазған кітаптарында да, «Юлдыз» дейтін газетінде де «үтірлі уауды» үзбей отырған. Мәт пен әмзе таңбаларын да жуан а мен жіңішке ә орнына алу солардан қалған-ды. Сүйеу таяқ болса, бұл бұрыннан болатын. Бұрын болғанда, бұл – Қожа Ахмет Йассауи да, шағатай жазушыларында да болып отырған. Дауысты дыбыс алдынан сүйеу а қою әдеті арабша жазуға ескі ұйғыр әліппесінен (осы күнгі монғол әліппесі сол ұйғыр әліппесінің негізінде) қалды деуге толық қақымыз бар; өйткені ескі ұйғыр жазуында сөз басындағы дауысты дыбыс алдына а қою бар-ды. Әйтпесе араб жазуының өз әдетінде бұл жоқ. Бірақ, ескі ұйғыр жазуы кезінде бұл сүйеу таяқ емес, бар дыбыстың таңбасы болса керек.

Сонымен Байтұрсынұлының сыбағасына еркін тиетіні – жалғыз-ақ қосар әріптер [19, 248 б.].

Әрбір жеке дыбыстың қай жерде қандай болып ұшырайтынын анықтау үшін бүгінде ғылым түрлі аппараттар қолданып, эксперимент жолымен мәселенің түйінін шешіп отырады. Бірақ біздің қазақ тілі дыбыстары мұндай эксперименталь зерттеу көрген емесу мына дыбыстары қосар дыбыс деп жүргендер де ғылым қорытындысына сүйеніп айтып жүрген жоқ, әркім өз көңіл орайымен соғып жүр. Сондықтан, бұл турады қазақ тілін зерттеген оқымыстылардың пікірін шолып қаралық.

Латындандыру барысына ұлт республикалары Орталық Атқару Комитеті, өлкелік, аудандық атқару комитеттері жанындағы бөлімдер белсене араласты. 1927 түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліпбидің Бүкілодақтық Орталық комитеті құрылды. Осы кезден бастап латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу жұмыстары жаңа қарқын алды. Комитеттің осы жылғы маусым айында болған 1-пленумында республикаларда жасалған жаңа әліпби жобалары қарастырылып, түркі елдеріне бірыңғай әліпби жасалды. 1927 жылдың басында Қазақстанда жаңа әліпби Орталық комитеті құрылып, оған Нығмет Нұрмақов төраға болып сайланды. «Жаңа әліпбишілер қоғамы» (қысқаша «ЖӘҚ») Жарғысын қабылдап, қазақ халқына латын әліпбиінің маңызын түсіндіріп, көшуге үгіттеу мақсатын көздеді.

1928 жылдың басынан мектептерге жаңа әліпби енгізіле бастады. Халық ағарту комиссариаты коллегиясының 1928 жылдың 3 қаңтарындағы шешіміне орай барлық техникумдар мен оқу-ағарту институттарында ана тілін оқыту жұмыстары қолға алынып, барлық жазба жұмыстар жаңа әліпби негізінде жүргізілді. Қазақстанның ірі қалаларында губерниялық жаңа әліпби

комитеттері, қоғам, ұйымдар, үйірмелер құрыла бастады. 1928 жылдың ортасында Қазақстанда 58 әліпби қоғамы құрылды. Олардың 48 қоғамының 3546 мүшесі болды [17, 12 б.].

1929 жылдың 24 қаңтарында ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаров пен осы комитеттің хатшысы А.Асылбековтің қол қоюымен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 6-шақырылымының IV сессиясының шығарған шешіміне сәйкес жаңа латын әліпбиі бекітілді. III пленумнан кейін қазақ латыншыларының конференциясы өткізілді. Онда 1929 жылдың аяғына дейін Қазақстанның 75 000 адамына жаңа әліпбимен хат танытып, 600 000 – 700 000 дана жаңа (латын) әліпбиін ел арасына тарату қажеттігі баса айтылды. 1929 жылдың 26 ақпанында жаңа қазақ әліпбиін енгізудегі Қазақ АКСР IV сессиясының шешімдерін уақытында орындау мәселесі қаралып, 1929 ж. 1 сәуірінен бастап бүкіл мекемелерге жаңа әліпбиді енгізу, осы мекемелердің қызметкерлеріне 1 маусымына дейін жаңа әліпбиді үйренуді міндеттеу және жаңа әліпбиді үйренуде оқу кітаптарын, қосымша құралдар шығару, жаңа әліпбиді үйрететін орындар ашу туралы қаулы қабылданды [17, 13 б.].

1929 жылдың 2-4 маусымында Халық ағарту комиссариаты мен Орталық жаңа әліпби комитетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми-орфографиялық конференциясы өткізілді. Осы конференциядан кейін 1929 жылы 25 шілдеде ҚАКСР ОАК-нің VII шақырылымында 1924 жылғы ескі әліпбидің орнына жаңа қазақ орфографиясын бекіту, жаңа қазақ орфографиясын «Еңбекші қазақ» газетіне жариялағанға дейін ҚАКСР-нің мемлекеттік және қоғамдық ұйым мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында енгізу, сонымен қатар барлық кітаптар мен мерзімді басылымдарды, бағалы арнайы қағаздарды, мөрлерді, таңбаларды және т.б. жаңа әліпбиге көшіру, жаңа латын орфографиясын кең түрде насихаттау үшін кітапшалар, тізбелер мен орфографиялық сөздіктер шығару, Халық Ағарту комиссариатына тез арада жаңа әліпби бойынша шетел сөздері – терминдер туралы сөздіктер шығару жөніндегі қаулы қабылданды. Сөйліп, бұл қаулыдан кейін Қазақстанның 1929 жылы маңдайшалар, мөрлер, таңба және басқа да мекемелік атрибуттар толықтай жаңа әліпбиге көшірілді [17, 15 б.].

Жаңа түркі жазуының негізін ұзақ талқылау мен өңдеуден кейін 1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «Жаңа қазақ алфавитін енгізу туралы қаулы» қабылдады. 1929 жылдың 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариаты қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін 1930 жылдың 14 тамызына, яғни Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтауды белгіледі. Осы қаулы бойынша латын әліпбиінің енгізілу барысын тексеруге арналған комиссия құрылды [17, 16 б.].

Халық комиссарлар кеңесінің 1930 жылғы 23 қаңтардағы қаулысын сәйкес осы жылдың 15 ақпанынан бастап барлық басылымдар толықтай латын әліпбиіне көшірілді. Бір мезгілде эксперимент ретінде «Жаңа мектеп», «Жаршы» және «Қызыл әскер» сияқты мерзімді басылымдар 1927 жылдан жаңа

әліпби негізінде шығарыла бастады. 1930 жылдың ақпан айынан «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» және басқа да мерзімді басылымдар түгелдей латын әліпбиіне көшірілді [17, 16 б.].

Қазақстандағы жаңа әліпби қозғалысының барысы жөнінде Санжар Асфендияров баяндама жасады. Ол жаңа әліпби комитеті барлық басылымдар мен іс қағаздарын жаңа әліпбиге көшіруді Қазақстанның 16 жылдығына орай 1930 жылдың 4 қазанына толық аяқтауды міндеттеп отырғанын баса көрсетті [17, 16 б.].

Баспасөз беттеріндегі айтыстардың қорытындысы 1927 жылы әуелі Ташкентте, кейін Қызылордада өткен конференцияларда талқыланады. Латын әрпін жақтаушылардың бірі – Ә.Байділдаұлы жаңа әліппеге көшу себебіміз – бұрынғы араб графикасының кемшілігі көп болғандықтан деп, бірнеше белгісін көрсетеді:

1. Бір дыбысқа бірнеше таңба (сөз басы, ортасы, соңы) қолданылған;
 2. Араб әріптерінің көбі бір түсті, астына не үстіне қойылған нүктелерсіз айыру қиын;
 3. Сөздерді жазғанда оңнан солға қарай жазылады, ал цифрларды жазғанда, солдан оңға қарай қайта ораламыз;
 4. Алгебра, геометрия, физика сияқты ілім кітаптары барлық жұрттарда латын әрпімен жазылады, араб әрпі оған үйлеспейді;
 5. Әріптері біркелкі емес, бірі – үлкен, бірі – кішкене;
 6. Араб әрпін музыкада (нота жазуда) қолдану қиын;
 7. Араб әрпімен жазуда көп қаражатты керек етеді, баспа ісіне қолайсыз.
- [17, 18 б.].

Малдыбайұлы Біләл «Жаңа әліпби туралы» деген мақаласында Ақыметұлы Ілияс, Жаңақымет сияқты араб әрпін жақтаған азаматтарға жауап ретінде латын графикасының өзгешеліктерін көрсетеді. Атап айтқанда:

- 3) Әліпби өзгерту мәселесін еңбекші таптың мәдениеті өз өміріне үйлестіруімен сабақтастырылады;
- 4) Әліпби өзгертумен ғана мәдениетке жете алмаймыз деген арабшылардың сөзіне қадым, жәдиттен бастап әліпби таңбалары өзгеріп келе жатқанын қарсы қояды.

Молдабайұлы Біләл араб жазуында нүктелердің болуын кемшілік ретінде көрсете келіп, жаңа графикаға үйретуге мынадай жол ұсынады: «Латын әліпбиімен ірі жазуға дағдыландырып, артынан ұсақ жазуа көшсек, екі жазудың түрі бірдей болып кетеді» [17, 15 б.]. Яғни сауаттанушылар алдымен латын әріптерін өте ірі етіп жазып, біраз үйренген соң ұсақ етіп жазуға дағдыландыру керектігін айтады.

Латын графикасын жақтаушылар бұл іске көбінесе саяси астар бермек боланы байқалады, араб әрпін жақтаушыларды біресе «ескішіл» деп кіналаса, енді бірге олардың әрбір істерін «бұқбантайлық» деп атайды. Мұндай сарынды О.Жандосұлы мақаласынан да байқаймыз: «...Ырасында жаңа әлібби – октәбір әліббиі. Бұл даусыз Ағаманыұлы Жолдасты» (одақтық жаңа әліпбиі комитетінің төрағасы) пленумда: «Жаңа әліпби мұрмыстың барлық

тауарларына жан береді. Тарих көзімен қарағанда, арабшылар ағылшын жиангерлері жағында болды» деген сөзі ып-ырас» (О.Жандосұлы «Жұмысшы-шаруа әліпбиі») («Еңбекші қазақ» 1929 жыл, 20 қаңтар).

А.Байтұрсынұлы бастаған араб графикасын қолданушылар әліпби таңдаулы ғылыми тұрғыдан негіздеуге тырысады. А.Байтұрсынұлы «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қоласты болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ» – дей келіп, әліппенің қайсысы дұрыс болатынын тексеруді мынадай негіздерге сүйенеді:

- 1) Тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
- 2) Қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
- 3) Қайсысымен жазу, жазылғанды оқу жеңіл?
- 4) Қайсысы баспаға қолайлы?
- 5) Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
- 6) Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

1927-1928 жж. «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Лениншіл жас», «Тілші» газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикасымен басылған тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: a, b, c, d, t, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z және (Тілші, 17.09.1927). Мұндағы ғ – q, ы, і – ь фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.1928) ғ – q, ы, і – ь ғ – q, ы, і – ь етіп берді. Z – табасы сызықсыз жазылып, дәйекшемен ауыстырылды [, 20].

1927 жылы 24 сәуірде Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н.Төреқұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен, латын жазуына көшу басы ашық мәселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпби жобасын жасайды. Ол Е.Д.Поливанов еңбегінде «Аслат'а» деп аталған. Н. Төреқұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: a <a>, e <e>, l <ы>, <i>, o <o>, <ө>, u <ұ>, <ү>, p <п>, в <б>, m <м>, f <ф>, w <у>, t <т>, q <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, c <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, y <й>, k <қ>, g <г>, q <қ>, x <х>, h <h>, η <ң>, ə <ə>, ' Әліпбиде <ф>, <х>, <h>, <к>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ə> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926 ж. құрылтай қаулысына сәйкес емес ə, p, η таңбаларын жасайтын [17, 18 б.].

Н.Төреқұловтан кейін Х.Досмұхамедұлы латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып, латын әліпбиінің жобасын құрады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. Х.Досмұхамедұлы әліпбиінде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостоф (') пен дәйекше ауыстырылады: a, b, d, e, g, l, k, l, m, n, o, ө, p, r, s, sh (ц), t, u, y, z, к', h, ch (ш), tsh (ч), f, k, g', n'. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ц>, <щ> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <қ>, <ғ>, <ң> фонемалары

к', г', н' арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екіше мәрте көрсететін кезі бар: *`k'or* – *көр*, сондай-ақ басқа функцияда да (п'<ң>) жұмсалады. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл I түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді [17, 18 б.].

1929 жылы 24 қаңтарда қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын «Жаңа алфавит туралы Қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен халық Комиссарлар кеңесінің қаулысы шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады.

Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты және 20 дауыссыз фонема әріп белгіленеді, барлығы – 29 таңба, 9 дауыстысы мен 20 дауссыз фонемаға әріп арналды [17, 22 б.]. <Қ>, <Ғ>, <к>, <г> <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының жеке таңбасы болды. ь <ы> таңбасы орыс алфавитінен алынды, q<ғ>, џ <ж>, ѣ <ң> таңбалары диакритикасы болды және одағайларда ғана қолданылатын, араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі h дыбысына жеке әріп (h) белгіленді. Алфавитте бұдан басқа кірме сөздерде кездесетін әріптер берілген жоқ. Соған байланысты кірме сөздерді, терминдерді таңбалауда қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері ескеріліп, шеттен енген сөздер емле ережелері бойынша қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарына бағындырылды.

Одақтық жаңа әліпби комитетінің III пленумында қатысқандар жаңа әліпбиді «Жұмысшы қара шаруа әліпбиі» деп айту керек деп ұсыныс айтты. Латын әліпбиін енгізу шаралары іске асты. Мысалы, Ораз Жандосұлы «Жұмысшы қара шаруа әліпбиі» деген мақаласында мынандай міндеттерді көрсетеді:

1) Жаңа әліпбиге көшуді шындап қолдап, оны іске асыруды үкімет жолы мен міндет қылу сияқты тиісті үкімет шараларын тез қолдану керек;

2) Араб әліпбиіне жұмсалатын бар қаражат бұлағын жаңа әліпбиді өркендетуге жұмсау керек;

3) Жаңа әліпби мен көп етіп әліпби кітаптарын жаңа әрі арзан, әрі елге ұғымды кітаптар бастырып тарату керек;

4) Алдымен қала-қалада аңа әліпби сауатсыздығын және ісін қолға алу керек;

5) Мәдениет майданында қатар түзеп, қаладан ауылға аттаныс жасау сүйтіп жаңа әліпбиді миллиондаған қара шаруа бұқарасы арасында тарату керек.

Одақтық жаңа әліпби кіндік комитеті құрылды. Кіндік комитетінің әр түрік республикасынан өкілдері болды. Кіндік комитетінің төрағасы Самат Ағаманұлы болды.

1929 жылдың жаңа оқу жылынан бастап, Қазақстанның барлық оқу орындарында оқуды жаңа әліпбимен жүргізуге шешім қабылданды. 1929 жылдың 20 ақпанынан бастап «Еңбекші қазақ» газетінде «Уроки казахского языка для европейцев» деген атпен жаңа әліпби сабағы (80 сабақ) жүйелі түрде басылып тұрған. Сонымен қатар газет бетінде наурыз айынан бастап кей мақалалар латын графикасында беріле бастаған. Мысалы, Т.Шобанұлының

«Шет сөздер імләсі жайында» т.б. мақалалар латын графикасымен жарық көрген [17, 23 б.].

Жаңа әліпбиге көшуге байланысты емле мәселесінде бірқатар таластар, қайшылықтар болды. 1929 жылғы 18 ақпанда «Еңбекше қазақ» газетінің бетінде Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланды. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан оқу комиссариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, жан-жақты емлеге енген өзгерістерге оқушылардың пікірін сұрайды. Ондай өзгерістер:

1) Ұзын «ұу», «сұу», «асыулар» бір түрде (уу) жазылып, (жіңішке естілгенде де) бір түрде уу жазылсын;

2) Бірнеше түбірден құралған бір мәнілі сөз (*бас алқа, от арба, жел бау, көзі қорақты, жол соқты, аты сұрау, қан сқрау, күн елту, әр кім, бір жола, еш деңе*) тұтас жазылсын;

3) «Кежеғұл», «Аягөз», «кетпен», «жоңқа», «Бұрамбай» сияқты бір мәнілі сөздердің ішіндегі дүдәмал дыбыс естілуінше жазылсын;

4) Бір мәнілі сөз деп қандай сөздерді айтуға болады? Кей бір дыбыстары жоғалып, екі түбірден кірігіп қысқарған сөзді айтамыз ба? Сөйлем ішіндегі мәнісіне (сұрауына) қарап, бір мәнілі деп табу керек пе? Болмаса, басқа өлшеуіш бар ма?

5) Тұтас сөздің ішіндегі «з», «ж», «ш», «с» дыбыстары естілуінше емес, түбірінше жазылсын (*тас – тасша, таз – тазша, тәж – тәжша, ас – асша*);

6) Түбірдің дыбысына жалғау, жұрнақтың дауыссыз дыбысы ықпал етпесін (*түн – түнгі* боп жазылсын, естілуінше *түңгі* боп жазылмасын);

7) Л, р, у, и деп басталатын сөздерде (*рақмет, уақыт, қап*) ы, у дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе жазылмасын;

8) Есімшені «түн» жұрнағы (баратүн, келетүн) естілуінше «тін» болып жазылсын. «үшін», «үркер» сияқты сөздерде ү, ө, і, е жазылсын;

9) Демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*ғой, ғана, мен*) дыбыстары естілуінше түбір сөздер сызықша мен айырылып жазылсын (*берді-ғой, рас-қой, шақ-қана, жүрсек-те, алды-ма, келіп-бе, адам-мен, еп-пен*);

10) Сын есімді күшейтетін үстеу буындар (*қап-қара, оп-оңай*) естілуінше қосылып жазылсын;

11) *Ау, ай* одағайлар сөзге тіркелгенде (*япырмау, жанымай*) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде бөлек жазылсын (*Ай, Асан*) [, 24];

12) *Еке* (*аға, еке*) жұрнағы өзге жұрнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаеке*);

13) Кейбір көмекші етістіктер (*бар, жүр, еді, ген еді*) етістікпен бірге не сызықша мен айырылып жазылсын;

Осыған байланысты «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде ұсыныстар жасаған, айтысқан т.б. көптеген мақалалар жарық көрді. Мысалы: Байтұрсынұлы А. «Емле туралы» (1929, 27 наурыз); «Қазақстан мен Қазағыстан туралы», Дулатұлы М. «Емле өзгерту жайында», «Емле жайындағы пікірлер»,

(Ақдәулетұлы Әбділда, Мұқанұлы Сәбит, Есенғали Манабайұлдарының пікірлері) (1929, 28 наурыз); Қайменұлы І. «Емлені түзету туралы» (1929, 10,19 наурыз); Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы» (1929, 9 наурыз); «Әдеби тіл мен емле» (1929, 12 мамыр); Аймауытұлы Ж. «Емле, әріп жайында», «Емлені өзгертуге жоба», «Тағы да емле туралы», Аманжолов С. «Жаңа емленің кейбір дыбыстарын өзгерту, емле мен терминдерді дұрыстау туралы», Омаров Е. «Айнымалы дыбыстардың жазылу мәселелері», Ұәлитов Ш. «Емлені өзгерту жайында», Шаймерденов Е. «Ү» мен «И», Байтоғайұлы Б. «Қос сөздер туралы», Омаров Е. «Емле мәселесі», Шонанов Т. «Шет сөздердің імләсі жайында» т.б. атауға болады.

Бас әріп мәселесі латын әліпбиіне көшкеннен кейін талқыға түсті. Әсіресе бас әріпті алу-алмау мәселесі туралы газет бетінде біраз таластар болған. Бұл мәселеге әсіресе оқытушылар белсенді үн қосқаны байқалады. Ондай мақалалардың қатарына: «Бас әріпті былай алайық» (1929, 26 қараша); «Бас әріп туралы айтыс» (1929, 2 желтоқсан); «Бас әріп керек» (1930, 4 ақпан); «Бас әріп керек не, жоқ па?» т.б. жатқызуға болады. Бұл мәселе латын графикасына көшуге байланысты туындағаны белгілі.

Бүкілодақтық Орталық жаңа түркі әліпбиі комитетінің І пленумында бас әріпті жою не сақтау туралы мәселе қойылып, онда бас әріпті алмау туралы шешім қабылданады. Көп ұзамай бас әріпті кіргізу мерзімі жайында 1930 жылы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысы бойынша алынады (Еңбекші қазақ, 1930. 20 қазан. №232) [17, 25 б.]. 1930 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Бас әріпті алу туралы» қаулысы шығады. Онда 1931-32 оқу жылына арналған оқу құралдары бас әріппен басылсын, барлық мерзімді әдебиет 1931 жылдың бірінші қаңтарына шейін барлық оқушыларын бас әріптің түрі мен ережесімен таныстырып болсын да, сол күннен бастап бас әріпке көшсін, 1931 жылдың қаңтарынан бастап оқу құралдары бас әріппен басталсын т.б. қаулыларды қабылдайды.

9-Тақырып. 1929-1940 жылдардағы қазақ-латын әліпбиіне тілдік-орфограммалық талдау.

Тәуелсіз ел ретінде халықаралық субъектісі болып отырған Қазақстанның ұлттық әліпбиінің жаңа жобасын талқылау барысында тілтанымшы ғалымдар мен белгілі әлеуметтанушы ғалымдар, саясаткерлер Қазақстанның Елбасына, Үкімет басшылығына әліпбиге өзгертулер енгізіп, жаңа сападағы ұлттық жазуды қалыптастыру мен жетілдіру туралы қоғамдық пікір қозғап, БАҚ арқылы өз ұсыныстарын жария етіп отырды. Осымен байланысты әртүрлі жан-жақты ой-пікірлерді зерттеп, саралап, тұжырымдау, қазақ жазуының бұрынғысы мен өткендегісін, қазіргісі мен болашағын зерделеу ғылыми тілтанымдық рефлексияны талап етеді.

Осыған орай 1929-40 жылдардағы латын графикасына негізделген жазудың негізгі категориялары болып табылатын әліпби, графика және орфография ерекшелігін талдау, сол кезеңнің жазу тәжірибесіндегі пайдалы,

ұтымды жақтарын, ізденістерін, қайшылықтарын, жазба тілдің даму деңгейіне оң және теріс әсер ететін тілдік емес (экстралингвистикалық) жайттарды анықтау, олардың шешімін табу сияқты мәселелер өзекті болып табылады.

Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен еді. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланған. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиі (кадим, жадид) көпшілік қауымның сөйлеу тілінен алшақ, яғни жалпыхалықтық сипатта емес, элитарлық топтың ғана игілігі болған-ды. Сондықтан ұлттың мүддесін тереңінен ойлаған зиялы қауым өкілдері жаңа жүйедегі әліпбиге көшу, жазу жүйесін түбегейлі реформалау жөніндегі пікір айтып, қоғамдық ойға қозғау салды. Мұндай елдік мәселе бұрынырақ өзге түркі елдерінде де көтерілген болатын.

1910 жылдардан бастап, А.Байтұрсынұлы халық тілі негізіне сүйеніп, ескі қазақ жазба тілін реформалайды. Нәтижесінде XX ғасырдың басында ғылыми тілде А.Байтұрсынұлы жазуы, төте жазу аталып жүрген жазу үлгісі кең қолданысқа түсіп, әліпби жүйесі бір қалыпқа келе байтайды. Жаппай сауаттандыруды жедел атқаруға кемшін соғатын, игеру процесі ұзаққа (кем дегенде үш-төрт жыл) созылатын, қиындығы көп, ескі жазудан гөрі, қалың жұртшылыққа қысқа мерзімде (үш-төрт айда) игеріп алатындай, тіл ерекшеліктері ескеріліп жасалған төте жазудың тиімділігі байқалады. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені, әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастыра отырып, қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріп, кірме дыбыстарды мүмкіндігінше қысқартып алады. Жалпы А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз.

Әліпбилерді бірыңғайластырудағы үлкен жетістік дауысты дыбыстардың бірнеше вариантын белгілеуде бірдей графикалық тұрпатты сақтай отырып, оны дыбысталған әріптің мазмұнына сәйкестендіру болды. Дегенмен, латын графикасына негізделген әліпбилерде дауысты дыбыстардың берілуінде бірқатар кемшіліктер мен қарама-қайшылықты мәселелердің басы ашылмай қалды. Біріншіден, әліпбилер қатарында белгілі бір таңбаның айырмашылықтары болды; екіншіден, негізгі латын әліпбиінің таңбаларынан ерекше бөлектеніп тұратын, қысқарған немесе қарапайым таңбалармен не таңбалар тіркесімімен ауыстырылған күрделі әріптер болды; үшіншіден, интернационалдық терминологияны беруде жаңа кірме дыбыстарды енгізу үшін кейбір әліпбилерге қосымша таңбалар алынды. Мұндай кемшіліктер кейбір әліпбилерде кедергілер мен салдарларды туғызды.

1924 жылдан бастап Н. Төреқұловтың 28 әріптен, Х.Досмұхамедұлының 26 әріптен, М.Мырзаұлының 22 әріптен, Ә.Байділдаұлының 27 әріптен, Т.Шонанұлының 24 әріптен тұратын әліпби жобалары халық талқысына ұсынылады. Аталған әліпбилер А. Байтұрсынұлының бес дауыстыға негізделген фонологиялық жүйесіне негізделеді. Бірақ бұл ұсынылған жобалар түркі халықтарына бірлестік үшін жасалып жатқан әліпбиден өзгешелеу болғандықтан, қазақ білімпаздары «бір дыбысқа – бір әріп» принципін ұстануды жөн көріп, латын стандартындағы таңбалармен қоса, қосымша

таңбаларды да қолдана отырып 29 әріптен тұратын әліпбиді қабылдайды [18, 11 б.].

1929 жылы қабылданған әліпбиде «әр әріп белгілі бір дыбысты белгілеуі тиіс», яғни «дыбысты белгілемейтін бір де бір әріп болмауы керек» деген принцип және «әр әріп екі немесе бірнеше дыбыстардың қосындысын емес, тек бір ғана дыбысты белгілеуі керек» деген грамматологиялық формулаға негізделген. Қазіргі әліпбиіміздегі көпмәнді әріптердің қатарында танылып жүрген *и* (ы+й, і+й), *у* (ұ+у, ү+у), *щ* (ш+ш), *ю* (й+ү+у, й+ұ+у), *я* (ы+й+а, і+й+а) тәрізді әріптердің 1929 жылы екі әріп тіркесімен өзінің негізгі фонемалық мағынасында қолданылған, [х] дыбысы қ фонемасының әріптік мәнімен таңбаланған.

1929 жылы 25 шілдеде Қазақстан Орталық атқару комитетінің қаулысымен 12 төл және 18 кірме сөздерді жазу үшін қабылданған ереже Қ.Күдерінова: «Қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929 ж. латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанысы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929 ж. емле ережелерінді айқындалды» деген болатын [18, 11 б.].

Шындығында, қазақ қоғамында 10 жылдай қызмет еткен аталған ережелер қазақ орфографиясы принциптерінің дұрыс таңдалынып алынғандығын және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидалары негізінен дұрыс екендігін көрсетеді. Алайда аталған ережелердің жұмыс істеуіне, оның бұқара халыққа таралуына уақыт аз болды. Дұрыс жазуға бағыт-бағдар, жөн сілтейтін орфографиялық сөздіктер де бұл кезде жасалмаған болатын.

Латын әліпби негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясындағы қиындықтарды (1929-40жж.) ескеріп, оларға талдау жасаудың нәтижесінде жаңа әліпбиімізде сол қателіктердің алдын алуға зор мүмкіндік алуға болатыны анық. 1929-30 жж. Аралығында жалқы есімдер, адам аттары, қысқарған сөздер, газет-журнал, кітап, шығарма, оқу орындары, мекеме аттары кіші әріппен (антропонимдік атаулар – *esbol*, *сынar*; газет-журнал атаулары – *satsijaldь qurьls*, *çarcь*; шығарма аты – *botagөz*) жазылды. Мерзімді басылым беттерінде бас әріптің мұндай жазылым үлгісіне қарсы мақалалар үздіксіз жарияланып, көзшалым процесіне оңтайлылығын ескере отырып, дау туғызбай, керісінше, бас әріпті оқытудың әдістемесін жасау керек деген ұсыныстар көптеп айтылғаннан кейін, 1930 жылы 2 маусында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысымен 4 баптан тұратын емле ережесі бекітілді [18, 11 б.]. Қаулы қабылданып, ереже бекітілгеннен кейін де газет-журнал беттерінде бас әріппен берілген топонимдік (*Almatь// Alma-Ata// Alma-atь, Talдь Qorqan*), оронимдік (*Qaskelenь, qaskelenь*), гидронимдік (*Esil//esil, Сыr Darija// Сыr darija*) атаулар екі-үш не одан да көп нұсқада жазылды. Мұндай қиындықтың болуы заңды құбылы. Яғни бұрын-соңды орфографиялық ережелер қатарында болмаған, еуропа үлгісіне негізделген нормалар қазақтың жазу болмысына жат көрінді.

Араб парсы тілінен енген кірме сөздердегі екінші буындағы ә әрпінің жазылуы біршама қиындықтар туғызады. Бірінші буыны [ә] фонемасы, екінші, үшінші буында палатилизация құбылысына ұшыраған [а] фонемасы арқылы жасалған *сәруар, әжуа, зәузат, жәннат* тәрізді тіл бірліктері аталған жылдары тұтастай жуан немесе жіңішке нұсқада жазылды. *Шүбә, күнә, кінә, тілмаш* тәрізді сөздер баспасөз беттерінде жуан және жіңішке нұсқалары бірдей таңбаланды [18, 11 б.].

Қазіргі орфографиядағы *мұғалім, саудагер, тәкаппар, құдірет, ақырет, қауесет, қазірет, қасірет, рақмет, тауқымет, қорек, мехнат, тақсірет* тәрізді бейүндес сөздердің жазылуы латыншада қазақ тілінің үндестік заңдылығына бағынып, *бірыңғай жуан және бірыңғай жіңішке* түрде таңбаланады. Бірақ мерзімді басылым беттерінде мұндай сөздер әртүрлі фонетикалық варианттар арқылы жазылғандығын көреміз. Мысалы, *qadir// qadir; savdager // savdager; qasiret//kəsiret; meqnat// meqnät; təkəppər// taqəppər// takabbar// təkəppir* т.б.

1929-38 жылдар аралығында қысаі дауысты дыбыстар естілім бойынша жазылды. 1929 жылы қысаң дауыстылардың жазылуына, яғни сонор дыбыстардың, сондай-ақ қатаң дыбыстардың аралығында, түбір сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғандағы қысандардың жазылуына байланысты ереже қабылданады. Алайда, бұл қағидат жазу тәжірибесінде толықтай сақталынбай, сонор дыбыстардың, сондай-ақ қатаң дыбыстардың аралығындағы қысаң дауыстылар редукцияланбай қабылданды [18, 11 б.].

Баспасөз беттерінде бейүндес буын жіктеріндегі *ы, і* қысаң дауыстылары бірізділік принципне бағынбай жазылды: *qьzmet – qьзьmet; aqьret – aqiret – aqret; raqmet – raqьmet*. Сондай-ақ, сөздің абсолют басында қысаң езуліктердің таңбалану/таңбаланбауына байланысты арнайы ереже болмағандықтан, аталған жылдары жарық көрген мерзімді басылым беттерінде, оқулықтарда [p], [л] сонорларының алдында естілетін селбеспе [ы], [і] қысаң дыбыстар әртүрлі таңбаланды. *Ғарьraq, торьraq, көкirek, төңirek, қумьra, соңьra* сияқты сөздердің ортаңғы буынындағы қысаң дауыстылар кейде таңбаланып, кейде таңбаланбай кеткендігін көреміз: *ғарьraq// җapraq, торьraq// topraq*. Сол сияқты адамның аты-жөні, тегінде кездесетін *ы, і* қысандарының жазылуында жүйелілік принципінің жоқтығына көзіміз жетті. Айталық, *Spataep – Ыpataep, Mysirepulь – Mysrepulь* түрінде жазылған. Бұлай жазудың себебі қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың редукцияланып, акустикалық жағынан көмескі, күңгірт естілуінде деп ойлаймыз.

Қысаң езуліктердің таңбалануында көптеген қарама-қайшылықтар болу себебінен, қазақ тіліндегі бірнеше даулы мәселелерге көңіл бөлініп, 1938 жылы емле ережесі толықтырылады. Екіұшты жазылып жүрген бірқатар сөздердің жазылуы нақтыланады. Қазіргі кезде де талас тудырып, әртүрлі пікір айтылып жүрген екі буынды сөздердің ортасында келетін *ы, і* әріптерінің таңбалану (*saxna – saxьna emes, qatnas – qatьnas emes, qazna – qazьna emes, qurlьs – qurььs emes*) орфограммасы нақтыланып, көрсетіледі [18, 11 б.].

Араб графикасына негізделген әліпби жүйесінде, яғни ескі қазақ жазба тілінде бір буынды сөздің аяғында (*көп – көб, шөп – шөб*), сонымен қатар,

есімше фомалы сөздерде келетін -ып, -іп жұрнақтары, алғашқыда -үб, -ұб (күлүб, барүб), одан кейін -ыб, -іб (*келіб, барыб*) түрінде таңбаланатын болған. Ескі қазақ жазба тіліне тән бұл орфограмма 1924 жылы өткен құрылтайда талқыланып, бұл орфограмманы халық тіліне жақындатып қолдану қажеттігі мәселе ретінде талқыға түскенімен өзгертілмец қалдырылсын деген қаулы шығарылған болатын. Алғаш рет 1929 жыл Қызылорда қаласында болған конференцияда бұл мәселе қайта қаралып, алғашқы қатаңның ықпалына байланысты кейінгі ұяң дыбысты өзгертіп, қатаңға айналдырып жазуға ереже қабылданып, халық тіліне икемделеді [18, 11 б.].

1929-38 жж. Аралығында бір денотатты меңзейтін, бірақ екі түбірден тұратын сөздер құрылымдық принципке негізделген болса, 1938 жылдан бастап сөздердің функционалдық принцип бойынша жазылған.

Әдетте омограф және омофон терминдері жазба қарым-қатынас (коммуникациясы) шеңберінде қалыптасын, оның қалыпты болмысына жиі кедергі келтіретін құбылыс деп танылады. Олар шектеулі және жүйеленбеген мысалдар жиынтығымен түсіндіріліп тәйектеледі. Латын графикасына негізделген әліпбиде (1928-38жж.) кейбір графемалардың сөздің мазмұндық деңгейін ажырататыны ескерілмегендіктен сөздердің мағынасын тек мәтін арқылы айыру мүмкін болды. Мысалы, *қор* (бір нәрсенің жиынтығы) – *хор* (музыка) = бір тұрпатта *qor* (*қор*) түрінде; *қалық* (антонимі – озық) – *халық* (ел) = бір тұрпатта *qalyq* (*қалық*) түрінде; *қақ* (су) – *хақ* (дұрыс, хақ тағала) = бір тұрпатта *qaq* (*қақ*) түрінде; *қан* (денедегі) – *хан* (билеуші) = бір тұрпатта *qan* (*қан*) түрінде таібаланды. Мысалы, *Çangir olgen soñ Çangirdiñ balasъ Saqъpkerej qan boladъ qandъq çoq bolqansoñ sultan pъrabijtildikke çoq boladъ. Qan çygirdi bojъta, sen bastaqan zamanda. Semej, dekabrdiñ 22 Xasan kelj ta ңыnda ўrъs bolъp çatqan kynderde, Çarma audanъndaqъ ortalau mekteptiñ direktorъ Andrei Nikjforvic ўrъsca qatъnasqan ylken balasъ Aleksandrdañ qat aldъ* [18, 11 б.].

Геминацияланған дауыссыздар тілдегі бір сөзбен, екінші сөзді ажырату үшін қолданылады. Геминацияланған дауыссыз дыбыстар көбінесе кірме сөздерде кездеседі. Мысалы, *тәкәппар, молла, алла, биссимілла, тонна, касса* т.б. 1929 жылдары шыққан мерзімді басылым беттерінде кейбір кірме сөздер геминацияланбаған түрде қолданылғанын көреміз. Мысалы, орыс тіліндегі *тонна* сөзі геминацияланбаған түрде берілген, сондықтан орыс тіліндегі бұл сөздің қазақ тіліндегі *мона* етістік мәнді сөз тәрізді болып таңбаланған. Мысалы, *Qajsъ bir çeke pъromсыldarmъzda өзiniñ aldъna turqan mindetin aqtamaj, elimizge bir nese tonъ munai beriv çumъsъ orasan maңъzdb* [18, 11 б.]. Бұлай етіп қолданудың себебі кірме сөздерді қазақ тілінің заңдылығына икемдеу басты міндет саналды да, семантикалық «кедергі» ескерілмей қалды.

Сондай-ақ орыс тілінен енген сөздердің екі дауыссыз дыбысының ортасына қысаң дыбыстың таңбалануы арқылы *клуб* тәрізді сөздердің мағынасы семантикалық «кедергіге» ұшыраған: *клуб* (қоғамдық орын) – *құлып* (есіктің құлыбы) = *qulъp*// *qulur* (*құлып, құлұп*) түбірде жазылады.

1929-40 жылдары қолданған латын графикасы негізінде әліпби жүйесінде кірме сөздер фонетикалық принципке негізделгендіктен, функционалдық мәні

бәсең селбепе (ілеспе) дыбыстар жазуда ескеріліп отырылған. Сондықтан тілге омографиялық жағдаяттардың орын алғанын көреміз. Мысалы, қазақ тілінде *ру* сөзі 1929-1938 жылдар аралығында үнемі селбеспелі дыбыспен таңбаланып, *ұру*, *ыру* түрінде жазылды. 1938 жылдан бастап омографиялық сипат алған сөздердің жазылуына ерекше мән берілді. Кірме сөздерді дұрыс таңбалау үшін қазақ әліпбиіне в, ф, х әріптерінің енгізілуі және принциптердің дәлденіп көретілеуі бір жағынан тілдегі омографиялық жағдаятты азайту үшін жасалған қадам деп ойлаймыз.

Қазақ тілі мен әліпбиіндегі басы артық кірме дыбыстар мен әріптердің проблемалары

Қ.Жұбанов «Ни одна из существующих букв, (употребляемых) для (изображения) согласных звуков, не может быть исключена из алфавита: они необходимы и затруднений с ними в письме мало» дей отырып, қазақ әліпбиіне ф, һ және х таңбаларын алуды ұсынады[19,243]. Автор кірме сөздерді жазғанда сөздің орыс тіліндегі түбірін сақтап, қосымшаны қазақ тілде жалғауды, сондай-ақ туынды кірме сөздердің жұрнағын қазақ тілінде беруге болатынын ескертеді. Осындай мақалалардан кейін 1938 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне тағы үш әріптің таңбасы (в, ф, х) алынады. Аталған әріпбердің әліпби құрамына кіргізілуіне байланысты бірнеше ережелер де өзгеріске түсіп, жаңадан 11-бап қосылды. «Түпнұсқаға жақындық» принципіне сәйкес алынған емле баптары 1938 жылдан бастап іске асырыла бастайды. Ал 1939 жылдан бастап орыс графикасына негізделген қазақ жазу жүйесіне көшіру жедел түрде жүргізіледі. Латын әліпбиі тұсындағы талқылау да бұл кезеңде бола қойған жоқ, тек «бұйыру», «нұсқау» етек алып, қазақ тіліне жат таңбалар мен белгідер (ъ, ь) молынан енгізілді.

Қазақ әліпбиіндегі басы артық әріптерді сұрыптап, тілдік болмысқа дайындап, атап айтқанда қазақи дыбысталымға (орфоэпияға), қазақи дыбыс жүйесіне (фонологиялық жүйеге) икемдеп қайта құру және әлемдік лингвистикалық деңгейіне сай етіп, жаңа тұрпаттағы әліпби жүйесін жасау, қазақ жазуының бірегейлендірудің бір жолы. Сондықтан қазақ әліпбиіндегі басы артық таңбаларды сұрыптау бірегейлендірудің алғашқы деп ойлаймыз.

Жалпы я, ё, ю, щ, ч, ц, э тәрізді қосымша графемалардың және ъ, ь белгілері қазақ жазуындағы кирил әліпбиінде сақталған. Әрине, бұлар қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Осыған байланысты мына жағдайды ескерте кеткен артық болмас. Түркітанушы ғалымдар түркі тілдерінде кириле әліпбиді қолдана бастағаннан бергі уақыттарда бұл әліпбидің (орыс графикасына негізделген) түркі тілдері үшін тиімсіз екендігін, оны ең болмағанда өзгерту, жетілдіру қажеттігі жөнінде айтумен келеді.

Осы ретте белгілі түркітанушы ғалым Н.А. Баскаковтың пікірін келтіре кетейік: «Әрбір сөзіндегі морфемалардың, белгілі бір буындарының жекелеген дара мағынадары болатын түркі тілдерінің құрылымдық сипаты әр әліпбидің әдістемелік тұрғыдан осындай морфемалар мен буындардың жік-жікке бөлінуін сақтауға ықпал етуін талап етеді, сондықтан түркі тілдері үшін, мәселен,

әліпбилерде дауыстылар мен дауыссыздардың бірігуін білдіретін дыбыстарды сақтап қалу принципі тиімсіз, мысалы, орыс әліпбиіндегі *я, ё, ю* әріптері» [18, 18 б.]. Екінші бір түркітанушы-ғалым И.В.Кормушин де *я, ё, ю, е* графикаларының қолданылуын жіңішке дауыссыздары бар тілдердің өзіндік ерекшелігімен байланыстыра отырып, былай деп атап көрсетеді: «...КСРО халықтарының ішінде немец және кавказ тілдерінің кейбіреуінде ғана жуан және жіңішке дауыссыздар бар... ал қалған тілдерде орыс әліпбиіндегі *я, ё, ю, е* дыбыстарының бас тартуға болатын тәрізді» [18, 18 б.].

Жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдарын ескере отырып, орыс графикасына негізделген қазақ нұсқасындағы *я, ю, ё, щ, ч* графемалары қандай қызмет атқаратынын басын ашып алу керек сияқты.

Я, ю тәрізді әріптер дыбыстардың қосындысын білдіреді. Мұндай дыбыстардың қосындысы қазақ тіліндегі екі вариантта (жуан және жіңішке), яғни *я – йа – йә, ю – йу – йү* түрінде кездеседі. Сондықтан мұндай әріптерді әліпби құрамынан мүлде алып тастауға болады. Өйткені қазақ орфографиясында *йа – йә* тәрізді әріптік тіркестермен беруге болатын прецедент бар. Сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін келетін *я* әрпін қосынды *й+а* немесе *й+ә* арқылы таңбалауға әбден болады. Мысалы: *қойан, тайақ, айа, майа, сайа, қийа, сийа, тұйақ, сайақ*. Ал орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін келген *я* әрпінің орнына *э* әрпі, дауысты дыбыстан кейін және сөз басында келген сөздерде *й+а* қосар әріппен жазуға болады. Мысалы: *отрэд, снарэд, аккумулятр; йадро, йахта, йарус*. Осы тәрізді *ю* әрпін әліпбиден алып, орнына *й+у* қосар таңбасы арқылы таңбалауға болады. Мысалы: *айу, ойу, көркейу, айуан, айуанат, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа, қиуаз*. Орыс тілінен енген сөздерде *й+у* дауыссыз дыбыстан кейін келген дара *ү* әрпін жазуға болады. Мысалы: *бүджет, полүс, лүкс*. Бұл таңбалау 1920-1940 жылдары қолданылған жазу жүйесінде бар.

Орыс тілінде дауыссыздың жіңішкелігін білдіретін *Ё ё* әрпі қазақ жазуы үшін тіптен артық болып табылады, өйткені 1930-40 жылдары бұл таңбаларды екі әріп тіркесімен беруге болатын азу жүйесі қалыптасқан. Сондықтан орыс тіліндегі *ё* дыбысын қазақ тілінде *й+о, й+ө* қосындысы арқылы, кей жағдайда *ө* арқылы да беруге болады. Мысалы, *щётка – шөткі*. Сондықтан латынша емледе бұл типтес сөздер қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты дұрыс жазылуын қолдаймыз.

Қ.Жұбанов *f, h, x* әріптері кірме сөздерде ғана емес, Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде де қолданылатынын, келешекте тілдік терминдермен байи түсетінін ескере отырып әрі әліпбиді өзге түркі халықтарының әліпбиімен бірдейлестіру мақсатында *f, h, x* әріптерін әліпбиге енгізу туралы ұсыныс жасады [17, 26 б.].

С.Аманжолов қосар дыбыстарды бір әріппен таңбалау туралы ұсыныс айтады. 1938 жылы «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулы қабылданады. Бұл қаулыға сәйкес әліпбиге *f (ф), x (х), v (в)* әріптері енді. *<ы> – ь, <у> – u, <в> – v, <ү> – ŷ, <ү> – y, <ф> – f*-мен берілді. *ю-iu, я-ia*

тіркесімен таңбаланатын болды. Әліпбиде е, ц, ч, щ, ь, ь, э, ю, я таңбалары болмады [17, 27 б.].

10-Тақырып. Қазақ тілінде и және у қосарлы дыбыстарының проблемасы.

1929-38 жылдар аралығында комитет, институт т.б. сөздердегі [и] дыбысы және туралы, ескерту тәрізді сөздердегі [у] дыбыстары қосар таңбамен, яғни [и] дыбысы сөздің жуан және жіңішкелігіне қарай ый, ій түрінде, ал [у] дыбысы ұу, үу түрінде таңбаланды. 1933 жылдан бастап, [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] дыбыстарының емлесі жөнінде қызу пікірталастар болғанын байқаймыз. Лингвист-ғалым профессор Қ. Жұбнов қысаң дауыстыларды сөз еткенде, қосар дыбыстардың ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздан құралғандығын көрсетіп, емледе у, и-ді қосарлап қолдануға болмайтындығын айтқан. Өзінің «қосар ма, дара ма?» деген мақаласында: «Бұрын екі дыбыс (бірі дауысты, бірі дауыссыз) болған жердің бәрі бірдей қосар әріппен таңбалана беретін болғанда, «сары» сөзі бұрын «сарығ» түрінде болған; сондықтан, етістікке айналған кезде сарғ-ай» болып ғ пайда болады. Онда мұны да «сарұу» немесе «сарый» түрінде жазбақшымыз ба? Тірі сөзі «тірік», торы сөзі «торық» түрінде болған, әлде бұларды да «тірій, торый» деп жазамыз ба? Әрине, жаза алмаймыз» - деп нақты дәйектемелер айтып өткен [18, 12 б.]. Бірсыпыра ғалымдар [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] дыбыстарын қосар әріппен ій, ый, ұу, үу түрінде таңбалау керек десе, екіншілері [і+й], [ұ+у] дыбыстарын бір таңбамен и, у түрінде таңбалауды ұсынады. Ғалымдардың [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] дыбыстарын қосармен таңбалау үнемдеу заңдылығына қайшы келеді деген пікірлерге сәйкес, 1938 жылы [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] дыбыстарының жазылу жүйесі өзгертіледі. Жаңа ережеде қос таңбалар ажыратылып, ол дыбыстар жеке бір таңбамен көрсетіледі. Ұу, үу, у дыбыстарын барлық жерде и таңбасымен және ь, ій, ј дыбыстарын барлық жерде і таңбасымен таңбалайтын жазу жүйесі жасалады. Қосар әріппен таңбаланатын дыбыстарды бір әріппен таңбалау тәжірибе жүзінде де іске асады.

Жалпы интернационалдық сөздердің жазылуы бірнеше нұсқалықты құрады, мұның себебі принциптің дұрыс, әрі нақты таңдалмауында. Сондықтан баспасөз беттерінде бір сөздің бірнеше нұсқасы пайда болып, емледегі қиындықтар молая түседі. 1933 жылдан бастап кірме сөздердің жазылымына байланысты мерзімді басылым беттерінде Қ.Жұбановтың, Қ.Басымовтың, С.Жиенбаевтың, С.Аманжоловтың бірнеше ереже жобалары жарияланды. Мысалы, 30-жылдардың орта тұсында Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын жіне әліпбиін өзгертуге байланысты жобасын ұсынады. 1929 жылдары қолданылған латынға бірнеше өзгерістерді енгізу арқылы 25 әріп, бір дәйекше белгісі бар әліпби жобасын ұсынады. Ғалым жобасында қосар [үү], [ұу], [ый], [ій] бір ғана графемамен белгілеуді, яғни [үү], [ұу] -ды и арқылы, осы тәрізді [ый], [ій] дыбыстарын і таңбасымен алмастыруға болады деп есептейді. Ғалым дауысты дыбыстардың жіңішке варианттары дәйекше белгісі арқылы ажыратылады деп

көрсете отырып, былай дейді: «Твердые и мягкие разновидности гласных звуков обозначать не двумя разными буквами, как это имело место в существующем алфавите, а одной буквой». Ұсынған әліпбиде дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына арнайы таңба арнамай-ақ, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады: а - [а] [ə]; о - [о] [ə]; у - [ұ] [ү].

Әлі күнге дейін біз и (uv, uv) және і (ьj, ij) әріптерін қос таңбалармен қолданып жүрміз. Араб алфавитіндегі и дыбысы үшін пайдаланылатын 4 қатар әріптің орнына әрнеме екеу ғана қолданып жүрміз. Араб әліпбиінің зиянды қалдықтарынан толықтай арылу үшін қандай да болмасын бір әріппен беруге болатын дыбыстың орнына қос әріпті пайдаланудан бас тарту керек, сонда қос uv, uv қосындысы бір ғана и болып, ьj, ij қос әріптері і болып алмастырылады. Араб алфавитінен латын әліпбиіне көшуде бірінші кемшілік араб алфавитінің жаман жақтарын алу болса, екіншісі – қазақ-араб әліпбиінің бірден бір жағымды жағынан айырылуы. Бұл алфавитке жіңішкелік беретін белгінің енгізілуі, оның нәтижесінде дауысты әріптердің саны жарты есеге азаяды. Қазақ тілінің әрбір дыбысы (әрдайым жіңішке болып табылатын үш дыбыстан өзгесі: l, k, g) екі түрлі дыбысталу жүйесіне ие: буында, кейде тіпті сөздегі фонетикалық ортасына байланысты жуан не жіңішке дыбыстардың бір буында, кейде бір сөзде үйлесуі қазақ тілі үшін мүмкін емес құбылыс [19, 239 б.].

Біздің жазуымыздың қалған ауруынан қала келе жатқан бір әлет бар, ол – әріп қолданудағы қосар таңбалар: бір дыбысты екі әріп, төрт әріппен белгілеулер: орыс әрпімен жазғанда су, ты, ти болып шығатын сөздерді suv («сұу»), тьj («тый»), тij («тий») қылып ұ+у, ү+у, і+й қосарларымен таңбалайтын әдетіміз. Бұл ескі аурудың сүлеленіп, созылып келе жатқан бір сарқыншағы ғой; мұның неден ұшынып, қалай пайда болған дерт екенін, кім қандай еммен бұл науқастан арылғанын қысқаша бір шолып өтелік [19, 246 б.].

Сөйтіп, араб әрпінің кемістігін сезу, мүмкін болғанынша сол әріптердің өзін қазақ тілі дыбыстарына үйлестіру шарасы қалам ұстағандардың арасында көптен қозғалған; теория, проект түрде емес, практикада ертеде қолданылған іс болатын. Беріректе жазылып, басылған бірқатар кітаптарда осы күнгі ы, і дыбыстарын таңбалау үшін бұлардың өзін әріппен белгілемей, алдындағы дауыссыз дыбыстың әрпінің үстіне үтір қою, осы күнгі у дыбысы үшін уау-дың үстіне үш нүкте қою, ій дыбысын ашып көрсету үшін «аст белгісін» (кәсре) салу, тағы-тағы осындайлар жиі кездесетін болды. Сондықтан, араб әліпбесіне Байтұрсынұлы істеген өзгерісті араб ірпін жамаудың басы деп санау – тарихи қате, ол – бұл жөнінде бола келген өзгерістердің сірге жияры, соңы, тұйықталып тынған жері деп қана түсіну керек.

Түркі тілдерінің ең ірі маманы академик В. Радлов өзінің неміс тілінде шыққан «Phonetik der nordlichen Tuerksprachen» («Терістік түркі тілдерінің фонетикасы») деген кітабының I томында бұл дыбыстарды қосар дыбыс демей, жалаң деп кеткен. Бірақ, бұл біздің ұу, ій-лерді Радлов «ұзын дауысты» деп, ұзындық белгісімен айырып таңбалаған. Радловтың қазақтың ұу, ій-лерін ұзын деуі, әрине, қате. Өйткені қырғыз тіліндегі секілді ұзындық-қысқалық қазақ дыбыстарында жоқ. Мұны Радлов та білген. Бірақ Радловтың ұзын деуі тек

қысаң ұ, ү, ь, і-лерден айыру үшін болса керек. Ондай болса, дұрыс, Радловтың бір айтқаны: ұзын ұ, ұзын і-лерден соң дауысты келе қойса, екеуінің арасына бір жарты дауысты тығылады, су, би болады да, сұуат, бійік болады деген. Бірақ, жазуда ол жарты дауыстыны елемей, таңбаламай кетіп отырған. Біздің тійін, бійік деп жазылатындарымызды да Радлов *тін, бік* деп жазған. Кейін 1884 жылы шыққан «О языке Куманов» дейтін шығармасында да Радлов ұу, ій-лердің жалаң дыбыс екенін мойындаған. Ноғайбақтарға арналған оқу құралдарымен белгілеген болатын еді. Радлов мұны да жай, шартты таңба деп қараған. Сөйтіп, Радлов бұл дауыстардың қос емес, жалаң екенін мойындап кеткен.

Қазақ тілінің грамматикасын ең жақсы тексерген профессор П.Мелиоранский де осы Радлов пікірінде болып, ұу, ій-лерді жалаң әріппен таңбалаған [19, 251 б.].

1933 жылдан бастап емлені өзгертуге байланысты ұсыныстар беріле бастайды. Бірсыпыра ғалымдар и, у дыбыстарын қосар әріппен таңбалау керек десе, екіншілері и, у дыбыстарын бір таңбамен таңбалауды ұсынады. 1929-1938 жылдары да у, и дыбыстарын ұзын естілетін жерде қосар таңбамен таңбалады. Мысалы *рылармонья* (пыйлармония), *кабинет* (кәбійнет), *үйренуу* (.йренуу), *өндіруу* (өндіруу) т.с.с. Бұл мысалдар арқылы у, и дыбыстары жуан айтылғанда ұу, ый, жіңішке айтылғанда үу, ій болып қосар таңбамен таңбаланғанын көруге болады. Бұлай жазу түрі, әрине, жазуды қиындатты деуге болады. Қосарлап таңбалау бір сөзді бірнеше түрлі жазуға жол берді. Осыған байланысты ғалымдар «ь», «і» әріптерін бітеу буынды және тұйық туындыларда жазбау керек және орыс тілінен енген сөздерде «ь», «і» әріптерін алып тастау керек деген ұсыныс айтады.

Осындай көп талқыға түсіп, ақырында «Қазақ тілінің орфографиясын өзгерту» туралы 1938 жылы 2 қаңтар айындағы Қазақстан үкіметінің қаулысы бойынша қосар әріппен таңбаланатын дыбыстарды тір әріппен таңбалау алынады. Бұл өте маңызды қаулы болып табылады. Себесі осы кездегі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне септігін тигізді деуге болады. Қаулы бойынша қос таңбалар ажыратылып, ол дыбыстар жеке бір таңбамен көрсетіліп отырды. Бұрынғы «иу» әріптерінің және оның жіңішкесі «уу»-дің орнына тек қана «и» таңбасы белгіленді. Мысалы, *tuv, buv* деген сөздерді үш таңбамен таңбаласа, жаңа қаулы бойынша екі таңбамен, яғни *tu, bu* деп жазылды. Ы, і, ј таңбалары жөнінде де мәселе шешімін тапты. Бұл әріптер айылу ерекшелігіне қарай үш түрлі таңбаланатын. Жуан естілсе «ь», жіңішке естілсе «і», ал ашық дауыстыдан кейін келгенде ј болып жазылған.

11-Тақырып. Қазақ тілінің дыбысталу табиғаты және оған латын қаріптерін ыңғайластыру мәселелері.

Қазіргі таңда қазақ орфографиясы нормасындағы динамизм жазу тәжірибесіндегі қарама-қайшылықтардың шешімін тауып, бір ретке келтіру мәселесін күн тәртібіне қойып отыр. Бұл жайт – қазақ тілінің мемлекеттік

мәртебесіне сай қоғамдағы қызметіне қатысты шешімін табуы тиіс қазақ тілтанымының өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі таңдағы қазақ тілінің мәдени-әлеуметтік, ұлттұтастырушылық және бірегейлендірушілік мәніне орай қазіргі қазақ жазуының қоғам дамуының талаптарына, заманауи лайықты болуы жалпы қазақстандықтар үшін маңызды елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды.

Тіл жайлы заңның қабылданған (1989) сәтінен бастап 30 шақты жылдай өтсе де, ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері және осы мәселеге көңіл аударған азаматтар тарапынан қазақ тілі латын графикасына өту қажет пе немесе кирил жазуында қалу керек пе деген тақырыпта әртүрлі дәйектерін алға тартқан пікірталастар толастамауда. Осыған орай лингвистикалық технологиялық, әлеуметтік және басқа да сипатты дәлелдемелер сараланып, әртүрлі деректер келтірілуде. Шын мәнінде, бұл пікірталастардың шешуші мәні Қазақстанның ұлттық бірегейлігінде жатыр. Латын, кирил дилеммасы қаншалықты өткір мәселе болғанымен, екеуі де жазу тарихымызда бастан өткен, қолданыста болған және бар әліпби жүйелері. Сондықтан қазақ жазу тарихында бұрын болған латын графикасының қабылдануы, қолданысқа түсуі кезіндегі тәжірибелері, кемшіліктері мен жетістіктерін саралап, сол кезеңдегі орфографиялық ережелерге мүмкіндігінше талдау жасап, соның негізінде қазіргі тілдік қолданыстағы қазақ әліпбиінің латын графикасы негізіндегі таңбалайтын жобаларға баға беретін жұмыстың негізгі алғышарттары тақырыптың өзектілігін байқатады. Жұмыста талданған, көрсетілген, ұсынылған материалдар мен теориялық тұжырымдар, нәтижелер қазақ жазуы, графикасы мен орфографиясы саласы бойынша жүргізілетін зерттеулерге, орфография теориясына өз деңгейінде үлес қоса алады.

Қазақтың төл дыбыстарын түгендеп, соған лайықтап таңба санын ықшамдау Ахмет Байтұрсынұлынан басталған болатын.

Сонымен, қазақ тілінің төл дыбыстары: а, ә, б, ғ (-г), д, е, ж, з, й, қ (-к), л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ш, ы, і. Бас-аяғы 26 (-28) әріп. Осы жердегі бәрімізді шатастырып жүрген у таңбасының дыбыс мәні, тілімізде өте жиі кездесетін, «ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді [w] дауыссыз дыбысы» болып табылады: ау [aw], аya [awa], су [suw], у [uw], уық [uwuq], аю [ayuw] т.с.с. Мұндай дауыссыз дыбыс орыс тілінде жоқ, ал ағылшын және қазақ тілдерінде бар [20, 6 б.].

Қазақтың төл сөздерінің жазылымына қатысты орнықты әліпби мен емлережеміз өткен ғасырдың ортасына дейін болды. Сол кезде қазақ сөзінің *айтылым әуезі, морфем құрамы, буын үлгісі* мен *тасымал ретінде* еш нұқсан келіп көрмеген болатын. Өзгерістер сол ғасырдың елуінші жылдарының ортасында қазақтың төл сөздерінің құрамында *и, у, я, ю, ы* таңбаларын жазу керек дегеннен басталды. Қазақ сөзінің *үндесім айтылымы бейәуезденіп, морфем құрамы сетінен, буын құрылымы жарықшақтанып, тасымал реті бұзылып* сала берді [20, 7 б.].

Қазақ тіліндегі дауыстылардың қатарында жүрген *и, у* таңбаларына орфографиялық-морфемалық талдау жасап көретін болсақ, оқы етістігінің

көсемше түрі оқи болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты и дыбысы болса, онда көсемшенің бір көрсеткіші «дауыссыз й» деген ереже қайда қалады? Оқы етістігінің тұйық рай түрі оқу болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші дауысты у дыбысы болса, онда тұйық райдың көрсеткіші «дауыссыз у» деген ереже қайда қалады? [20, 7 б.].

Ал буын талданымға келсек, мәселен, миы сөзінің буын құрамы ми-ы болып, алғашқы буын дауысты и дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты ы дыбысынан басталып тұр. Бұл қазақ тілінде сөз ішінде «буын дауысты дыбыстан басталмайды» деген ережеге қайшы келіп тұр. Суы сөзінің буын құрамы су-ы болып, алғашқы буын дауысты у дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты ы дыбысынан басталып тұр. Бұл тұста да сол сәйкессіздікті байқаймыз. Тасымал жағына келсек те, біраз өрескел қателіктерді байқауға болады. Мәселен, жиын сөзі жи-ын болып тасымалданып, табымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұр. Бұл «қазақ тілінде сөз ішінде екі дауысты қатар тұрмайды» деген ережесіне қайшы келеді. Суық сөзі де су-ық болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп, қайтадан сол өрескел қателіктерді қайталап тұр. Бұл – бүгінгі қазақ жауыны күмәнді тұстары көп деген сөз [20, 8 б.].

Профессор Әлімхан Жүнісбектің қазақ тілінде сөз құрамындағы кірме *и, у, я, ю, щ, һ, х* таңбаларының дыбыс мәні жайлы фонетика-фонологиялық тұрғыдан бұған дейін көп жазылғанын айта келіп, олардың дыбыс құрамына тоқталады: и - [ый, ій], я - [йа, йә], щ - [шш], у - [ұу, үу], ю [йұу, йүү], һ - [к] х - [к] [20, 9 б.]. Кірме әріптердің дыбыс құрамына қарағанда олар екі-үш дербес дыбыстардың тіркесімін (кейде дербес дыбыстың өзін) белгілейтін *таңбалар* екенін көреміз. Осы жердегі и және у таңбаларының мәнін тіркесімнің екінші сыңарының морфологиялық қызметін өзге морфем бірліктерімен салыстырып барып аңғаруға болады:

оқы-л [oqu - l]

оқы-п[oqu - p]

оқы-с [oqu - s]

оқы-й [oqu - y]

оқы-у [oqu - w]

Осында оқыл дегендегі дауыссыз л [l] – ырықсыз етіс көрсеткіші, оқып дегендегі дауыссыз п [p] – көсемшенің көрсеткіші, оқыс дегендегі дауыссыз с [s] – ортақ етіс көрсеткіші ретіндегі морфологиялық қызмет, оқи [oquy] дегендегі дауыссыз й [y] – көсемше көрсеткішіне, оқу [oquw] дегендегі дауыссыз у [w] – тұйық рай көрсеткішіне де тән екенін көреміз. *Тілдік (морфологиялық) қызмет* осындағы л [l], п [p], с [s], й [y], у [w] дауыссыздарына бірыңғай тән. Ендеше и және у таңбаларын дауысты деп қателеспеуіміз керек.

Тіркесімнің екінші сыңары, қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді, буынның құрамды бөлігі болып табылады:

қыр – қы+р [qı-r]

қи – қы+й [qı-y]

тіс – ті+с [ti-s]
ти – ті+й [ti-y]
ұл – ұ+л [u-l]
у – ұ+у [u-w] [, 9].

Осындағы [r], [s], [l], [y], [w] дауыссыздары буынның соңғы сыңары ретінде бірдей жұмсалып отыр.

Тіркесімнің екінші сыңары қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді тасымал жігін көрсетеді:

тыным – ты-ным
тиым – ты-йым
шіре – ші-ре
шие – ші-йе
құсы – құ-сы
куы – құ-уы
елігі – е-лі-гі

елуі – е-лі-уі осындағы н, р, й, с, г, у дыбыстары *дауыссыз* болғандықтан сөз ішінде буынның бас шебінде тұр. Сөйтіп сөз соңындағы бейтәртіп дауысты буын мен тұйық буыннан арылуға болады.

Олай болса, дауысты и, у, я (ю) деп жүргеніміз екі (үш) дыбыстың тіркесімін белгілеңізін таңба болып шығады [, 10].

Әлемдік жазудың тәжірибесіне қарасақ, ешбір мемлекет, ешбір халық кірме дыбыс үшін арнайы таңба ойлап таппайды немесе сол кірме дыбыстың төркін таңбасын алмайды. Таңбаны сол өзінің төл әліпбиінің ішінен құрастырады. Кірме дыбысқа сол дыбыстан төркін таңбасын қоса алу деген бұрынғы Кеңес түркі республикаларында ғана болды. Мысалы, орыс тілінен ц, ч т.б. дыбыстарын да, таңбаларын да кезінде қоса алып отырдық [, 12].

Қазіргі еуропалық елдер де орыс сөздерін жазып-сызуға мәжбүр болып отыр, бірақ олар ц дыбысын ts деп, ч дыбысын ch деп латын әліпби үлгісімен жазу амалын тауып отыр. Бұл амал теория-практикалық тұрғыдан әбден сыннан өткен.

Жазу реформасының мерзімі алдын-ала дайындыққа байланысты болады: мақсаты мен мазмұны айқын болуы керек. Мақсаты – қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіру, мазмұны – қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру.

Ол үшін:

- бірінші, «сауат ашып алу» керек, көпшілік үшін қазақ мәтінінің «әліпби дыбыс жазбасын (транскрипциясын)» дайындау. Қазақ сөзі ми емес мый, су емес сұу, у емес ұу, и емес ій, ки емес кій, ит емес ійт, ою емес ойұу, сүю емес сүйуу, ащы емес ашшы;

- екінші, «әліпби дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емлережелерін қайта дайындау (өзгерістеренгізу);

- үшінші, қазақ тілінің төл дыбыстарына (кірме дыбыстар да) берілген балама латын таңбаларына көз үйретіп, қол жаттықтыру;

- төртінші, содан кейін барып, латын графикасы негізіндегі қазақ жазуына ырғалып-жырғалмай, уақыт оздырмай көшу.

Жазу реформасын игеру үшін көпшілік бұқараға бір жылдың ар жақ бер жағы жетіп жатыр. Ал мектеп және өзге оқу орындары үшін жазба құралдарының дайындығына кететін уақытты есепке алуға тура келеді. Ағылшын тілін жаппай оқып жатқан балаларға қазақ латыншасына жаттығу қиындық туғызбайды [, 13].

Графика мәселесі, жаңа әліпби түзу мәселесі тіл білімінің грамматология саласының негізгі зерттеу пәні болып табылады [, 24].

Графика дегеніміз – белгілі бір әліпби жүйесіндегі әріптердің ұйымдасуы арқылы сол тілдің фонологиялық құрамын белгілеу сипаты [20, 29 б.].

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын әріп тіркесімен емес, әріпүсті және әріпасты диакритикасымен беру өзге түркі халықтарының әліпбилерімен бірдейлестіруге және жазу <ә> - ä, <ө> - ö, <і> - i, <ы> i, <ү> - u, <ү> - ü.

Ал қазақ тілінің өзіне тән дауыссыз дыбыстарын әріпүсті доға немесе әріпүсті сызықша арқылы беруге болады: <ғ> - ğ, <ң> - ñ, сондай-ақ <ш> фонемасын әзірбайжан мен түрік тіліндегідей – ş таңбасымен, <к> фонемасын әзірбайжан және өзбек алфавитіндегідей – q графемасымен таңбалау [20, 30 б.].

Профессор Ә.Жүнісбектің зерттеу қорытындысы бойынша, жаңа әліпби жобасында қазақ тілінің фонологиялық құрамын көрсететін 28 фонеманың таңбасы әліпбидің негізгі «сүйегі» болады. Ал тілімізге кирил графикасына дейін де араб тілінен енген сөздерді түпнұсқа принципімен жазу үшін берілетін және 1938 жылы қазақ жазуына енгізілген өзгерістің бірі болған *v, h, f* әріптерін қазақ дыбыстық құрамында соңғы 100 жылдықта болып жатқан процестерді көрсететін және белгілейтін таңбалар болады [20, 30 б.].

Жалпы, әліпби ацыстыру мәселесі бір жағынан, жазудың тілге тигізетін әсер болатыны белгілі. Ендеше қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес, бөгде тіл фонемаларын сол тілден ауысқан термин сөздерді жазу, яғни емленің цитаталық принципі үшін ғана әліпби құрамына алу дұрыс еместігі айқын. Алайда біз тілдің даму диалектісін естен шығаруымыз керек сияқты. Тілдің дыбыс жүйесінде *ф, h, в* дыбыстары болмағанмен, *ah ұрды, үһілеу* тәрізді одағайларды дыбыстағанда пайда болатын <h> фонемасының вариациясы, *Файзола, Фазыл, Сайфолла* тәрізді кісі есімдеріндегі *ф* фонемасының саналы да, санасыз да түрде айтылуы тілдің дыбыстық құрамында өзгеріс, даму жүріп жатқанынан хабар береді [20, 30 б.].

Тіл-тілдің дыбыс жүйесі өзгермейтін құбылыс емес. Кез кедген тілдің дыбыс жүйесінде дыбыс реңктерінің дифференциациясы, көрші тілдің, кірме сөздердің әсерінен болған дыбыстық өзгерістер орын алады. Мысалы, орыс тіліндегі [а], [э] дыбыстарынан сөз басталмайтын заңдылықты шет тілден енген *анкета, аббат, абзац, атака, ангел, эпоха, эра, этика, экзамен, эффект, этаж* сияқты сөздер бұзған. Сондай-ақ, екі дауыстының қатар келуі де орыс тілі фонетикалық жүйесіне қайшы еді. Бірақ қазір орыс тіліндегі *поэт, ореол, аут, театр, вуаль, какао, радио, пунктуация* сөздерінде екі дауысты қатар таңбалана береді. Және *ге, ке, хе* тіркесімі де кірме сөздерде жазылып, айтыла береді: *кедр, герой, схема, агент, аскет*. Сондай-ақ, орыс тіліндегі [ф] әрпі тек кірме сөздерді таңбалау үшін қолданылады: *форум, факт, фонарь, софа,*

фильм, афера, форма, афоризм, эфир, профиль. <h> фонемасы бұрын *бог, благо* сөздерінің айтылымында болса, қазір кірме сөздерде қолданылады. XVII ғ. дейін орыс графикасында да, тілінде де ч, щ, ц, х, э дыбыстары болмаған, тек 1760 ж. кірме сөздерде айтылғаны үшін алынғанын ескерсек, кірме дыбыс проблемасы орыс тілінің өзін де жанамай өткенгендігін көреміз [20, 31 б.].

Қазіргі ақпараттың ағыны, жаңа технология тасқыны толастамайтын ғасырда тіл сөздердің жаңадан жасалуын күтіп отырмайды, өмірге енген сөздер сол түпнұсқа тілдің номинативтерімен келіп жатыр. Бүгінде ғылым, техника, әскер, қаржы, банк, спорт саласына қатысты лексика халықаралық (ортақ) сипат алуға ұмтылып отыр. Ғылыми-техникалық прогреске, өркениетке деген ұмтылыс тілде де бейнесін таппай қоймайды. Ендеше өзге тілдің терминдік атауын алуға тарихи прогрестің өзі итермелейді. Сондықтан бөтен тіл элементтерінен қашу кей жағдайда пуризмге соқтырады.

Аталған мәселеге байланысты жалпы сөз арнаған көпшіліктің пікіріне назар аударып көрсек, ұсыныстардың екіге бөлінгенін көреміз: а) әліпбиде в, ф, ц, щ, ч дыбыстарына әріп арнамау бағытында. Латын жазуына көшудегі бірден-бір ұтатынымыз кезінде түпнұсқа принциппен жазу үшін орыс графикасынан алынған я, ю, ё, ф, в, щ, ч, ь, ъ, әріптерінен арыламыз, әрі у, и әріптерінің дыбыстық құрамын нақты көрсететін боламыз дейді Фадли Әли, Қоңдыбаев С., Сапархан М. [20, 32]. Сөйтіп, авторлар орыс алфавитіне негізделген қазақ әліпбиін латын графикасына транслитерация жасайды: латын әліпбиінде бар әріптер әріптер өз мәнінде жұмсалады, ал <ч>, <ц>, <щ> дыбыстарына диграф, триграфтарды, диакритикалық әріптерді пайдалануды ұсынады, бірі ағылшын графикасының басы артық әріптерін пайдаланайық дейді; ә) ф, в, h дыбыстарымен айтылатын қазақ тілінде кісі есімдері бар екенін дәйек етіп, тілде бар дыбысқа әріп те болғаны дұрыс дейтін пікірлер де бар. Мұндағы негізгі уәж, тілдің даму деңгейін бағалау, қазіргі қазақ тілі айтылым үлгісіндегі өзгешеліктерді ескеру дегенге саяды [20, 32 б.].

Профессор Ә. Жүнісбек ұсынуы бойынша, [ый], [ій] дыбыс тіркесін таңбалайтын «ұзын и», «дауысты и» деп әріп-фонема қатынасынан қате түсініліп жүрген и таңбасы жаңа графика бойынша қазақ сөздерінде жазылмайды [20, 33 б.]. Ал халықаралық терминдер мен ел аттары *i* әрпімен жазылады. Мысалы, *kino, institute, himia, tehnika, kibernetika, fizika, film*. Бұл фонология тұрғысынан жүйелі. Яғни *сый, тый* сөздерінде ғана жазылып келген орфограмма енді барлық и таңбаланатын тұстарда жазылатын болады. Мысалы: *сыйлық, сыйыр, мый, ійнелік, қыйар, тыйын*. Алайда, бұл арада тағы да нақты ойлану керек. 1929 жылы мен 1940 жылы алдыңғысы латын, кейінгісі орыс жазуын қабылдаған тұста қосып арқалаған жұмыс осы болғанын тарих ескертіп отыр. Жазу үнемділігі, қағаз үнемділігі, уақыт үнемділігі дегендер қай ғасырда да қажетті мәселелер.

Жарты дауысты дыбыс, шала дауысты дыбыс деп XX ғ. Басында анықталған <у> фонемасы А.Байтұрсынұлының 1926 жылы шыққан «Сауат ашқышында» бір ғана таңбамен теріледі: *тану, салу* [21, 94б.].

Қазақ тілші ғалымдары және әліпби жобасын ұсынушы өзге де тұлғалар жаңа графикаға көшуде *и, у* әріптеріне қатысты 1929 жылғы графиканы қабылдағанда қазақ жазуын тілдің дыбысталуына жақындатамыз деп шешеді. Бірақ қазақ жазуы – фонологиялық жазу. Осы сипатта көпшілік фонетикалық жазу деп қабылдайды.

Сондықтан қалай жазылса, солай оқылу нормаға айналған бүгінгі қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің арасындағы ажырағысыздықты жазба тіл арқылы реттемесе, енді бір 20 жылда қазақ тілі өзінің ұлттық орфоэпиялық ерекшелігінен айырылады дейді. Расында да бүгінде қазақ тілінің орфоэпиясында ерін үндестігі мүлде жоғалды деуге болады. Сөз тіркесіндегі ырғақтық топтарға, екі сөз жігіндегі ықпал да бірте-бірте көмескіленуде. Сонда *күтуу, мый, жыйыу* делініп, дыбыс тіркесі ажыратыла таңбаланса, қалай жазылса, солай оқып дағдыланған түйсік біртіндеп сөздің дұрыс айту нормасын меңгере бастайды дейді көпшілік пікір айтушылар. Алайда жазба тіл мен ауызша тілді жақындату мұнымен ғана шектелмейтінін ойласақ, шешілуі қиын міселеге тап болатынымызды көруге болады. Мысалы, *ырақмет, ылақ, ырас* деп жазу сияқты.

Профессор Ә. Жүнісбек ұсынуы бойынша, [ый], [ій] дыбыс тіркесін таңбалайтын «ұзын и», «дауысты и» деп әріп-фонема қатынасынан қате түсініліп жүрген и таңбасы жаңа графика бойынша қазақ сөздерінде жазылмайды [20, 33 б.]. Ал халықаралық терминдер мен ел аттары *i* әрпімен жазылады. Мысалы, *kino, institute, himia, tehnika, kibernetika, fizika, film*. Бұл фонология тұрғысынан жүйелі. Яғни *сый, тый* сөздерінде ғана жазылып келген орфограмма енді барлық и таңбаланатын тұстарда жазылатын болады. Мысалы: *сыйлық, сыйыр, мый, ійнелік, қыйар, тыйын*. Алайда, бұл арада тағы да нақты ойлану керек. 1929 жылы мен 1940 жылы алдыңғысы латын, кейінгісі орыс жазуын қабылдаған тұста қосып арқалаған жұмыс осы болғанын тарих ескертіп отыр. Жазу үнемділігі, қағаз үнемділігі, уақыт үнемділігі дегендер қай ғасырда да қажетті мәселелер.

Жарты дауысты дыбыс, шала дауысты дыбыс деп XXғ. Басында анықталған <у> фонемасы А.Байтұрсынұлының 1926 жылы шыққан «Сауат ашқышында» бір ғана таңбамен теріледі: *тану, салу* [21, 94б.].

Қазақ тілші ғалымдары және әліпби жобасын ұсынушы өзге де тұлғалар жаңа графикаға көшуде *и, у* әріптеріне қатысты 1929 жылғы графиканы қабылдағанда қазақ жазуын тілдің дыбысталуына жақындатамыз деп шешеді. Бірақ қазақ жазуы – фонологиялық жазу. Осы сипатта көпшілік фонетикалық жазу деп қабылдайды.

Сондықтан қалай жазылса, солай оқылу нормаға айналған бүгінгі қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің арасындағы ажырағысыздықты жазба тіл арқылы реттемесе, енді бір 20 жылда қазақ тілі өзінің ұлттық орфоэпиялық ерекшелігінен айырылады дейді. Расында да бүгінде қазақ тілінің орфоэпиясында ерін үндестігі мүлде жоғалды деуге болады. Сөз тіркесіндегі ырғақтық топтарға, екі сөз жігіндегі ықпал да бірте-бірте көмескіленуде. Сонда *күтуу, мый, жыйыу* делініп, дыбыс тіркесі ажыратыла таңбаланса, қалай

жазылса, солай оқып дағдыланған түйсік біртіндеп сөздің дұрыс айту нормасын меңгере бастайды дейді көпшілік пікір айтушылар. Алайда жазба тіл мен ауызша тілді жақындату мұнымен ғана шектелмейтінін ойласақ, шешілуі қиын міселеге тап болатынымызды көруге болады. Мысалы, *ырақмет, ылақ, ырас* деп жазу сияқты.

Сондай-ақ тағы бір сұрақ туындайды: Ү дыбысы ұу, үу болып тіркесе ме, әлде ыу, іу болып тіркесе ме? <у> фонемасы, проф. Ә.Жүнісбек анықтағандай, ерін-ерінді, тоғысыңқы, үнді дауыссыз [22, 57 б.]. өзге дауыссыздардан алдынан не соңынан [ү] дыбысын қосып айтуымен ерекшеленеді (басқа дауыссыздар қысаң, жуан езулік [ы] дыбысын қосып айтады). Бір қызығы, XX ғасырдың басында – қазақ орфоэпиялық нормасына «сызыт түспеген» дәуірде А.Байтұрсынұлы бұл позициядағы инвариант дыбысты <ы> деп тапқан. «Қазіргі тұжырымдардан, *алуб* десек, *келіб* демей, *келүб* десек, онда *алұу, барұу* деуге болады. Оның үстіне *алыуды – алыс, барыуды – барыс, келіуді – келіс* деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше у-дың алдына ұ, ү әріптерін салудың еш қажеті жоқ» дейті ғалым [23, 10 б.].

Қазақ тіліндегі кез келен дауыссыздың алдынан не соңынан қысаң езулік қосылып айтылады. А. Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін қолданып келген қазақ» » қысаң, жуан езуліктерді инвариант деп табады: [бы], [жы], [ыр], [қы] [23, 6 б.]. Осы жүйе бойынша, [ый], [йы], [ыу], [уы] болуы керек. Бірақ <й> фонемасы профессор Ә.Жүнісбектің айтылым, жасалым, естілім сипаты арқылы анықтаған айырып (дифференциалды) бергілері (тілшік, жуысыңқы, үнді, кейінді, езулік дауыссыз) [22, 55б.] қысаң езуліктермен дыбыстатады. Сонда «ерекше жағдай» у фонемасында ғана. Ендеше [ұу], [үу] таңбалануға тиіс емес, фонетикалық вариант болып табылады. Егер біз жаңа орфографияда <у> фонемасын дыбыс тіркесіне ажыратып жазсақ, онда *тауық, сауық, жауық, сеуіп, теуіп, кеуіп* сияқты сөздерде ы орнына ұ, ү жазу керек болып шығады. Бұл орфограммалар, әрине, қазақ сөзінің дұрыс айтылу нормасын сақтауға көмектеседі. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы жаңа сауаттанатын баланың санасына дұрыс бекиді [20, 35 б.].

Егер латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне ауысарда орфограмманы тандасақ, тіліміздегі ерін үндестігінің қаншалықты басыңқы сипатта болатынына келісіп алуымыз керек.

Қазақтың жаңа графика негізіндегі орфографиясын қабылдауда тілдің жетекшілік ететін басты дыбыстық заңдылығын айқындап алу қажет. Ол, жетекшілік сипатта – тіл үндестігі, екіншілік деңгейде – ерін үндестігі болуы тиіс.

Кезінде 1929 жылы Қызылордада өткен алғашқы емле конференциясында қабылданған емле ережесі емле-үндесім заңына табан тірейтінін, оны қазіргі ережедегідей сөздің соңғы буынына ғана қатысты емес, сөздің бүкіл өн бойына (түбір, қосымша) қатысбы алатынын ескетті. Ескертуде тек -нікі жұрнағы мен кейбір араб тілінен енген жұрнақтар мен сөздерде бұл заңдылықтан ауытқу болатыны көрсетіледі [24, 116 б.].

Тіл үндестігінің басымдығы, ерін үндесімінің екіншілік сипаты 1926 жылы Бакуде өткен конференция талқысында да айтылды: «Барлық түркі тілдерінде палатал үндесім жетекші, сондықтан емлеге осы үндесімді негіз ету (Т.Шонанұлы), ерін үндесімі бұдан 50-60 жыл бұрын күшті болса (В.В.Радлов), бүгінде құрып барады (Т.Шонанұлы, Әлібаев) // еріндіктерді бірінші буыннан артық жазбау // ерін үндесімінің күші қазақ тілінде екі буыннан артық жазбау // ерін үндесімінің күші қазақ тілінде екі буынға дейін сақталуы тиіс және солай жазылуы қажет (К.Кемеңгерұлы), ерін үндестігін сақтау тиімсіз, бірақ шет сөздерді игергенде екінші буынға да жазу (Е.Омаров) // кірме сөздерді соңғы буынындағы еріндікті алдыңғы буынға шығарып жазу (Т.Шонанұлы) [25, 116 б.].

Жоғарыдағы 28 төл дыбыс, 3 кірме дыбыс таңбасымен халықаралық терминдерде де, әрине, үндесімге бағынып жазылады. Олай етпесе орыс орфографиясының нормасына жүгіну тағы басталады. Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген ағылшын суффикстері екені белгілі. Мысалы, -ция, -сия – -sion/-tion деген латын жұрнағы, ол орыс тіліне ағылшын тілінен *presentation* - *презентация*, *construction* - *конструкция*, *possession* - *позиция*, *action* - *акция* деген сияқты сөздердің құрамында келген. -ist, -ism, -al жұрнақтары да *pianist*, *physicist*, *abstractionism*, *criticism*, *atheism*, *central*, *formal*, *official* сөздерімен енген. Бірақ қазақ тілінде түпнұсқа болып табылатын сөздерге де: *academia*, *bachelor*, *biology*, *botany*, *certificate*, *course*, *diploma*, *geography*, *geometry* [20, 37 б.].

Жалпы, ендігі қазақ жазуы латын графикасындағы өзге түркі тілдерімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін жеңілдету және бірегейлендіру бағытында болуы да керек.

Әлемдік өркениет көші уақытпен жарысып, күн сайын дүниеге жаңа құндылықтар келіп жатқан қазіргі заман ұлттар мен ұлыстардың, тіпті ірі мемлекеттердің алдына өз шарттарын тосуда. Қоғамдық сана өзгерген сайын, жақсы өмір сүруге қол созу немесе жаһандық проблемаларды бірлесіп шешу жолдарын іздеу адамзат ақыл-ойының жетістіктерін ортақ пайдалану қажеттілігіне итермелейді. Жаһанданудың қоғамға экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан жаңа серпін беретінін бүгінгі күннің өзі көрсетіп отыр, сондықтан бұл үдерістің ішінде болу ел болашағы үшін аса маңызды. Алайда, бірігу мен кірігу ұлт мәдениетіне өзіндік кері әсерін беретіні де белгілі. Заманауи жаңалықтар жетегінде кетіп, өзіндік белгілерінен айырылып қалу қай елдің болсын ертеңін тамырсыздануға алып баратын қауіпті құбылыс. Мәдениеттердің ассимиляциялануы мен басқа мәдениетке сіңіп кетуі мүмкін жағдайда тап болу қаупі әлем жұртшылығын ойландыратыны да жасырын емес. Бірақ, бұл жаһанданудан бас тартуға емес, керісінше оған сын көзбен қарай отырып, тиімді жақтарын алып, кері әсерлерінен алыс болудың, онан шығудың жолдарын қарастыруды меңзейді [20, 40 б.].

Ал енді қазақ емлесінің түзететін қандай жерлері бар һәм оларды қалай түзету керек, соған келелік. Екі дыбысты Ахмет Байтұрсынов таңбасыз (каріпсіз) қалдырды. Ол таңбасыз қалған екі дыбыс «тау» деген сөздегі соңғы

жарты дыбысты «у» һәм «тай» деген сөздегі соңғы жарты дауысты «й». Жарты дауысты «у» келетін жерде дауысты «ұ»-ның қарпі жазылады. Бұл дұрыс емес. Себебі, әрбір дыбыстың өз алдына бөлек таңбасы боларға тиіс. «Ауыл» деген сөздің басында естілетін дыбыс (дауысты у) пен «тау» деген сөздің аяғында естілетін дыбыс (жарты дауысты у) бір емес һәм «тары» деген сөздің аяғында естілетін дауысты дыбыс пен «тай» деген сөздің аяғында жарты дауысты дыбыс бір емес. Бұл дыбыстар әрқайсысы басқа. Басқа дыбыстар болатын болса, олардың таңбалары да басқа боларға тиіс. Егерде екі дыбысқа бір таңба жарай береді десек, Б мен П-ның бірін тастау керек, Ж мен Ч-ның бірін тастау керек, Д мен Т-ның бірін тастау керек. Мұндай тастайтын қаріптер көбейеді. Егерде бұл дыбыстарға екеуара бір таңбадан десек, дауысты «у» мен жарты дауысты «у»-ға да һәм дауысты «ы» мен жарты дауысты «и»-ға да екеуара бір таңбадан арнауымыз ақылға сыймайды. Бүгінге шейін таңбасыз келген Бұл екі дыбысқа беріп «тау» деген сөздің аяғында келетін дыбысқа «у» қарпін беру керек. «Ү» қарпі басқа түрік тілдерінде һәм осы күнге шейін қазақ тілінде де «в» орнында жүретін еді. Қазақ тілінде «в» дыбысы жоқ. Басқа тілдерде «в» келетін жерде қазақ орнына қарай һәм әркім өзінің тілінің икемділігіне қарай я жарты дауысты «у» айтады, я «ф», я «б» айтады. Мәселен, «товар», «Василий», «автомобиль» деген сөздерді қазақ «тауар», «афтомобил», яки «абтомобил», «Бәселей» дейді. Бұл қазақ тілінде «в» дыбысы жоқ екендігін көрсетеді, қазақ тілінде «в» дыбысы жоқ болса, ол жоқ дыбысқа қаріп арнаудың да қажеті жоқ. Егерде бөтен тілдерде бар дыбыстарға да қаріп арнау керек десек, онда қазақ тілінде жоқ болса да, басқа тілдерде бар дыбыстардың бәріне де қаріп арнау керек. Өз тілімізде болмаса да, басқа тілдерде бар дыбыстарға қаріп арнау керек деп ешкім айта қоймас. Олай болатын болса, бұрын «в»-ның орнында босқа тұрған «у» қарпін алып, басқа керекті орынға қою керек. Ол керекті орын жарты дауысты «у». Бұрын «в» орнында жүретін «у» қарпін қазақ тіліндегі жарты дауысты «у»-ға арнауымыздың бір себебі – қарпі жоқ дыбысқа бос тұрған қаріпті алып беру болса, екінші себебі – «В» мен жарты дауысты «у» бір-біріне өте жақын дыбыстар. Бұл дыбыстар бір-біріне өте жақын болғандықтан басқа тілдерде жарты дауысты «у» келетін жерлерде өз тілдерінде ондай дыбыс болмағандықтан орыстар «в» айтады. Мәселен, Валиев, Көкшетау, Ауғуст, Аустралия, Аутономия, Аутор деген сөздерді орыс Валеев, Кокчетов, Август, Австралия, Автономия деп жазады һәм айтады. Осы себептен басқа тілдерде в келетін жерлерде қазақ кейде жарты дауысты «у» айтады. Мәселен, Товар, Самовар, Первый, Васька деген сөздерді қазақ Тауар, Самауар, Пируай, Үэске дейді. Сондықтан (Бұл екі дыбыс бір-біріне өте жақын болғандықтан) басқа тілдерде «в» келетін жерлерде көбіне «у» қарпін жазуға болады. Оны «в» қылып оқыған кісі «в» қылып оқыр, «в» қылып оқымаған кісі жарты дауысты «у» қылып оқыр, одан келер көп зиян жоқ. Қай тілді алсақ та өзінде жоқ дыбыстарды сәл өзгертіп айтады. Мәселен, орыстар өз тілінде жоқ болғандықтан «һ» дыбысын «г» қылып, «ң» дыбысын «к» қылып, жарты дауысты «у»-ды «в» қылып айтады.

Енді «тай» деген сөздің аяғында естілетін жарты дауысты «й»-ға қаріп табу керек. Оған бұрынғы «ы» қарпін беріп, «тары» деген сөздің аяғында естілетін дауысты дыбысқа үтір қойып «й» қарпін алу керек. Сонда бұрын былай жазылатын «таы», «тары» деген сөздер енді былай жазылады: «тай», «тары». Дауысты «й»-дің үстіне үтір қоюымыздың бірінші себебі – таңбасы жоқ дыбысқа таңба тауып беру, екінші себебі – бұл дыбыс кейде «у»-ға жақындайды. «Ы» дыбысы кейде «у»-ға жақындайды деуге екі түрлі дәлел бар: 1) бір сөздің әуелгі буындарының бірінде «у», яки «у» келіп, онан соңғы буындарының бірінде «ы» келсе, ол «й» мен «у»-ға ұқсап кетеді. Мәселен, «тұрсын», «көрсін», «дұрыс». «құрық», «торсық». Сондықтан жұрттың көбі бұл сөздерді былай жазады: «тұрсұн», «көрсұн», «дұрұс», «құрұқ», «торсұқ»; 2) жуан сөздерде келетін «ы» дыбысы орыстың «ы»-сы секілді естіледі. Орыстың «ы»-сы академик Гроттың айтуынша, «и» мен «у»-дың арасындағы ортақ дыбыс. Егерде бұл қаріп ұнамаса, жарты дауысты «й»-дың төрт түрін де қос нөкатты қылып, дауысты «й»-дың төрт түрін де нөкатсыз қылып алу керек. Қазақ емлесінің тағы бір түзететін жері – «ы» қарпінің қандай орында жазылып, қандай орында жазылмайтыны туралы қағида. Бұл қағида бойынша ұлт (жұрт), құрт (тамақ), көрік (кісінің көркі), (от жылт ете түсті), сылт (аяғым сылт ете қалды), жорт (жүгір) деген сөздердің естілуі ұлт (итті ұлт), құрт (жоқ қыл), көрік (ұстаның көрігі), жылт (суды жылт), сылт (майын сылт), жорт (түсті жорт) деген сөздердің естілуінен басқа болса да, жазылуы бір. Бұл да емлеге үлкен мін. Бұл мінді де мінеу керек. Соның үшін «й» дыбысы қай жерде естілсе, сол жерде қалмай жазылатын қылу керек. Бұрын «мысық» деп жазылатын сөзді енді ерінбей һәм қағазды да өте аямай «мисық» деп жазу керек. Бұл қағиданың қалуының тағы бір пайдасы – емле үйрену жұрттың көбіне аз да болса оңайланады

Жазу мен әліпби мәселесі бір-бірімен тығыз байланысты болады. Алдымен әр тілдің дыбыс қорын анықтап, содан кейін әр дыбысты әріптермен таңбалау қажет. Жазбаша тілді ауызша тілдің графикалық бейнесі деуге болады. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Жазудың қандай түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы жасалады. Жазу тарихын жан-жақты білу үшін графикалық лингвистика теориясын терең тану керек. Қазақ жазуы мен әліпбиі тарихында А.Байтұрсыновтың араб графикасын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бейімдеп жасаған әлем тіл білімінде өзінің жетістіктерімен ерекшеленетін сингармоалфавиті мен сингармоорфографиясының маңызы зор болды [21]. Себебі қазіргі жазуымыздың өзі А.Байтұрсынов еңбектеріндегі жазу теориясымен сабақтасып жатыр. А.Байтұрсыновтың араб графикасына негізделген (төте жазу) еңбегі 1912 жылдардан бастап белгілі болып, 1914, 1925, 1926 жылдары әр түрлі басылымдарда елге танылды [26, 6 б.]. Қазіргі әліпбиіміздегі 42 әріптің қызметін А.Байтұрсынов жасаған әліпбиде 16 әріп пен дәйекші атқарған еді. Қазақ тілінің табиғатына сай келтіру мақсатында араб графикасына өзгеріс енгізген. Ғалым 24 әріптің ішінен араб жазуынан 16 таңбаны дайын күйінде алған да, 8 таңбаны өзі қосқан. Араб жазуынан алынған

екі әріптің таңбасы А.Байтұрсынұлы әліппесінде басқа әріптерді таңбалайды [27, 6 б.].

Қазақ орфографиясын жетілдіру мақсатында 1938 жылы жазудағы негізгі принцип морфологиялық деп танылып қазақ әліпбиіне «ф, х, в» әріптері енгізіледі. Ал 1940 жылы 5 қарашада қазақ жазуын орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшіру туралы заң шығарылады. Қазақ әліпбиінің орыс графикасына негізделген жаңа жобасын ғалым С. А. Аманжолов жасаған еді [26]. Оның авторлығымен 1940 жылы латын графикасымен жазылған емле ережелері де жарық көрді. Бұл алфавитте 41 әріп, яғни орыс әліпбиінен 32 әріп және қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін танытатын 9 әріп, болды. Әліпбидегі әріптер орналасу тәртібі бойынша алдыңғы жағында орыс тіліне тән әріптер, ал соңғы жағында қазақ тіліне тән әріптер орналасты. Кезінде орыс графикасын алған қазақ жазуын жетілдіру жөнінде баспасөз беттерінде көптеген ғылыми пікірлер айтылды. Осы орайда, яғни «ұ» дыбысының таңбасын жетілдіру қажеттігі туралы ғалым Н.Т.Сауранбаев: «Тәжірибеде «ұ» әрпінің үстіне көлденең қойылатын сызықша баспада түсіп қала беретіндігі айқын болды. Оның түсіп қалуынан сөздің мағынасы бұзылады», - деген еді [28, 39 б.].

Қазақ жазуында жуанды- жіңішкелі ұу/үу тіркесімдерін, яғни «оқы, тоқы, кемі» сөздеріне «у» қосымшасын жалғаған кезде, түбір соңындағы қысаң дауыстылар ұ/ү болып, әлгі сөздер «оқуу, тоқуу, кемүү» болып айтылса да, жазуда сөз соңындағы екі дыбысты бір ғана «у» әрпімен таңбалау заңдастырылды. Сол кезеңде жуанды – жіңішкелі ый/ій дыбыстары тіркесімін бір ғана әріппен (и) таңбалау туралы М.Балақаевтың пікірі болған еді. Бұл жөнінде ғалым Н.Т. Сауранбаев былай деген еді: «Жуанына да, жіңішкесіне де «и» жазудан сөздің мағынасы бұзылмайды, қайта «ый» жазылатын сөздердің жазылуы біріңғайланып жеңілденеді» [28, 43 б.].

Кейіннен 1951 жылы «ұ» дыбысының бұрынғы таңбасы (ў) сәл өзгертіліп, қазіргі күйінде жазылатын болды. Сондай-ақ, әліппеге «ё» дыбысы енгізілді. Қазақ әліпбиіндегі әріптердің оранласу тәртібі 1957 жылы қайта өзгертіліп, қазіргі тәртіппен жазылған еді. Қазіргі әліпбиімізде 42 әріп бар, оның 9-ы қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сай келтірілген (ә, ө, ү, ұ, і, ғ, қ, ң, һ) әріптер болса, 33 әріп орыс тілінен өзгеріссіз алынды. Бұл әріптер 15 дауысты, 25 дауыссыз және дыбыстық мәні жоқ 2 әріп (ь, ъ) таңбаны бейнелейді.

Қазақ тілінің алғашқы орфографиялық сөздігі 1941 жылы жарық көрсе, одан кейін толық басылымы 1963 жылы жарияланып, ал 1978, 1988 жылдары кейбір кемшіліктер түзетіліп, жетілдіріліп қайта басылады. Бұл сөздіктердің шығуына белгілі тілші ғалымдар арасындағы қызу пікір алмасу, талқылау барысында 1957, 1983 жылдары толықтырылып қабылданған «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері » негіз болды. Қазақ білімпаздары жиынында қазақ жазу емлесін бір ізге түсіру бағытында адам аты-жөнін жазған кезде орыстың «ов», «ский», арабтың «и» сияқты сөздерінің орнына ұлттық ерекшелігін танытатын қосымшалар жалғану қажет деген мәселе көтерген еді. Ал бұл мәселе одан кейінгі кезеңдерде де ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. Мысалы, 1950 жылы ғалым Н.Т.Сауранбаев адам аттары сөздің айтылуы

бойынша жазылып жүргенін сынап, «... жалпы есімдер сияқты жалқы есімдер де » «... туыс жүйелі принцип бойынша бастапқы тұлғалары сақталып жазылуы керек » деген болатын [28, 41 б.].

Кейбір ғалымдар «кісі аттарының, жер-су аттарының, қала берді жалпы біріккен сөздердің түбірін сақтап жазу дегенді принципке айналдырмау керек. Олай ету тілге зорлық » деп, сөз аралығындағы фонетикалық өзгеріс екі сөзді жымдастырып, ізін білдірмей бір сөз етіп тұратынын айтады [29, 37 б.].

«Қазақ жазуындағы жетекші принцип қандай, яғни фонетикалық принцип пен морфонологиялық принциптің қайсысын ұстанып жазып жүрміз?» деген мәселе жөнінде ғалымдар пікірі бір-бірінен алшақ түседі. Шындығында, қазіргі жазуымызда сөздің түбір тұлғасын сақтап жазу да, сөздің айтылу ерекшелігін ескеріп жазу да бар екенін көреміз. Мысалы, I. Фонетикалық принцип бойынша жазу: 1) үндестік заңы бойынша жазылатын сөздер; 2) кейінгі ықпал заңына бағына жазылатын сөздер (жүрегі-жүрек, қабы-қап); II. Морфологиялық принцип бойынша жазу: 1) Сөз тұлғасын сақтап жазу (жамбады-жанбады, башшы-басшы); Осы орайда М.Жүсіпұлы қазақ орфографиясының негізгі принципі – сингармофонологиялық принцип деп көрсетіп, « Қазақ тілінің сингармофонологиялық принципі үш түрлі орфографиялық принципті қамтиды: а) морфологиялық, себебі: морфема әрқес бір түрлі жазылады; ә) фонетикалық, себебі морфема, сөз көбінесе айтуынша жазылады; б) фонологиялық (фонемалық), себебі: морфеманың құрамында әр кез бір түрлі фонемалар қоры сақталады», - дейді [27, 157 б.].

Жазудан айту басым болған кезеңдегі «оқымаған» халық орыс тілінен келген сөздерді өз тілінің ұлттық бояуымен көмкеріп, *бөтелке (бутылка)*, *бөшке(бочка)*, *бәтеңке(ботинка)*, *орыс(русс)*, *шайнек(чайник)*, *кәмпит(конфеты)*, *ұшқыш(летчик)*, *пәнер(фанер)*, *жорнал(журнал)* деп өз сөзі етіп алған еді. Осы халықтық ұстаным А.Байтұрсынұлы сияқты ғалымдар еңбектерінің негізгі тірегі болды [30]. Бірақ кейінгі кезеңде «операция», «ассимиляция», «электр», «эксковатор», «съезд», «космос», «бюджет», «атом», «театр», «архитектура», «фотография», «телеграф», «архив» т.б өзге тіл сөздері тау суындай тасқындап тілімізге өзгеріссіз келіп жатты.

Тілді тіл етіп, бар табиғаты мен болмыс-бітімін айқындап тұратын басты заңдылықтарының бірі - дыбыстардың бір-бірімен көрші тұруы, тіркесуі. Қазақ тілінде буын, сөз ішіндегі және сөз бен сөз аралығындағы дыбыстар өзара келісіп, үйлесіп, үндесіп, басқаша айтқанда бір-бірімен қол ұстасып, жарасым тауып, үндестік заңына бағынып тұрады. Бұл заңнан тысқары тұрған дыбыс, буын не сөз болмайды. Ал тілінде үндестік заңы емес, сөз екпіні үстем орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің басты заңдылығына кері әсер етіп келеді. Сондықтан қазақ тіліндегі әр сөздің табиғи бояуы дыбыстар тіркесі арқылы, яғни үндестік заңы арқылы танылады. Орыс тілі және осы тіл арқылы дауыстының не бірнеше дауыссыздың сөз ішінде, әсіресе, бір буында қатар келуі қазақ тілінің табиғатына жат тіркесімдер болып табылады. Осындай тіркесі бар сөздер қазақ сөзінің ұлттық бояуына дақ түсірді. Мысалы: *поэма, дуэт, какао, соус, оазис, Аида, Раиса, Зоя*, сияқты т.б сөздер

тіліміздің айтылым табиғатына сай келмей тұр. Кейбір ғалымдар «қазақ тілінде сингармонизм елеулі өзгеріске ұшырады» деген пікір айтып, аралас буынмен жазылған кейбір сөздердің «естілімі әуезді де әсем ырғақты» айтылатынын тілге тиек етеді. Шындығында, аралас буынмен жазылса да, «бидай», «ғибрат», «жиһаз», «жина» т.б. сөздердің орфоэпиясы аралас емес екенін ескеру керек [31].

Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері жөнінде зерттеу жүргізген ғалым Н.Үәлиев айтылған сөзді арнайы таңбалармен жазу мәселесін дыбыс – фонема – графема - әріп байланыстары арқылы түсіндіріп, инвариант – вариант тұрғысынан талдайды [32, 14 б.]. Сондықтан латын әліпбиіне көшу жұмыстарында дыбыс – фонема – графема - әріп байланыстарын терең түсінетін ғалымдар Ә.Жүнісбек, Н.Үәли, Қ.Күдерінова сияқты т.б. фонолог мамандардың сөзіне құлақ қойған жөн деп білеміз. Латын графикасына (таңбасы) негіздерген қазақ әліпбиін жасау ісінде тіліміз дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әр түрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс. Сондықтан Әліпби жобасын жасау ісінде латын графикасын қазақ әліпбиіне икемдеу бағытында өзінің салмақты ойлары мен ғылыми маңызды зерттеулерін көп талқысына ұсынып жүрген білікті ғалым Әлімхан Жүнісбек еңбектерінің маңызы зор деп білеміз. Қазіргі таңда Ә.Жүнісбек бастаған ғалымдар қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонеманы (9 дауысты, 19 дауыссыз) латын графикасымен таңбалап, жаңа қазақ әліпбиін дайындап отыр [33]. Бұған қоса, кірме сөздерді таңбалау үшін «в», «ф», «h» әріптері де әліпбиге алынуы мүмкін. Себебі бұл әріптер 1938 жылы әліпбиімізге енгізгелі қазақ тілінде әбден орнығып, біздің еркімізден тыс 80 жылға жуық уақыт қазіргі сөйлеу тіліміздегі болып жатқан үдерістерді таңбалап жүр деген көзқарас бар. Сөйтіп, ғалымдар шамамен 31-32 әріптен тұратын әліпби жасауды нысана етіп отырған сияқты. Бұл бұрынғы 42 әріптің қысқарып, шамамен 10 таңбасы алынып тасталынатынан көрсетеді. Мысалы, бұрынғы әліпбиде «ащы», «тұщы» және өзге тілден келген «щетка», «щи» деген санаулы сөзді таңбалау үшін арнайы «щ» әрпі алынған болса, енді осындай әріптердің қысқаруы нәтижесінде кірме әріптерге қатысты 30-40 басы артық ереже өзінен өзі жойылып кетеді екен. Сондықтан қазір Ә.Жүнісбек, Н.Үәли сияқты ғалымдар қазақ әліпбиін латын графикасына көшіріп қана қоймай, бұл жұмысты одан әрі қазақ жазуын реформалау (қайта қарастыру) ісімен байланыстыру қажеттігін айтып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар // 12 сәуір 2017.
- 2 Дирингер Д.Д. Алфавит: пер. С англ. / общ. ред., предисл. и прим. И.М.Дьяконова. -Москва: Изд-во иностранной литературы. 1963. -656 с.
- 3 Истрин В. А. Развитие письма. Изд-во Академии наук СССР. 1961 – 396 с.
- 4 Федорова Е.В. Введение в латинскую эпиграфику. -Москва: Изд-во Моск. ун-та. 1982. -256 с.
- 5 Люблинская А.Д. Латинская палеография. -Москва: Изд-во Высшая школа. 1969. -192 с.
- 6 Алтынбек Шәріпбай. Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру мәселелері. Астана. 2017 – 136 бет.
- 7 Газиева И. А. Латынь и римское право. Москва: Экзамен. 2004. – 336 с.
- 8 История письма: Эволюция письменности от Древнего Египта до наших дней: пер. с нем. Г. М. Бауэра. -Москва: ЭКСМО. 2002. -400 с.
- 9 Юшманов Н.В. Ключ к латинским письменностям земного шара. Москва: Издательство академии наук СССР. 1941. – 85 с.
- 10 Добиащ-Рождественская О.А. История письма в средние века. Руководство к изучению латинской палеографии. -Москва: Изд-во Книга. 1987. -317 с.
- 11 Фридрих И. История письма: пер. с нем. вст. Статья и коммен. И.М.Дьяконова. -Москва: Наука. 1979. -463 с.
- 12 Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. -Алматы: Мектеп. 2003. -368 С.
- 13 Алпатов В.М. 150 языков и политика: 1917-2000. -Москва: КРАФТ, ИВ РАН. 2000. -224 с.
- 14 Даутов А.Х., Мамышева Е.П. Из истории латинизации национальных алфавитов СССР // Вестник СПбГУ. Сер.2.2011. Вып.2
- 15 Исаев М.И. О языках народов СССР. -Москва: Наука. 1978. -217 с.
- 16 Исаев М.И. Языковое строительство в СССР (процессы письменности народов СССР). -Москва: Наука. 1979. -350 с.
- 17 Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары. -Алматы. 2007. -194 б.
- 18 Әміржанова Н.С. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 жж.). -Алматы: [Б. ж.]. 2009. -24 б.
- 19 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2010. -608 б.
- 20 Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. Ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. -Астана. 2012. -112 б.
- 21 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. -Алматы: Ана тілі. 1992. - 414 б.
- 22 Қазақ грамматикасы. -Астана: Астана полиграфия. 2002. -784 б.
- 23 Байтұрсынұлы А. Емле туралы // ҚР БЖҒМ ҒА Хабарлары. 2000, №3. - 10 б.

Қосымша:

- 24 Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. -Алматы: 2010. - 269 б.
- 25 Всесоюзный тюркологический съезд I.26/II-5/III-1926. Баку,1926.-426с.
- 26 Аманжолов С. Новый казахский алфавит (на основе русской графики) и орфография (проект) Социалистік қазақтан №180, 8 август 1939 ж.
- 27 Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингармонизма. -Ташкент: Үзбекистан. 1995. -176 с.
- 28 Сауранбаев.Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары.-Алматы: Ғылым, 1982. -351 б.
- 29 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. -Алматы: Зият Пресс. 2004. -140 б.
- 30 Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. -Алматы: Ғылым. 1998. -216 б.
- 31 Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі // Құрастырған: Н.Үәлиұлы, К.Күдеринова, А.Фазылжанова. -Алматы: Арыс. 2004. -784 б.
- 32 Үәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. -Алматы: КДА. 1993. -25 б.
- 33 Жунисбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазху реформасына айналдыру керек. -Орал: Ағартушы. 2007. -32 б.